

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫ ДАМУ
ЖАҒДАЙЫНДА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОРГАНИЗАЦИИ ВНЕКЛАССНОЙ РАБОТЫ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ
ОБУЧЕНИЯ НА ТРЕХ ЯЗЫКАХ В МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛАХ**

Астана 2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 22 қазандағы №11 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 11 от 22 октября 2018 года).

ШЖМ үш тілде оқытуды дамыту жағдайында сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік ұсынымдар - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 250 б.

Методические рекомендации по организации внеклассной работы в условиях развития обучения на трех языках в МКШ.

Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 250 с.

Бұл әдістемелік құралда ШЖМ жағдайында үш тілде оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері, ШЖМ үш тілде оқытуды дамыту жағдайында сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, сондай-ақ іс-шаралар жоспарларының үлгілері берілген.

Жинақ білім беру қызметкерлеріне және шағын жинақты мектептердің мұғалімдеріне арналған.

В методических рекомендациях представлены особенности организации обучения на трех языках в условиях МКШ, рекомендации по организации внеклассной работы в условиях реализации обучения на трех языках в условиях МКШ, а также образцы планов-конспектов проведения мероприятия.

Сборник адресован работникам образования и учителям малокомплектных школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018
© Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2018

Кіріспе

Кез келген елдің келешегі мектепте анықталып және қалыптасады. Бұл кез-келген басқа саланың қызметінен білім берудің маңыздылығын ерекшелейді. Қазір білім беруге жұмсалғандар жылдар өткен сайын жетіліп ұлттың, халықтың, тұтастай алғанда елдің болашағын қалыптастырады.

Ерекше тарихы мен геосаяси жағдайы бар Қазақстан үшін, қоғам мен тұтастай алғанда елді одан әрі дамытудағы және білім беру жүйесіндегі басымдықтардың бірі үш тілде білім беруге көшу болып табылады.

Үш тілде білім беруге кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында үштілді білім берудің міндетін тағы да: «Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде» - деп айқындап берді [1].

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, көптілділіктің әлемде таралуы – экономика, саясат, мәдениет және білім беруде болып жатқан түбегейлі өзгерістермен ескерілген заңды процесс. ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасына сәйкес «көптілді білім беру» ұғымы, білім беруде кем дегенде үш тілді: ана тілін, ұлттық және халықаралық тілді пайдалануды көздейді.

2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамытудың жол картасына сәйкес:

- оқыту тілі қазақ тілінде емес мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін (5-сыныптан бастап) қазақ тілінде оқыту;

- оқыту тілі орыс тілінде емес мектептерде «Дүниежүзі тарихы» пәнін (5-сыныптан бастап) орыс тілінде оқыту;

- оқыту тіліне қарамастан барлық мектептерде 10-шы және 11-ші сыныптарда «Информатика», «Химия», «Физика», «Биология» пәндерінен (білім алушының таңдауы бойынша) екі пәнді ағылшын тілінде оқыту *қарастырылған*.

Алайда, өз ана тіліндегі емес пәндерді табысты меңгеру үшін сол тілді жақсы меңгеру қажет, мұнда маңыздысы – тілдік практика. Нақты тілдік қарым-қатынасты және қажетті тілдік құралдарды қолдана отырып, балалардың тілдік тәжірибесін қалыптастыру шағын жинақты мектептер (бұдан әрі – ШЖМ) жағдайында кейде қиын екені ешкімге құпия емес. Тілдік білімді және тілдік байланысты қолдану оқу іс-әрекетінде ғана емес, сабақтан тыс жұмыс кезінде де жүзеге асырылуы тиіс. Бұл проблеманы шешуде, мақсатты сыныптан тыс жұмыс үлкен рөл атқаруы мүмкін.

Бұл әдістемелік құралдың *мақсаты* ШЖМ-де үштілді оқыту жағдайында сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді әдістерін іздестіру болып табылады.

Оның міндеттері:

- көптілді білім беру бойынша әлемдік тәжірибені зерделеу;

- Қазақстан Республикасы шағын жинақты мектептерінің үштілді білім беру тәжірибесін зерделеу;

- үштілді білім беру идеяларын жүзеге асырудағы сыныптан тыс жұмыс түрлері мен әдістерін анықтау;

- ШЖМ-дегі үштілді білім беруді ескере отырып сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Әдістемелік құралдың *ғылыми жаңалығы* – ШЖМ білім алушыларының тілдік біліктіліктерін дамыту, пәндік білімдерін қолдану және ой-өрісін кеңейту мақсатында, сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды үш тілде жүргізудің практикалық қажеттілігі мен ғылыми-теориялық мүмкіндіктерін негіздеуде.

Әдістемелік құралдың *практикалық маңыздылығы* Қазақстан Республикасы шағын жинақты мектептерінің нақты оқу-тәрбие процесінде зерттеу нәтижелерін қолдану мүмкіндігінде.

Шағын жинақты мектептегі сыныптан тыс жұмыстың ерекшеліктері субъективті жағдайлармен ғана емес, бірқатар объективті жағдайлармен:

- үлкен қалалардан қашықтығымен;
- халық санының аздығымен;
- елді мекендегі мәдениет орталығының жоқтығымен;
- коммуникацияның тұрақсыздығымен (электр жарығы, ғаламтор, байланыс, теледидар және т. б.);
- мектепте сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушының жоқтығының жиі кездесуімен де *анықталады*.

Шалғай ауылды жерлерде өсіп келе жатқан балалар, тәрбиелеудің өзіне тән ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Шағын елді мекендерде барлығы бірін-бірі біледі, балалар неғұрлым ашық және қарым-қатынас жасауда мейрімді. Бұл өз кезегінде ШЖМ-де сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру кезінде бірқатар артықшылықтар да жасайды.

Шығын жинақты мектептің заманауи мұғалімі, ШЖМ жағдайында үштілді оқыту жағдайында сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын негізгі талаптарды:

- сабақтан тыс жұмысты ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін тандап алу және оларды үштілді білім беру аясында жұмыс істеу жағдайларына бейімдеуді;
- тілдік коммуникацияны қамтамасыз ету үшін әртүрлі жастағы топтардың балаларымен жүргізілетін сабақтан тыс жұмыстың оңтайлы әдістерін құрастыру және пайдалануды;
- тілдік дағдыларын, пәндік білімін, коммуникативті біліктіліктерін жүзеге асыру бойынша сабақтан тыс сабақтарды өткізу кезінде білім алушылардың өзіндік әрекеттерін ұйымдастыруды;
- пәндік білімнен пәнаралық кіріктіруге көшуді жүзеге асыра білуді;
- білім алушылардың тілдік дайындығын, оларды оқытуда даралау мен саралауды, коммуникативтік тәжірибесін ескере отырып, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың технологиясын тандап алуды *ескеруі тиіс*.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру заманауи қазақстандық қоғамда әр адам үшін мұқтаждық және қажеттілікке айналып отыр. Осыған байланысты мектепте оқытуда, әлемдік кеңістікте және өз елінің аясында түрлі мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесу және араласа білуді балалардың бойында қалыптастыру алдыңғы орынға шығады. Білім алушылардың тілдік дайындық деңгейін арттыру тілдік қарым-қатынасқа, осындай қарым-қатынасқа ынталандыру жағдайын жасауға тікелей байланысты.

Сабақтан тыс жұмыс, балалар ұжымының жұмысын (мектеп театрларында спектакльдер көрсету, конкурстар өткізу, халықаралық іс-шараларға қашықтықтан қатысу және т.б.) үш тілде ұйымдастыру үшін мүмкіндік туғызады.

Тілдік тәжірибе мен тілдік оқыту мүмкіндігімен бірге тәрбиелік мақсаттар да жүзеге асырылуда. Тілдік оқытудың тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктері, білім алушылардың мәдениетаралық және конфессияаралық байланыстарды тәртіпке келтіруге жәрдемдесуі, ғылыми және шығармашылық әрекеттерден бастапқы тәжірибе жинақтауы, басқа елдер мен халықтардың рухани құндылықтарына сыйластықтағы көзқарасты қалыптастырудан көрінеді.

Бұл, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру кезінде мәдениетаралық қарым-қатынас үшін қажеттілікке ие болатын, тұлғаның қасиеттерін дамытуға назар аударылатынын білдіреді. Бұл тәсіл бірнеше міндеттерді шешуге:

- кіші Отан туралы, оның өзіндік қалыпы, мәдениеті, дәстүрлері туралы түсінік қалыптастыруға;

- өз өлкесінің тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті туралы алынған ақпаратты таратуға жағдай жасауға;

- мәдени-білім беру кеңістігінде әрбір адамға өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге *мүмкіндік береді*.

Осылайша, көптілді білім беруді енгізу инновациялық даму міндеттерін шешуге педагогикалық ұжымның дайындығын қамтамасыз етуді көздейді, ал сыныптан тыс жұмыс шағын жинақты мектепте үштілді білім беруді жүзеге асыру бойынша жұмыс түрлерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл ретте сыныптан тыс жұмыс тілдік білім беруді, қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруді, сондай-ақ пәндік және пәндік емес білім, біліктілік пен іс-әрекет тәсілдерін қолдануды өзіне кіріктіре алады және кіріктіруі тиіс.

1. Шағын жинақты мектеп жағдайында үш тілде оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері

«Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт»

А. Байтұрсынов

Әрбір мемлекетті белгілі бір уақыттың тарихи кезеңінде бірнеше базалық белгілер ерекшелендіреді, ол: оның аумағы, тілі мен діні. Бұл белгілердің біреуін жоғалту, сайып келгенде бүкіл мемлекеттің жойылуына алып келеді деп есептеледі. Бұл белгілер халықтар тарихы бойы ешқандай елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ деу аңғырттық болар еді. Дегенмен, біз бүгінде өзінің этникалық тілін, дінін және қандай да бір шепте егеменді аумағын сақтап қалған көптеген ежелгі халықтарды білеміз. Барлық мемлекеттердің онан арғы тағдыры екі негізгі мақсаттарға байланысты – бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мәдени бірегейлігін сақтау. Бұл бір-біріне қайшы келетін мақсаттар заманауи білім беруге де қойылады [2].

Ірі өркениеттердің мүдделерінің тоғысуында, Еуразияның жүрегінде орналасқан Қазақстанға көпмәдениеттілік пен төзімділік әрқашан қажет болды. Ұлы Абай қоғамның дамуының маңызды факторы тілде екенін көріп білді. 25-ші қара сөзінде ол былай дейді: «Басқа ұлттың тілі мен мәдениетін зерделей отырып, адам олармен тең болып, түк емес өтініштермен қорланбайды». Абай орыс тілін «олардың жетістіктерінен үлгі алу», «олардың ғылымын ұғыну үшін үйренуге шақырады. Өйткені орыстар өзге тілді біле отыра, әлемдік мәдениетке араласа отырып өздері қандай болса, содай болып қалып отыр» [3]. Шоқан Уалиханов та ағартушылық еуропалық және жалпы адамзаттық болуы тиіс деп санаған.

Бұл өсиеттер қазірдің өзінде, 21-ғасырда да өзекті. Тарихи, геосаяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлар халықаралық тілдерді оқу маңыздылығын алдыңғы қатарға шығарып отыр.

Рас, барлық тілдердің ғылымда, әдебиетте және АКТ-технологиясында мәртебесі бірдей емес. Index Translationum жобасының мәліметтеріне сәйкес ағылшын тілі 1979 жылдан бастап 2007 жылдары үстемдік жағдайға ие болып келеді [4, С88].

Интернетте де шамамен ұқсас көрініс бар. «W3techs.com» ресурсының деректері бойынша бүкіләлемдік тордың 52,3% контингенті – ағылшын тілінде. Мұнда орыс тілі мен қазақ тілінің үлесі сәйкесінше 6,5% және 0,008%-ды құрайды [5]. Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдары саласында ағылшын тілі «лингва-франка» мәртебесіне ие, яғни халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланылатын тіл.

Әлемде көптілділіктің таралуы – экономика, саясат, мәдениет және білім берудегі түбегейлі өзгерістер себеп болып отырған заңдылық процесс екенін заманауи зерттеулер көрсетіп отыр. ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасына сәйкес «көптілді білім беру» ұғымы білім беруде кем дегенде үш тілді пайдалануды көздейді: ана тілін, ұлттық және халықаралық тілі. Бұл тілдерді қолдану «білім беру сапасының маңызды факторы» болып табылады [6].

Қазақстанда тілдердің үштұғырлық идеясын Н. Назарбаев 2004 жылы атап айтты. Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында 2006 жылғы қазан

айында Президент кем дегенде үш тілді білу біздің балаларымыздың келешегі үшін маңызды деп тағы да атап көрсетті. Ал енді 2007 жылы Н. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңмен жүзеге асыруды ұсынды, осыған сәйкес үш тілді: қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін «Қазақстан халқы үш тілді пайдаланатын, жоғары білімді ел ретінде бүкіл әлем қабылдайтын» жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде дамыту қажет.

Ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде және халықаралық қарым-қатынас құралы болуы себепті, көптеген дамыған елдерде көптілділік негізін ағылшын тілі құрайды. Соңғы деректер бойынша Қытай мен Жапонияның ағылшын тілін ерте оқытуды мемлекеттің ойдағыдай дамуының кепілі ретінде қарастыруы ерекшелік емес.

1998 жылы Австрияда (Грац қ.) Еуропа Кеңесінің «Language Learning for european citizenship» жобасы аясында шет тілін ерте оқыту проблемаларына арналған халықаралық семинар болып өтті. Бұл семинар Еуропа Кеңесіне қатысушы елдердің, Ресейді қоса алғанда шет тілі пәнін бастауыш мектеп бағдарламасына енгізуге байланысты ғылыми зерттеулер мен көпжылдық тәжірибелердің қорытындысын шығарды. Семинарда, жүзеге асырылуы шет тілін бастауыш оқыту кезеңіне (5-6 жастан 10-11 жасқа дейін) табысты енгізудің іргетасы ретінде қарастырылуы мүмкін ұсыныстар тұжырымдалды. Бұл ұсыныстар жалпылама түрде былайша берілген болуы мүмкін.

Шет тілін оқыту Еуропада бастауыш білім берудің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Балаларға заманауи қоғам өміріне белсенді және жан-жақты қатысудағы оларға қажетті базистік біліктіліктерді меңгеруге көмектесу үшін, еуропалық бастауыш мектептері өз оқу бағдарламаларына шет ел тілдері мен мәдениетін оқуды енгізулері керек.

Әр елдің бастауыш білім беру жүйесінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, төменгі сынып білім алушыларының шет тілін меңгеру процесі кез келген жағдайда, егер:

- шет тілін оқуды 9 жасқа дейін бастаса;
- шет тілін оқыту процесі, оның мазмұны мен технологиясы бастауыш мектептің оқу жоспарына органикалық тұрғыда енгізілсе;
- шет тілін оқыту тәжірибелі және жоғары білікті мұғалімдермен жүзеге асырылса *табысты болады.*

Тұтастай алғанда шет тілін оқыту білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетіне ие болуына бағытталған, ал бастауыш мектеп олардың бойында осы қабілеттердің онан әрі қалыптастыру үшін мықты іргетасын қалауға міндеттелген.

Тілдік білім берудегі сабақтастық мәселесі маңызды болып табылады. Орта мектепте шет тілін оқыту бағдарламалары білім алушылардың бастауыш мектепте жинақтаған тәжірибесіне бағдарлай отырып әзірленуі тиіс.

Қытайдың оқу бағдарламаларында ағылшын тілі 2-сыныптан және одан жоғары қарай қарастырылған, бұл ретте ірі қалалардағы балалар оны 5 жастан бастап үйрене бастайды [7]. Жапония Үкіметінің жоспары бойынша ағылшын тіліне 2018 жылдан

бастап 3-4 сыныптарда аптасына 1-2 сағат, 5-6 сыныптарда аптасына 3 сағаттан бөлінеді. Жапония Азияда ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша көшбасшы болуға ниетті [8].

Шағын жинақты мектептердің рөлі көпшілік жағдайда нақты бір елдің немесе аймақтың демографиялық, экономикалық және саяси тұрмыстық жағдайларымен анықталады. Мұндай мектептер әлемнің көптеген елдерінде: Ресей, АҚШ, Батыс Еуропа елдері, Финляндия, Жаңа Зеландия және т. б. – негізінен ауылдық жерлерде таралған.

Шағын жинақты мектептердегі көптілді білім беру мәселесін шешуде, оң тәжірибесі бар елдердің білім беру саясатын толығырақ қарастырайық.

Жаңа Зеландия, мұнда ағылшын тілі, маори тілі, сондай-ақ жаңа зеландияның ымдау тілі елдің ресми тілдері болып табылады, сонымен қатар шағын жинақты мектептерінің көптілді білім беруден тәжірибесі бар. Бұл елде Kura Каурара Māori (сөзбе-сөз аударғанда «Маориялық мектеп жобасы») атты мектептер желісі бар, олардың көпшілігінде сабақ беру екі тілде: ағылшын және маори тілдерінде жүргізіледі.

Kura Каурара Māori мектебін құру, маори тілі жойылып кету алдындағы қиын кезеңде тұрғаны туралы зерттеуші Ричард Бентонның 1971 жылғы баяндамасынан кейін іле пайда болды. 1980-ші жылдары маори қауымының тілінен, білімінен және мәдениетінен айрылып қалуына соншалықты алаңдаушылық танытып, істі өз қолына алды және мектепке дейінгі, бастауыш мектеп, орта мектеп және жоғары оқу орындарында өз оқу орындарын құрды.

Kura Каурара Māori мектептері қызметінің негізгі бағыты білім алушылардың бойында маори тілін үздіксіз және тұрақты түрде дамыту болып табылады. Сонымен қатар ата-аналар қауымдастығына, маори тілінен басқа, әлемдік кеңістікте олардың балаларына бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін ағылшын тілінің негізгі дағдыларын да оқытып, үйрету қажет. Kura Каурара Māori мектептері үшін бұл тілдік мәселе, екі тілдің де дамуындағы оңтайлы нәтижелерін анықтау тәсілдерінің бірі болып отыр.

Кейіннен барлық Kura Каурара Māori мектептері басшылыққа алуға тиіс, принциптері сипатталған «Te Aho Matua» құжаты әзірленді.

«Te Aho Matua» (сөзбе-сөз аудармасы «Негізгі желі») алты бөлімнен тұрады:

1. Te Ira Tangata (адам болмысы) баланың табиғатын рухани, физикалық және эмоциялық қажеттіліктері бар адам ретінде ұғындырады;

2. Te Reo (тіл), тіл саясатына қатысты және мектептер өз білім алушыларымен тілді оқуға қалай ықпал етуі мүмкін;

3. Ngā Iwi (адамдар), балалардың дамуына әсер ететін әлеуметтік институттарға, яғни қоршаған әлемді зерделеу және өзінің орнын табу барысында олармен өзара әрекеттесетін барлық адамдарға фокусталады;

4. Te Ao (әлем), адам өміріне әсер ететін өмір сүру жағдайлары ретіндегі қоршаған ортамен ісі бар;

5. Ahuatanga Ako (оқыту мән-жайлары), оқытушыға және тікелей оқыту процесінің өзіне қойылатын ұлттық оқу бағдарламаларының талаптарын сипаттайды;

6. Ngā Tino Uaratanga (негізгі құндылықтар), мектепті бітірген білім алушылардың жетістіктері қандай болуы мүмкін екеніне фокусталады және мектеп өз білім алушыларының бойында дамытуға ұмтылатын жеке қасиеттерін анықтайды.

«Te Aho Matua» - да сипатталған негізгі принциптер арасында Жаңа Зеландияда ғана емес, барлық жерлерде де қабылдануы мүмкін болатыны аз емес:

- мектептің рөлі мансапқа бағдарлау емес, білім алушыларды жан-жақты дамыту;

- барлық адамдарды жасына, дініне, түсіне, жынысы немесе наным-сеніміне қарамастан құрметтеу керек, сондықтан ешкімге қатысты сенім көрсетуге, қадір-қасиетін кемітуге, ешкімді жәбірлеуге болмайды;

- ойлаудың барлық түрлерін және оқытуда барлық сезім мүшелерін: есту, көру, бақылау, иіс сезу, талдау мен жинақтау, ұсыну мен жорамалды тексеруді және т.б. пайдалануды мадақтау маңызды;

- мектепте білім алушыларды оңтайлы білім алу тәсілін табуға ынталандыратын және оқытудың әр түрлі мәнерлерін ескеретін оқыту әдістері қолданылуы тиіс;

- қоршаған әлемді зерттеуге қызығушылық тудыруға түрткі болатындай оқу ортасын құру;

- өздігінен білім алуын дамытуда жекелеген балаларда болатын ерекше мүдделерді қарастыру қажет (инклюзивті білім беру принциптері);

- мектеп өз өмірінде өздері ұнатып осы бойынша жүреміз деген әрбір білім саласына пайда келтіруге қабілетті «еркін, ашық және өтінуші ойды» дамытуы тиіс;

- және басқалар.

Тілдер мәселесіне қатысты Те Рео бөлімінде келесі принциптер көрсетілген:

- барлық тілдерді құрметтеу;

- мектептің білім алушыларының маори тілінде және ағылшын тіліндегі толық құзыреттілігін күту;

- тілдік құзыреттілікті неғұрлым тез дамытатын толық енуге артықшылық беру;

- толық енумен қатар билингвалды құзырет екі тілді елеусіз бөлу арқылы тез дамытынын ұмытпайды және сондықтан, екі тілді араластыру немесе кодтық ауыстырып қосу қабылданбайды;

- және басқалар.

Нәтижесінде Kura Каурара Māori мектептерінің түлектері ағылшын тілін де, маори тілін де толыққанды игерулері, екі тілде ауызша және жазбаша түрде өз ойларын еркін және жетік жеткізе білулері, сондай-ақ есту арқылы да, қағаз/электрондық тасымалдағыштар арқылы да ақпаратты екі тілде қабылдаулары тиіс.

«Te Aho Matua» принциптері табысты жүзеге асырылып жатқан Kura Каурара Māori жүйесіндегі мектептерінің бірі Роторуа-дағы, Те Kura Каурара Māori o Te Koutu болып табылады. Бұл мектеп 1-сыныптан бастап 13-сыныпқа дейін (5 жастан 17 жасқа дейін) ұлдарға және қыздарға білім береді. 1993 жылы мектеп құрылған кезде, онда барлығы 20 білім алушыдан сәл астам білім алушы оқыды, қазір білім алушылардың саны шамамен екі жүз адамды құрайды. Мектептің ерекшелігі жүргізілетін спорттық және мәдени іс-шаралар кең диапазоны, сондай-ақ екі мемлекеттік тілден басқа испан тілін де оқу болып табылады.

АҚШ. АҚШ-та шағын жинақты мектептерде полилингвалды оқытуды тарату – педагогикалық және әлеуметтік себептер кешенінің, соның ішінде ұлтаралық қарым-қатынас ниетінің, «тілдік ұлтшылдықтың» (тілдің көмегімен мәдени тамырларды сақтап қалуға ұмтылу) өсуінің және т.б. нәтижесі.

Полилингвалды оқыту 22 штаттың заңнамасымен бекітілген. Гавайяда ағылшын және жергілікті тілдер тең оқыту тілдері болып есептеледі. Билингвалді оқыту федералдық қорлар және бағдарламалар тарапынан қолдау табуда. Олардың ішінде, мектепте ана тілін пайдалануды көздейтін арнайы баламалы (Special Alternative Instructional Program) бағдарламалар бар. Ресми тілде сөйлей алмайтын білім алушылар, сабақты ағылшын тілінде өтеді. Оқыту жекеменшік оқу орындарында да: ағылшын және этникалық азшылық ұлттар тілінде ұйымдастырылады. Ана тілінде, «қарапайым» ағылшын тілінде оқытатын сыныптар, сондай-ақ білім алушылары ағылшын тілін меңгеруде қиналмайтын аралас сыныптар құрылады. Оқылатын материалының көлемі мен тереңдігіне байланысты, сыныптар әр түрлі деңгейлерге бөлінеді.

Канада. Шағын жинақты мектептерде көптілді оқытудың танымалдығы, Канаданың этникалық қауымдарының өзіндік мәдени идеалдарын игеруге, бұл ана тілін жақсы білмей қиын болатын, сондай-ақ мемлекеттік (ағылшын және француз) тілдерін меңгермей мүмкін болмайтын өмірлік табысқа жетуге деген ықыласына негізделген.

Канадада оқудың басынан бастап екінші тілді оқыту қолданылады – ерте жаппай енгізу (early total immersion). Модель екі нұсқада тәжірибеде қолданылады. Біріншісі (байыту нұсқасы) француз тілін оқу кезінде ағылшын тілді халықпен пайдаланылады. Бұл жағдайда оқыту, француз тілін оқыту тілі ретінде пайдалану атмосферасында қарқынды өтеді. Екіншісі (өту нұсқасы) азшылық ұлттардың балалары бірте-бірте француз және ағылшын тілдеріне араласудан тұрады. Бұл ретте оқу бағдарламасының басым бөлігі ресми тілдерінде, ал қалғаны – азшылық ұлттардың тілінде оқытылады.

Канадада қолданылуға қатысты көптілді оқыту туралы айтуға болады. Сонымен қатар, шын мәнінде екі ұлттық тілді оқу міндетті – ағылшын және француз, мұра деп аталатын сыныптарда көп тілді оқыту кеңінен таралған, мұнда балаларды шағын субмәдениеттен тарихи отаны тіліне бейімдейді. Мұра сыныптар жаппай тәртіппен алты провинцияда ұйымдастырылған. Оларда ағылшын және француз тілінен басқа, қандай да бір шағын ұлттық топтың тілінде оқытады. Мұра сыныптары сабақтан тыс уақытта, немесе оқу орындарының аясында жұмыс істейді. Мемлекеттік қаржылық қолдау табуы үшін мұра сыныптарының білім алушылары бағдарламаның ағылшын және француз бөлімдерін тиімді меңгергендерін көрсетулері керек.

Батыс Еуропа. Батыс Еуропада полилингвалды оқыту, мәдениетаралық диалогтың және ұлттық төзімсіздікке, жатсынушылыққа қарсы тұру шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Интеграцияланған Еуропаның ұлттық органдарымен тиісті білім беру жобалары дайындалып және іске қосылды: «Өңірлік тілдер мен азшылық тілдер туралы еуропалық хартия» (1992), «Әр алуандық, әртараптандыру, азаматтық» (2001) және т.б. Жобаларды енгізу, «өзге ұлт өкілдерінің көзқарастары мен нанымын, құндылықтары мен дәстүрлерін қабылдауға, түсінуге және құрметтеуге» үйретуі, «аз ұлттардың тілдерін оқытуға ықпал етуі», «Еуропаның

лингвистикалық және мәдени әр алуандығы туралы түсінікті білім алушылардың бойында оқу жылының бірінші күнінен бастап қалыптастыруы» тиіс.

Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңесі оқу материалдарының барлық еуропалық мемлекеттік тілде таралуына, заманауи коммуникациялық және ақпараттық технологиялар тілдерін зерделеуде пайдалануға бастамашылық етеді. Ана тілі емес тілді бастапқы меңгеру деңгейін ескеру, ана тілі емес тілде қарым-қатынас жасауда сөйлеу дағдыларын мадақтау және т.б. ұсынылады.

Батыс Еуропаның жалпы білім беретін оқу орындарындағы, сонымен қатар шағын жинақты (small-scaled) мектептерде полилингвалды оқытудың схемасы келесідей: білім алушыларға үш тілді: ана тілін, Еуропалық Одақтың жұмыс тілдерінің бірін, сондай-ақ Еуроодақ елдерінің кез келген басқа да мемлекеттік тілін меңгеру қажет.

Шағын ұлттық топтардың лингвистикалық даярлық проблемасы ерекше орын алады, өйткені билингвальді оқыту, шағын ұлттық топтардың дамуының маңызды кепілдігі ретінде қарастырылады. Мұғалімдерге елеулі қиындықтарды жеңіп шығуға тура келеді: шағын субмәдениеттің білім алушылары ана тілі емес тілді көбінесе нашар меңгерген; сыныптан тыс уақытта, отбасында, олар ана тілін пайдаланғанды артық көреді. Германияда, Швейцарияда, Финляндияда білім алушылардың 54-тен 66 % дейінгілері солай істейді.

Батыс Еуропаның жекелеген елдерінде полилингвалды оқыту дәстүрі ерекше қалыптасқан. Мәселен, Испания полилингвалды оқыту білім беру және мәдениет саласында баскалар мен католондықтардың лингвистикалық өзінділіктерін көрсету ретінде ғана емес, олардың автономиясының маңызды негізі ретінде де қарастырылады. Мемлекет каталон тілінде және баскалар тілінде оқыту құқығына кепілдік береді. Каталония мен Баска елдерінің заңдары білім алушылардың екі тілді (түбегейлі және испан) меңгеруін бұйырады. Оқытушылардан ежелгі тіл және испан тілдерін білуі талап етіледі.

Каталонияда жалпы білім туралы куәлік, ежелгі тілді жеткілікті білетінін расталған кезде ғана беріледі. Жалпы білім беретін оқу орындарында оқыту тілі ата-аналардың тілектеріне сәйкес таңдалады; мемлекеттік бастауыш мектептердің 99,9 %-да оқыту каталон тілінде жүргізіледі; жоғары сыныптарда испан тілінде оқыту кеңінен таралған. Жеке жалпы білім беруде өзгеше статистика. Мұнда каталон тілінде оқыту жүргізетін мектептер аз және ұқсас оқу орындары санының төмендеу үрдісі байқалды (1992 жылдан бастап 1997 жылға дейін, 70-тен 58 % дейін).

Баскалар елінде де этникалық бірегейлікті сақтап қалу тәсілі ретінде түбегейлі тілде оқыту мадақталады. Эскуара (баскалар тілі) бұл тілде осы аймақтың 2 млн. тұрғындарының 25 %-ы сөйлейді, білім берудің барлық сатыларында оқуға міндетті.

Францияда 1970 жылдың ортасынан бастап бастауыш мектептерде аймақтық тілдерді оқыту заңмен қарастырылған – карсикан, каталон, итальян, эльзас, бретон, баска және фламанд тілдерін. Билингвалды оқытудың педагогикалық келешегі Францияның теңіздің арғы беткі департаменттерінің тәжірибесі растайды. Жаңа Каледониде және Таитиде француз тілі ресми тіл, сондай-ақ оқыту тілі болып табылады. Халықтың едәуір бөлігі француз тілін ана тіліміз деп санайды. Осы тілде барлық тұрғындар сөйлейді, ол этносаралық байланыс жасауда қызмет атқарады. Таитиде француз тілінен басқа екінші ресми тіл, таити тілі болып табылады.

Таитиліктерде оқыту екі тілде (француз және таити) – ертеден келе жатқан тәжірибе. Жаңа Каледонияда, мұнда канактардың 30-ға дейін тілдері таратылған, сабақ дерлік тек қана француз тілінде жүргізіледі және билингвалды оқыту – француз және канақ тілдерінде – үзінді түрінде қалады. Жағдайды өзгерту үшін билингвалдық оқыту моделі ұсынылды, оған сәйкес ана тілі (канақ немесе француз тілі) бастапқыда оқыту тілі болып қызмет атқарады, ал «екінші тіл» (канақ немесе француз тілі) пән ретінде оқытылады. Екінші тіл ана тілін толық меңгергеннен кейін енгізілуі тиіс (екінші-үшінші оқыту жылынан бастап) және бірте-бірте оқыту тіліне айналады, бұдан әрі пән ретінде канақ тілі сияқты оқытылады.

Уэльс (Ұлыбритания) – түбегейлі азшылықтардың білім алу қажеттіліктерін полилингвалды оқыту жолымен сәтті есепке алу үлгілерінің бірі. Уэльсте 1967 ж. актімен валлий және ағылшын тілдері құқықтары жағынан теңестірілді. 1980 жылдың басына қарай валлий тілінде сөйлейтін тұрғындардың саны Уэльстің халқының (500 мың) санының шамамен 20%-ын құрады. Мектеп бағдарламасын валлий тілінде оқытын білім алушылар саны өсуде, Уэльстің түбегейлі тілінде оқытылатын орта білім беру базалық пәндерінің тізбесі артуда, осы тілді зерделеу бойынша көмек көрсетуге арналған арнайы оқу орталықтары құрылуда. Нәтижесінде бес жасқа дейінгі балалардың валлий тілінде сөйлейтіндерінің өсуі байқалады.

Көп тілде оқытудың қызық тәжірибесін кішкентай мемлекет Андорадан байқауға болады. Андоралықтардың халқының өсуі нәтижесінде, ресми тіл болып табылатын каталон тілі, абсолютті көпшілікте болуын тоқтатты. Білім алушылар француз, испан және каталон мектептеріне барады. Испан және француз тілдерінде оқытумен қатар, каталон тілі мен мәдениетін зерделеу міндетті болып табылады.

Финляндия. Бұл елдің білім министрлігі білім беру жүйесін теңестіру саясатын жүргізуде – ол, білім беру мазмұны бойынша, қол жетімділігі бойынша да барлық жерде және барлығына бірдей болуы тиіс дегенді білдіреді. Теңестіру саясаты географиялық проблемаға тығыз байланысты. Себебі, бұл білім беру парадигмасына сәйкес ел аумағы бойынша мектептердің орналасуы тығыздығы бірдей болуы тиіс. Бұл, елдің тығыздығы төмен аймақтарда белгілі бір қиындықтар туындатады.

Финляндияда барлығы жалпы білім беретін мектептер саны 4300 болып отыр. Олардың ең кішкентайында 10 білім алушы, аса ірілерінде – 900-ге дейін білім алушы бар [9].

Бұл ретте Финляндия үкіметі шалғай өңірлердің білім алушылары үшін білім алуды барынша қолжетімді ету үшін, мектептер тікелей мағынасында үйдің жанында болуы үшін қолдан келгеннің барлығын жасауға ұмтылуда. Елдің мұны қамтамасыз етуге мүмкін болмай отырған бөліктерінде, жақын орналасқан мектептерге тегін көлік жүргізіледі.

Атап айтқанда, Лапландияда – Финляндияның тұрғылықты халқы саамдар тұратын жер, шағын жинақты мектептердің саны көп орналасқан. Лапландия үкіметі шағын жинақты мектептерге және саамдардың тілі мен мәдениетінің сақталуына өте ұқыптылықпен қарайды. Мысалы, білім алушыларды мектепке жүз шақырымға дейін қашықтықтағы жерге тасымалдауға болады. Білім алушыларды тасымалдау үшін арнайы такси жалдайды, ал муниципалитет осы шығындарды төлейді. Лапландия аумағында халықтың тығыздығы салыстырмалы түрде көп емес,

қоныстанушылар арасында анық шекара жоқ. Бұл, негізінен әрқашан бұғы шаруашылығы дамыған, солтүстік аумаққа тән көрініс.

Финляндия аумағында екі мемлекеттік тіл қызмет етеді – фин тілі мен швед тілі. Мектеп білім алушылары зерделеу үшін тағы ағылшын немесе саам тілін таңдай алады. Бұл жүйенің жалпы идеясы, білім алушыларды оқыту, білім алушылардың өзара және оқытушылармен қарым-қатынас жасауы да, оқылатын тілге толық тілдік ену жағдайында өтетіндігінде. Инари-саам және колтта-саам мектептерінде мектеп алды, бірінші және екінші сыныптарда білім беру саам тілінде ғана жүргізіледі, содан кейін бірте-бірте кейбір пәндерді фин тілінде оқыта бастайды; 6-сыныпта фин тіліндегі пәндер саны олардың жалпы санының шамамен жартысына жетеді; алайда, тұтастай алғанда осы тілдерде пәндерді оқытуда елеулі қиындықтар бар, өйткені оқытушылар мен оқу материалдары жетіспейді. Инари-саам және колтта-саам тілдерімен салыстырғанда Финляндияда солтүстік саам тілі көп таралған, сондықтан солтүстік саам тілінде оқытатын мектептерде оқыту әдетте барлық пәндер бойынша мектеп 6-сыныптан 9-сыныпқа дейін осы тілде жүргізіледі; солтүстік саам тілінде оқытатын гимназиялар да бар (оларға білім алушылар 9-сыныптан кейін түседі).

Ресей Федерациясы. Ресей Федерациясының этникалық республикаларында шағын жинақты мектептеріндегі көптілді оқыту тәжірибесін қарастырайық. Ол әр түрлі болып құрылады. Мәселе, Кабардино-Балкарда ұлттық-орыс екітілді оқытуы мынадай болып көрінеді: тілдік қабілетті қалыптастырғанға дейін басымдылыққа ие оқыту тілі (этникалық) ана тілін таңдау; екінші тілге (орыс тіліне) білім алушының оны зерделеуге функционалдық дайындығы жеткен кезде көшу; содан кейін – шет тілін (ағылшын, неміс, түрік) оқыту. Дағыстанда мектепте оқыту 14 тілде жүргізіледі, бастауыш мектеп – ана тілінде, онан әрі оқыту орыс тілінде жүреді, орта мектепте шет тілі қосылады. Көптілді оқытуды ұйымдастыру кезінде, сағаттарды бөлуге, білім алушылардың шамадан артық жүктелуіне, білім алушылардың тілдік құзыреттілігінің біркелкі еместігіне және т.б. байланысты сұрақтар көптеп туындайды. Көптілді шет тілдік жағдайында тілдерді оқыту әдістемесін меңгерген мамандар жетіспейді. Оқу құралдары аз.


Саха Республикасы (Якутия) – көп ұлтты Ресейдің аймақтарының бірі, мұнда әркім әр түрлі мәдениеттер мен тілдерден тұратын көпмәдениетті ортада тұрады.

Пәнді және тілді біріктіріп оқыту тілді оқытуда екі рет енуді көздейді, сонымен бір мезгілде екі мақсатқа қол жеткізіледі – екінші тілдің көмегімен пән оқытылады және пәнді оқу арқылы академиялық тіл қалыптасады.

Саха Республикасында (Якутия) көптілді білім беруді табысты енгізу факторы ретінде тілдерді оқыту тәсілін қайта құру процесі байқалады. Мәселен, егер бұрын тілдерді оқу дәстүрлі грамматикалық және аударма негізінде құрылса, қазір – іс-әрекеттің төрт түрін (айтылым, оқылым, жазылым және тыңдалым) дамытудың коммуникативтік тәсілінде құрылады [10].

1-суретте Саха республикасының ұстаздары мен ғалымдары әзірлеген көпмәдениетті құзыреттіліктің қалыптасу моделі ұсынылған.

Көпмәдениетті құзыреттің қалыптасу моделі



1-сурет

Тілдік пәндер білім алушылардың бойында:

- функционалды сауаттылықты;
- коммуникативтік дағдыларды;
- өмір бойы білім алу дағдыларын *дамытуға бағытталған*.

Көптілді білім беруді енгізу үшін заманауи әдістемелер мен оқыту тәсілдерін енгізу талап етіледі.

Сонымен, көптілді білім беруді енгізу, инновациялық даму міндеттерін шешуге педагогикалық ұжымның дайындығын қамтамасыз етуді көздейді.

Саха Республикасында (Якутия) көптілді білім беруді табысты іске асырып жатқан мектептің бірі «Затондық НОМ» болып табылады.

«Затондық НОМ»-де көптілді білім беру жүйесін дамыту, одан әрі даму үрдісі мен бағытын анықтай отырып, заманауи әлеуметтік-мәдени ортаға білім алушылардың бейімделуі мен өзін-өзі жетілдіруге оңтайлы жағдай жасауға бағытталған. Мәселен, якут тілі – мемлекеттік тіл; оны Саха Республикасы (Якутия) аумағында тұратын әрбір азамат оқуы және білуі тиіс; Орыс тілі – көпұлтты Якутия үшін маңызды тіл болып қалып отырған ұлтаралық қатынас тілі; ағылшын тілі – ол «жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі».

2015 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, үш тілде оқытуды енгізуге жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептердің дайындығының әлемдік тәжірибесін зерттеді.

Талдау көрсеткендей, ғылыми әдебиетте екі немесе көп тілде жүйелі түрде оқыту ретінде «көп тілде білім беру» анықтамасы жалпы қабылданған. Мұндай білім беру, түрлі моделдермен және алдын ала ескерілген оқу бағдарламаларымен қамтамасыз етіледі. Барлық осы модельдерді әлсіз және әлді екі негізгі топтарға бөлуге болады. Әлсіз моделдерде ана (бірінші) тілі немесе екінші тіл, тілдік пән ретінде ғана оқытылады. Осындай модельдердің әлсіздігі, тіпті білім алушы оқуға кіріскенде екі тілді білсе де, олар көптілділікке алып келетіндігімен ерекшеленеді.

Оқыту бойы бір мектепте бірінші және екінші (кейбір елдерде үшінші) тілдер кезекпен негізгі оқыту тілі рөлін орындаған кезде, көптілді білім берудің әлді моделдері басқа тілдерге белгілі бір пайызға бойлап енуді көздейді. 2-суретте көптілді білім берудің әлсіз моделінің схемасы берілген.

Көптілді білім берудің әлсіз моделінің мысалы



2-сурет

Қазақстандағы қазіргі бұрыннан келе жатқан мектепте тілдерді оқыту, көптілді білім берудің әлсіз моделдеріне жататынын аңғару қиын емес. Қазіргі уақытта, жалпы білім беретін мектептердің түлектері ағылшын немесе басқа шет тілдерін меңгеру деңгейі әдетте төмен. Әлді моделі Қазақстанда Назарбаев Зияткерлік мектептері және бұрынғы қазақ-түрік (білім инновация лицейі) лицейлерінде пайдаланылады. Модельдің схемасы 3-суретте берілген.

2019 жылдан бастап ҚР-да жоғары сыныптарда кейбір пәндерді оқытуда көптілді білім берудің әлді моделдерінің элементтері



3-сурет

Қазақстанда ұйғыр, өзбек және тәжік тіліндегі мектептерінде көптілде оқытудың үлгісі бар. Олардың түлектері ҰБТ-ны табысты тапсырып, беделді университеттерге оқуға түсіп келеді.

Иә, бұл ЕҚЫҰ-ның қолдауымен жұмыс істейтін эксперименттік мектептер. Ана тілдерін сақтаған, диаспораның жинақы тұратын жерлерінде орналасқан осы мектептерге, көптілде білім беретін ұстаздар қажет, өйткені балалар оларды оқыту үшін қажетті деңгейінде не қазақ тілін, не орыс тілін білмейді. Олар өз ана тілінде оқуды бастайды, өйткені көпшілігінде – ол әлді диаспоралар. Бірақ оларда қолданыстағы бірінші тіл жүйесі біріктіріледі, сонан соң бірте-бірте екінші тіл (орыс тілі, ал бүгінде бәрінен бұрын қазақ тілі) және осы тілде жүргізілетін пәндер қосылады, жоғары сыныптарда бірінші, ана тіліндегі пәндер аз қалады, ал көпшілігі екінші тілде оқытылады. Және дәл мына факт, балалары өз ана тілінде оқуды бастағандығы, көбінесе олардың академиялық жетістігін дәлелдейді. Сонымен қатар, ұйғыр және өзбек тілдері қазақ тіліне ұқсас екенін ұмытпаған жөн, бұл оны меңгеруді айтарлықтай жеңілдетеді.

Қазақстан мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңмен көшу басталды. Оқу бағдарламаларын жаңартудың маңызды құрамдас бөлігі үштілді білім беруді енгізу болып табылады. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін сабақтан тыс әрекеттерді пайдалану мүмкіндігі, оқылатын тілді функционалдық қолдану үшін қарым-қатынас жасау ортасын құру, үштілділікті енгізудің үш басты құрамдас бөлігінің бірі болып табылады.

Үштілділік қазақ тілінің дамуын, орыс тілін қолдауды және ағылшын тілін енгізуді көздейді. Пәндерді үш тілде және сабақтан тыс әрекеттермен өткізу, тілдік пәндерді оқыту арқылы бұл бағдарламаны жүзеге асыру басталып кетті. Бастауыш сыныптарда оқыту сабақ беру тілінде жүргізіледі: білім алушылар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жеке пәндер ретінде оқиды. 2019 жылдан бастап негізгі мектепте (оқыту тіліне қарамастан) «Қазақстан тарихын» қазақ тілінде, «Дүниежүзі тарихын» орыс тілінде оқу қарастырылған. Және 2019 жылдан бастап жоғары сыныптарда (10-

11 сыныптар) жаратылыстану циклінің «Химия», «Физика», «Информатика», «Биология» 4 пәннің (білім алушының таңдауы бойынша) екі пәнін ағылшын тілінде оқу қарастырылған.


Қазақ, орыс тілін және шетел тілдерін меңгеру, заманауи қоғамда адамзаттың жеке және кәсіби әрекетінің ажырамас компонентіне айналуға. Тұтастай алғанда мұның барлығы, іс жүзінде және кәсіби тұрғыда бірнеше тілді меңгерген және осыған байланысты нақты мүмкіндіктерге ие болған көптеген азаматтардың әлеуметтік, сол сияқты кәсібіне қатысты аса мәртебелі жағдайды иелену қажеттілігін тудырады.

Өскелең ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға тартудағы міндеттердің бірі, әлемдік кеңістіктегі көршілес мәдениеттер өкілдерімен жасөспірімдердің араласу және өзара әрекеттесе білулерін қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты заманауи әлемдегі тілдердің рөлін түсіну, тілдерді оқыту мен білім алушылардың, сондай-ақ өз ана тілі және халықаралық қатынастар тілі – ағылшын тілін білуге тиіс мектеп мұғалімдерінің тілдік дайындығы деңгейін арттыру мәселесін алдымызға қойып отыр.

Мұғалімдер мен мектеп білім алушылары алдында тұрған басты мақсат – ол, өз халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін білетін, бірнеше тілді меңгерген, барлық жағдайларда коммуникативтік - әрекеттік операцияларды жүзеге асыруға қабілетті, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге құштар көпмәдениетті тұлғаны дамыту.


2018-2019 оқу жылында ұсынылған деректер бойынша талдау жасалынды. Қазақстанның 14 облысының түрлі аймақтарында үш тілде оқып жатқан білім алушылар туралы мәліметтер жинақталды. Осы мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасында барлығы 2852 шағын жинақты мектеп жұмыс істейді, олардың ішінде 512 (17,95%) ШЖМ-де үш тілде оқыту басталып, олармен 6411 білім алушы қамтылған. Деректер 1 және 2-диаграммаларда берілген.

Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша үш тілде оқытатын шағын жинақты мектептер саны



1-диаграмма

Үш тілде оқытумен қамтылған ШЖМ-дегі білім алушылар саны



2-диаграмма.

Төменде келтірілген кестеде үш тілде оқытудың көрсеткіштері туралы деректер берілген.


1-кесте. Аймақтар бойынша үш тілде оқытатын ШЖМ-де білім алушылардың көрсеткіштері

№	Облыс	Барлық ШЖМ	Үш тілде оқытатын барлық ШЖМ	Үш тілде оқытудың енгізілген жылы	Үш тілде оқытатын ШЖМ-де	
					барлық білім алушылар	үш тілде оқытумен қамтылғаны
1	Ақмола	379	62	1. 09. 2018	6834	1211
2	Ақтөбе	202	66	-	6280	460
3	Алматы	229	11	1. 09. 2018	1471	127
4	Атырау	26	3	-	343	27
5	Батыс Қазақстан	225	23	1. 09.2018	2539	238
6	Жамбыл	128	26	1. 09.2018	3382	321
7	Қарағанды	232	37	1. 09.2018	3572	486
8	Қостанай	342	27	1. 09.2017	902	283
9	Қызылорда	22	1	-	44	6
10	Маңғыстау	12	-	-	-	-
11	Павлодар	225	108	1. 09.2016	2300	1357
12	Солтүстік Қазақстан	340	123	1. 09.2017	8946	1586
13	Түркістан	140	15	1. 09.2018	2105	211
14	Шығыс Қазақстан	350	10	1. 09. 2018	1109	98
	Барлығы	2 852	512		39827	6411

Диаграммада және кестеде көрсетілгендей шағын жинақты мектептердің және оларда білім алушылардың ең көп саны Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының үлесінде.

Егер шағын жинақты мектептер жағдайында үш тілде оқытуды оқыту тілдері бойынша қарастыратын болсақ, онда республика бойынша оқыту қазақ тіліндегі үш тілде оқытатын шағын жинақты мектептер, орыс тілінде оқытатын шағын жинақты мектептерге қарағанда 110-ға артық екенін байқаймыз (3-диаграмма).

Қазақстан Республикасында оқыту тілдері бойынша шағын жинақты мектептер жағдайында үш тілде оқыту



3-диаграмма

Келесі кестеде базалық оқыту тілдері бойынша үш тілде оқытудың көрсеткіштері берілген.


2-кесте. Қазақстан Республикасындағы оқыту тілдері бойынша шағын жинақты мектептер жағдайында үш тілде оқытудың көрсеткіштері

№	Облыс	Қазақ тілінде оқытатын мектептер	Орыс тілінде оқытатын мектептер	Аралас мектептер
1	Ақмола	19	12	31
2	Ақтөбе	44	4	18
3	Алматы	9	-	2
4	Атырау	3	-	-
5	Батыс Қазақстан	16	-	7
6	Жамбыл	26	-	-
7	Қарағанды	22	2	13

8	Қостанай	1	17	9
9	Қызылорда	1	-	
10	Маңғыстау	-	-	
11	Павлодар	57	46	5
12	Солтүстік Қазақстан	30	52	41
13	Түркістан	15	-	
14	Шығыс Қазақстан	3	3	4
	Барлығы	246	136	130

Төменде көрсетілгендей деңгейлер бойынша үш тілде оқыту, негізгі орта білім деңгейінде 136 шағын жинақты мектепте, ал орта білім деңгейінде 376 білім беру ұйымында жүргізіледі (4-диаграмма).

Білім беру деңгейлері бойынша ШЖМ жағдайында үш тілде оқыту



4-диаграмма.

3-кестеде білім беру деңгейлері бойынша ШЖМ жағдайында үш тілде оқытудың көрсеткіштері берілген.


3-кесте. Білім беру деңгейлері бойынша ШЖМ жағдайында үш тілде оқытудың көрсеткіштері

№	Облыс	Бастауыш мектеп	Негізгі орта мектеп	Орта мектеп
1	Ақмола	-	7	55
2	Ақтөбе	-	14	52
3	Алматы	-	-	11
4	Атырау	-	-	3
5	Батыс Қазақстан	-	3	20
6	Жамбыл	-	-	26

7	Қарағанды		3	34
8	Қостанай	-	5	22
9	Қызылорда	-	1	-
10	Маңғыстау	-	-	-
11	Павлодар	-	94	14
12	Солтүстік Қазақстан	-	8	115
13	Түркістан	-	1	14
14	Шығыс Қазақстан	-	-	10
	Барлығы	-	136	376

Қазақстанда жаратылыстану циклінің «Химия», «Физика», «Информатика», «Биология» 4 пәнінің (білім алушының таңдауы бойынша) екі пәнін ағылшын тілінде оқыту басталды. Республика бойынша 483 шағын жинақты мектептерде жаратылыстану циклі пәндеріне ағылшын тілін ішінара кірістіру режимінде, сондай-ақ 29 шағын жинақты мектептерде жаратылыстану циклі (білім алушының таңдауы бойынша) сабақтары толық кірістіру режимінде ағылшын тілінде оқытылады. Ішінара кірістіру, сабақтың жекелеген кезеңдері ағылшын тілінде (ТЗ) жүргізілетінін білдіреді. Толық кірістіру – барлық сабақ барысы ағылшын тілінде (ТЗ) жүргізіледі. Деректер 5-диаграммада берілген.

Жаратылыстану циклі пәндеріне ішінара немесе толық кірістіру режимінде сабақтар ағылшын тілінде (ТЗ) жүргізілетін шағын жинақты мектептер



5-диаграмма

4-кестеде жаратылыстану циклі пәндерін ағылшын тілінде зерделеу туралы ШЖМ бойынша мәліметтер келтірілген.

4-кесте. Жаратылыстану циклі пәндерін ағылшын тілінде (Т3) зерделеу туралы ШЖМ бойынша мәліметтер

№	Облыс	Пәндер (Химия, информатика, физика, биология)	
		Ағылшын тілін ішінара кірістіру	Ағылшын тілін толық кірістіру
1	Ақмола	62	-
2	Ақтөбе	66	-
3	Алматы	11	-
4	Атырау	3	-
5	Батыс Қазақстан	23	-
6	Жамбыл	26	-
7	Қарағанды	37	-
8	Қостанай	24	3
9	Қызылорда	-	1
10	Маңғыстау	-	-
11	Павлодар	106	2
12	Солтүстік Қазақстан	105	18
13	Түркістан	13	2
14	Шығыс Қазақстан	7	3
	Барлығы	483	29

ШЖМ-де үш тілде оқыту кезінде мұғалім мен білім алушылар ғаламторды, электрондық оқулықтарды, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу құралдарын, Bilim Land білім беру ресурсының материалдарын, билингвалдық оқу терминологиялық материалын, терминдерді зерделеу Quirlet қосымшасын және т.б. жүйелі түрде пайдаланады. Жалпы мәліметтер 5-кестеде келтірілген.

5-кесте. ШЖМ –де үш тілде оқыту кезінде пайдаланылатын ресурстар

№	Облыс	Ресурстар
1	Ақмола	Ғаламтор, оқулықтар, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу құралдары, BilimLand білім беру ресурсының материалдары, Quirlet қосымша зерделеу терминдері
2	Ақтөбе	Электронды оқулық, ғаламтор, әдістемелік жинақ, BilimLand білім беру ресурсының материалдары, Chemistry билингвалды оқулық, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу құралдары.
3	Алматы	Мұғалімдерге оқыту кезінде берілген оқулықтар, 8 сынып биология пәні бойынша билингвалды оқулық, BilimLand білім беру ресурсының материалдары.
4	Атырау	Электронды оқулық, ғаламтор, әдістемелік жинақ, BilimLand білім беру ресурсының материалдары, Chemistry билингвалды оқулық, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу құралдары.
5	Батыс Қазақстан	«Biology», «Chemistry», «Physics», «Informatics» – «Астана

		кітап» баспасы, «Complete Biology for Cambridge», «Complete Physics for Cambridge», «Complete Chemistry for Cambridge» – «Oxford» баспасы, Science, Glossary.
6	Жамбыл	BilimLand.kz.; www.guizlet.live ;
7	Қарағанды	Электронды оқулық, ғаламтор, әдістемелік жинақ, ат. Е. Базаров «Терминология» оқулығы, аудио, CoreBiology, бағдарлама билингвалды оқулық, интернет ресурстары, АКТ, билинг. Zambak_Publ_Physics_Mechanics. Zambak Publ Physics Electricity_Magnetics. FirststeptoPhysics оқулықтары. 8 сынып Physics Билингвалды оқулығы. Newtonew.com genphys.phys білім беру сайттары.
8	Қостанай	1) Complete Biology for Cambridge Secondary 1 – білім алушыларға арналған оқулық. pack Teacher – мұғалімге арналған әдістемелік құрал. Workbook - мұғалімге арналған жұмыс дәптері - OXFORD university press-баспасы, 2013 ж. 2) Biology for Cambridge Secondary 1 – оқулық. pack Teacher – мұғалімге арналған әдістемелік құрал. Workbook - мұғалімге арналған жұмыс дәптері - OXFORD university press-баспасы, 2013 ж. 3) Physics.Grade 8 Student ' s book, Physics.Grade 8. Teacher ' s book. Bilimland,Chemistry билингвалды оқулық. Grade 8 Student ' s book + CD 4) Оқулық. Cambridge IGCSE® ICT Coursebook with CD-ROM Biolodgi book Express Publishing мұғалімге арналған оқулық. 5) Оқушыларға арналған Интернет-ресурстар, әдістемелік құрал 6) Ағылшын тілінде химия оқулығы, ФО, СОЧ және СОР жинағы
9	Қызылорда	Электронды оқулық, ғаламтор, әдістемелік жинақ, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу құралдары, BilimLand білім беру ресурсының материалдары, Quirlet қосымша зерделеу терминдері
10	Маңғыстау	-
11	Павлодар	ЖМБ оқулықтары, «Ағылшын тілін және ЖМБ оқу пәндерін кріктіре оқыту» құралы. ҚР білім және ғылым министрлігі. Ы. Алтынсарин Атындағы ұлттық білім Академиясы
12	Солтүстік Қазақстан	http://www.ucheba.com/met_rus/k_pedagogika/otsenka.htm Smk.kz 10 сынып биология оқулығы, 10-сынып информатика оқулығы, 10 сынып биология оқулығы, 10-сынып информатика оқулығы, интернет ресурстар. Chemistry. Textbook. Астана кітап. Complete Chemistry for Cambridge Secondary 1. https://lenglish.com/media/audioarticles+with+translation-36.html http://trackerdh.weebly.com/blog/uchebnik-himii-na-anglijskom-yazike http://www.icymavy.xpg.com.br/prepodavanie-himii-na-anglijskom-

		yazyike.html smk.edu.kz
13	Түркістан	Мұғалімдерге оқыту кезінде берілген оқулықтар, 8 сынып биология пәні бойынша билингвалды оқулық, интернет-ресурстар Smk.edu.kz . http://chemistry-chemists.com http://study-english.info/vocabulary-chemistry.php .
14	Шығыс Қазақстан	Мұғалімдерге оқыту кезінде берілген оқулықтар, 8 сынып биология пәні бойынша билингвалды оқулық, Smk.edu.kz интернет-ресурстары. http://chemistry-chemists.com ; http://study-english.info/vocabulary-chemistry.php , CLIL lesson English and Chemistry Глосарий. Интерактивті тақта, дидактикалық материалдар, схемалар, химия, биология, физика, информатика бойынша есептер жинағы, сөздік.

Сөйтіп, мұғалімдердің гуманитарлық және жаратылыстану-ғылымы циклі пәндерін ағылшын тілінде де оқытуда белгілі бір тәжірибелері бар.

Білім алушыларды үш тілде оқыту табыстылығының маңызды факторы педагогикалық құрамының сапасы болып табылатыны бәрімізге белгілі. Әңгіме педагогикалық кадырларды даярлау және қайта даярлау туралы болып отыр. 2018-2019 оқу жылында аймақтардан келген ақпараттар бойынша үш тілде оқытатын 512 шағын жинақты мектептерде 20513 мұғалім жұмыс істейді, олардың 947-і ағылшын тілінен В-1, 2; С-1, 2 деңгейлері бойынша курстардан өтті, 12572 мұғалім білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша курстардан өтсе, 586 мұғалім – CLIL-технологиялары бойынша курстардан өтті, жалпы мәліметтер 6-кестеде келтірілген.

6-кесте. ШЖМ мұғалімдерінің қайта даярлау курстарынан өткені туралы мәліметтер

Облыс	Барлық ШЖМ	Үш тілде оқытатын ШЖМ	Қанша мұғалім жұмыс істейді	Ағылшын тілінен В-1, 2; С-1, 2 деңгейлері бойынша курстар	Білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша курстар	CLIL-технологиялары бойынша курстар
Ақмола	379	62	1446	2017 ж -13 2018 ж -61 Барлығы: 74	2017 ж.- 44 2018 ж. - 30 Барлығы: 74	2017 ж.- 13; 2018 ж -61. Барлығы: 74
Ақтөбе	229	66	3554	2018 ж -12 Барлығы: 12	2017 ж.- 4 2018 ж. – 1 Барлығы: 5	2017 ж.- 1 2018 ж- 11. Барлығы: 12
Алматы	202	11	299	2017 ж -89	2017 ж - 1233	2017 ж – 42

				2018 ж -80 Барлығы: 169	2018 ж - 1563 Барлығы: 2796	2018 ж – 44 Барлығы: 86
Атырау	26	3	73	2017 ж.- 1; 2018 ж.- 4. Барлығы: 5	2017 ж.- 3; 2018 ж. – 1. Барлығы: 4	2018 ж. - 3. Барлығы: 3
<p>Тәрбиелік құндылықтар</p>	<p><i>Достық қарым-қатынас,</i></p> <p><i>Өзге тілдің бәрін біл- өз тіліңді құрметте!</i></p>
<p>Пәнаралық байланыс</p> <p>Interdisciplinary communication</p>	<p><i>ағылшын</i></p>
<p>Алдыңғы білім</p> <p>Previous education</p>	<p><i>Химиялық ұғымдар мен терминдер, химиялық құрал-жабдықтар, периодтық жүйе</i></p>

Сабақ барысы

<p>Сабақ барысы</p> <p>Move of the lesson:</p>	<p>Сабаққа жоспарланған жаттығулар түрлері:</p> <p>Tasks and exercises:</p>	<p>Ресурстар</p> <p>Resurse:</p>
---	--	---

Ұйымдастыру кезеңі.
Organizational moment
 5 минут

Сәлемдесу. Good afternoon dear children!
 I'm very glad to see you! How are you today?
 What date is it today? Who is absent today?
Білім алушылардың зейінін сабаққа аудару.
Топтарға бөлу: I-топ; II-топ;
Алдыңғы білімді тексеру (Activating previous knowledge):
 Білім алушылардан қоспа, гетерогенді қоспа, гомогенді қоспалардың анықтамаларын ағылшын тілінде сұрау.

Негізгі бөлім
Main part:
 30 минут

Білім алушыларға алдын ала әр элементтің қазақша, ағылшынша атаулары бар үлестірме парағын таратылып беріледі.
 Периодтық жүйеден элементтерді мұғалім көрсетіп тұрады, ал білім алушы берілген кестеден сол элементті тауып атын екі тілде атайды.
 Elements from the periodic system are displayed by the teacher, and the student finds the same element in the given table and names it in two languages.

Периодтық жүйе
 periodic table

1. Кестені толтырады:
 Refills the table:

Ә	қаз.	ағылш.	орысша
S			
Mg			
Al			
Cl			
Na			
N			
O			

кесте
 table

<i>C</i>			
<i>Cu</i>			
<i>P</i>			
<i>Ca</i>			
<i>K</i>			
<i>H</i>			
<i>B</i>			

Қазақша, ағылшынша және орысша атауларын жаз.
Write the names in Kazakh and in English.

Elements can be classified in two groups:

Elements



Metals Nonmetals

(*Na, Mg, Ag м.б.*) (*S, C, O, H м.б.*)

A) Metals: Most of the elements are metals.

Ex: Li, Na, K, Ca, Mg, Ba, Al, Fe, Cu, Zn,
Hg, Ag, Au, Mn ...

- They conduct heat and electricity.
- They are all solid at room temperature.
- Metals have shiny colors (lustrous).
- They can be drawn into wires (ductile).
- They can be hammered into sheets (malleable).


B) Nonmetals: There are a few nonmetals. They are H, C, N, P, O, S, F, Cl, Br, I.

- They don't conduct heat and electricity.
- They can be found in solid, liquid or gas states. (H, N, O, F, Cl are gases, Br is liquid, S, P, I are solid).
- They are not lustrous.
- They are not ductile.
- They are not malleable.

3-тапсырма: Кестені жаттау: Memorize table:

Formula	Name
H ₂ O	Water
NaCl	Sodium chloride
HCl	Hydrochloric acid
CO ₂	Carbon dioxide
CH ₃ COOH	Acetic acid
C ₂ H ₅ OH	Ethyl alcohol
C ₁₂ H ₂₂ O ₁₁	Sucrose
C ₆ H ₁₂ O ₆	□lucose

Карточкалардағы суреттер арқылы қай затқа жататынын анықтап, атын атау:



Сабақты бекіту
Assigning a lesson

T: What property is characteristic of metals

S: 1. Metal properties are characteristic

2. metals have a crystal lattice, a gloss, a density
-heraties metal – chromium
-the heaviest metal is osmium
-the lightest metal - lithium

T: What is a hydrogen?

S: -The symbol of hydrogen H
-Hydrogen has a gas state
-Molecular formula of hydrogen H₂
-Hydrogen has 1 atomic mass

T: What is a carbon?

S:


1. The symbol of carbon C
2. Carbon has a solid state
3. The diamond consists of carbon

T: What is an oxygen?

S:

1. The symbol of oxygen O
2. Molecular formula of hydrogen O₂
3. In the atmosphere, oxygen contains 21 percent (%).

Терминологиялық
сөздік
Terminological
Dictionary

	<p>4. Oxygen has 16 atomic mass</p> <p>5. Oxygen has 8 protons, 8 neutrons and 8 electrons.</p> <p>T: What is a sulfur?</p> <p>S:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. The symbol of sulfur S 2. Sulfur has 16 protons, 16 neutrons and 16 electrons. 3. Sulfur has 16 atomic mass 4. In the periodic table sulfur has 16 atomic number. 	
<p>Үй тапсырмасы Homework 1 мин</p>	<p>Терминдерді жаттау Understand terms</p>	
<p>Қорытынды 5 минут</p>	<p>«Нысана» стратегиясы арқылы рефлексия жүргізу</p>  <ol style="list-style-type: none"> 1. Сабақта қандай жаңа нәрселер үйрендің? <p>What new things have you learned in class?</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Не қиын болды? What was hard? 3. Өз тобыңды қалай бағалайсың? <p>How do you value your team?</p> <p>Стикерлерге өз тілектерін жазып, «идея себетіне» салады. Мұғалім сыныптың жұмысын бағалайды. Ең жақсы жауаптар анықтайды.</p> <p>Writing to the stickers his wishes and putting them in the "basket of ideas." The teacher evaluates the work of the class. The best answers determine.</p>	

Шағын жинақты мектептің 7-сыныбында «Биология» пәні бойынша үш тілде жүргізілетін сабақ жоспары.

<p>Пән: Биология</p> <p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Жасушалық биология</p> <p>Мектеп: «Ы.Алтынсарин атындағы Обаған орта мектебі» КММ</p> <p>Мұғалімнің аты-жөні: Галым А.А.</p> <p>Күні:</p> <p>Сынып:7 Қатысқандар: Қатыспағандар:</p>		
<p>Сабақтың тақырыбы:</p>	<p>Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға.</p>	

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.4.2.1 жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі ұғымын түсіндіру 7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату	
Сабақтың мақсаты	Барлық білім алушылар:	
	Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі ұғымын түсіну	
	Жасуша бөліктерін, органоидтарын атау	
	Білім алушылардың басым бөлігі:	
	Берілген суреттерден, жасуша құрылысын, органоидтар қызметін ажырату	
	Кейбір білім алушылар: Өсімдік және жануарлар жасушасының айырмашылығын түсіндіру	
Бағалау критерийі	Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесіне анықтама береді. Жасуша бөліктері мен органоидтерінің құрылысын, қызметін түсіндіріп, ажырата алады. Өсімдік және жануарлар ұлпаларын ажырата алады.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты сөздікқор мен терминдер: Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі, органоид, сыртқа мембрана, жасуша қабығы, вакуоль, пластидтер, хромопласт, лейкопласт, хлоропласт, фотосинтез, крахмал, гикоген. Оқытудың тілдік мақсаты: Жасушаның өсімдік және жануар жасушасы деп екі топқа не себепті бөлінгенін айтады, Жасушалар құрылысындағы айырмашылық белгілерін атайды. Жазылым дағдысы: Өсімдік пен жануар жасушасының айырмашылығын жаза алады.	
Құндылықтарға баулу	Жеке жұмыс өмір бойы білім алу, жұптық жұмыс адалдық, топтық жұмыс жауапкершілік, ұйымшылдық	
Пәнаралық байланыс	Ағылшын тілі, орыс тілі, жаратылыстану	
Алдыңғы білім	Жаратылыстану 5.4.2.3 Микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолданады. 5.6.2.1 Ағзаларды тірі табиғат дүниесіне жіктеу. Биология 7.1.1.1 - жүйелеудің маңызын түсіндіру	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы (3 мин)	Ұйымдастыру. Амандасу.Түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Топқа бөлу	

(5 мин)

Стикерге жазылған сөздер (жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі) арқылы 4 топқа бөлінеді.

Үй тапсырмасын тексеру.

1- тапсырма.

а) Құпия код

1	vertebrates
2	invertebrates

Төменде берілген жануарлардың аттарын атау қай топқа жататынын дұрыс жауап алдындағы 1 және 2 сандарымен белгілеу.

- ant

-Жолбарыс lion

-snail

-bird

-fish

-mammals

-protozoa

-flat worms

Scaly

- amphibians

Дискриптор: - Омыртқасыз жануарларды таниды
- Омыртқалы жануарларды таниды.
- Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажырата алады.

Бағалау:

9-10 ұпай (өте жақсы)

7-8 ұпай (жақсы)

6-7 ұпай (талпын)

5 ұпайдан төмен болса төмен бағаға ие боласыз.

«Миға шабуыл»

Топтың атаулары арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.

Интербелсенді
тақта

	<p><u>Терминология. Terminology</u></p> <p>Жасуша- <i>cell</i></p> <p>Ұлпа- <i>tissue</i></p> <p>Жасушалық ұлпа- <i>tissue cellular</i> Мүшелік жүйе - <i>organ system</i></p> <p>Қабықшасы-<i>membrane</i></p> <p>Цитоплазма- <i>Cytoplasm</i></p> <p>Ядро-<i>nucleus</i></p> <p>Вакуоль -<i>vacuole</i></p> <p>Пластидтер-<i>Plastid</i></p>																									
<p>Сабақтың ортасы (15мин)</p>	<p>3- тапсырма.</p> <p>«Аялдама» әдісі арқылы оқулықтағы мәтінді, суреттерді қолдана отырып, әр топ өз топ атаулары (жасуша, ұлпа, мүшелер, мүшелер жүйесі) туралы ақпаратты топта талқылап, қорғау. Әр топ (5 мин) оқу</p> <p>- ТОПТАР өз топ атауларына анықтама береді.</p> <p>ПРЕЗЕНТАЦИЯ. ВИДЕО БЛІМ ЛЕНД.</p> <p>Видео.</p> <p>Сыныппен талқылау.</p> <p>Тапсырмалар:</p> <p>I топ: Жасуша ұғымы, жасушаның үш құрылымы.</p> <p>Fill in the table</p> <table border="1" data-bbox="395 1440 1129 2047"> <thead> <tr> <th data-bbox="395 1440 600 1509">Берілгені</th> <th colspan="3" data-bbox="600 1440 1129 1509">Structur of cell</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="395 1509 600 1579">Name</td> <td data-bbox="600 1509 770 1579"></td> <td data-bbox="770 1509 924 1579"></td> <td data-bbox="924 1509 1129 1579"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="395 1579 600 1648">ерекшелігі</td> <td data-bbox="600 1579 770 1648"></td> <td data-bbox="770 1579 924 1648"></td> <td data-bbox="924 1579 1129 1648"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="395 1648 600 1718">қызметі</td> <td data-bbox="600 1648 770 1718"></td> <td data-bbox="770 1648 924 1718"></td> <td data-bbox="924 1648 1129 1718"></td> </tr> <tr> <td colspan="4" data-bbox="395 1718 1129 1845"> <p>Мүшелер жүйесі терминіне түсінік</p> <p><i>Definition of organ system.</i></p> </td> </tr> <tr> <td colspan="4" data-bbox="395 1845 1129 2011"> <p>Мүшелер жүйесіне мысал келтіру.</p> <p><i>Example of organ system.</i></p> </td> </tr> </tbody> </table>	Берілгені	Structur of cell			Name				ерекшелігі				қызметі				<p>Мүшелер жүйесі терминіне түсінік</p> <p><i>Definition of organ system.</i></p>				<p>Мүшелер жүйесіне мысал келтіру.</p> <p><i>Example of organ system.</i></p>				<p>Биология</p> <p>7-сынып</p> <p>Е.А.Очкур, Ж.Ж.Құрманғалиева</p> <p>https://youtu.be/mUJryLNKScg</p> <p>Алматы «Мектеп» 2017</p> <p>48-50 бет</p> <p>Кесте</p>
Берілгені	Structur of cell																									
Name																										
ерекшелігі																										
қызметі																										
<p>Мүшелер жүйесі терминіне түсінік</p> <p><i>Definition of organ system.</i></p>																										
<p>Мүшелер жүйесіне мысал келтіру.</p> <p><i>Example of organ system.</i></p>																										

Дескриптор

1. Cell атауын білу
2. Жасушаның үш бөлігін атау
3. Әр бөліктің ерекшелігін ажырату
4. Әр бөліктің атқаратын қызметін дұрыс түсіну
5. *Organ system* - неден түзілетінін білу

13-16 (өте жақсы)


9-12 (жақсы)

5-8 (жаман емес)

5 ұпайдан төмен болса төмен бағаға ие боласыз

II топ:

а) Ұлпа, өсімдік және жануар ұлпаларының типтері




түрлері	қызметі		түрлері	қызметі
Жабын			Эпителиялды	
Паренх			Дәнекер	
Өткізгіш			Бұлшықет	
тірек			Жүйке	

В) Суреттеке қарап, оң жақтағы берілген тізімінен тандап әр ұлпа түріне сәйкестендіру

Тірек сызба-
белгі

(10 мин)



Дескриптор

1. **Tissue** анықтамасын білу
2. Ұлпаларды толық атау
3. Әр ұлпаның қызметін ажырату

13-16 (өте жақсы)

9-12 (жақсы)

5-8 (жаман емес)

5 ұпайдан төмен болса төмен бағаға ие боласыз

III топ: 5- тапсырма.

Өсімдік және жануар жасушасының құрылысын салыстыру, кесте толтыру.

а) Мәтінді оқу

ә) жануар және өсімдік жасушасының суреттеріне назар салу


Берілгені	Plant cell	Animals cell
(<i>membrane</i>)	+	+
(<i>Cytoplasm</i>)	+	+
(<i>nucleus</i>)	+	+
(<i>vacuole</i>)	+	-
(<i>Plastid</i>)	+	-
Хлоропласт (green)	+	-
Хромопласт (red, yellow)	+	-



Микроскоп, дайын өсімдік, жануар жасушасының препараттары

Оқулық §14

52-53 бет

Жануар жасушасы



	<table border="1" data-bbox="395 114 1141 248"> <tr> <td data-bbox="395 114 598 248">Лейкопласт (colorless)</td> <td data-bbox="598 114 965 248">+</td> <td data-bbox="965 114 1141 248">-</td> </tr> </table> <p data-bbox="443 315 624 349">Дескриптор</p> <ol data-bbox="443 383 1129 456" style="list-style-type: none"> 1. Cell бөліктерін тани білу 2. Plant cell and Animals cell ерекшелігін ажырату <p data-bbox="395 495 624 528">13-16 (өте жақсы)</p> <p data-bbox="395 562 560 595">9-12 (жақсы)</p> <p data-bbox="395 629 624 663">5-8 (жаман емес)</p> <p data-bbox="395 696 999 730">5 ұпайдан төмен болса төмен бағаға ие боласыз</p> <p data-bbox="395 763 919 797">Бағалау: Жұптарымен алақан түйістіру</p>	Лейкопласт (colorless)	+	-	<p data-bbox="1294 114 1433 188">Өсімдік жасушасы</p> 
Лейкопласт (colorless)	+	-			
<p data-bbox="113 857 331 891">Сабақтың соңы</p> <p data-bbox="113 920 209 954">(9 мин)</p>	<p data-bbox="395 857 568 891">Жеке жұмыс.</p> <p data-bbox="395 920 564 954">1- тапсырма</p> <p data-bbox="395 987 767 1021">Адасқан сөздер мен суреттер</p> <p data-bbox="395 1055 1034 1088">Тірі ағзалар құрылымын өсу ретімен орналастыру.</p> <p data-bbox="395 1122 820 1155"><i>(cell, tissue , organ, organ system).</i></p> <p data-bbox="395 1189 501 1223">(1 балл)</p> <div data-bbox="395 1245 903 1742">  </div> <p data-bbox="395 1839 967 1872">Бағалау: «жаман емес», «жақсы», «керемет»</p> <p data-bbox="395 1939 564 1973">2- тапсырма</p>	<p data-bbox="1273 920 1458 954">Таратпа кесте</p>			

Білімді тексер

Берілген сипаттамалар қай бөлікке тән екенін дұрыс жауаптың («C»- *cell*, «T»- *tissue*, «O»- *organ* «Os»- *organ system*) бас әріпін қойып белгілеу

№	Сипаттамалар	Жауап
1	Құрылысы, шығу тегі, құрылысы мен қызметі бірдей жасушалар тобы	T
2	Тірі ағзалар құрылысының ең кіші бірлігі	C
3	Үш бөліктен: қабықша, цитоплазма мен ядродан тұрады	C
4	Мүшелер атқаратын қызметтері бойынша ... бірігеді	Os
5	Тұрақты орны, құрылысы бар және белгілі бір қызмет атқаратын ағза бөлігі	O
6	Жануарларда төрт түрі, өсімдіктерде алты түрі болады.	T
7	Тамыр, сабақ, жапырақ	O
8	Қан айналым, тірек-қимыл, асқорыту	Os
9	Жүрек, өкпе, бүйрек, бауыр	O
10	Құрылымын □ пластидтер кіреді.	C


Дескриптор

1. **Cell, tissue, organ, organ system** деген түсініктерді ажырата алу
2. Өсімдік, жануар мүшелерін айыра білу
3. Мүшелер жүйесін ажырату
4. Жасуша құрылысын білу

9-10 ұпай (керемет)

7-8 ұпай (жақсы)

Таратпа қағаз

<p>(3мин)</p>	<p>4-6 ұпай (жаман емес)</p> <p>3 ұпайдан төмен болса төмен бағаға ие боласыз</p> <p>«Мухо бойка» әдісі бекіту.</p> <div data-bbox="571 309 1066 645" style="text-align: center;"> </div> <p>Жалпы сабақ бойынша қорытынды. Білім алушы бағалау парағы.</p> <p>25-27 ұпай (керемет)</p> <p>21-24 ұпай (жақсы)</p> <p>14-20 ұпай (жаман емес)</p> <p>3 ұпайдан төмен болса төмен бағаға ие боласыз</p> <p>Home work: Оқулық §11, §12 Жасуша құрылысының суреті (өсімдік, жануар)</p> <p>Кері байланыс:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ «Жетістік баспалдағы» 	<p style="text-align: center;">«Жетістік баспалдағы»</p> 
---------------	---	--

Білім алушының бағалау парағы.

Білім алушының аты-жөні	Үй тапсырмасы (ең жоғарғы ұпай10)	Топтық жұмыс (ең жоғарғы ұпай16)	1-тапсырма (адасқан сөздер) (1 ұпай)	2- тапсырма Біліміңді тексер (ең жоғарғы ұпай 10)	Жалпы ең жоғарғы ұпай 27

--	--	--	--	--	--

Үштілде оқыту кезінде біріктірілген сыныптарда сабақтарды құрудың өзіндік өзгешеліктері бар. Сабақтың кезеңдерінің мазмұнын анықтай отырып, мұғалім іс-әрекет түрлерін ғана емес, әңгімелесу үшін сұрақтарды, міндеттер мен мысалдарды шешу жолдарын да жазады, орындалған жұмысты тексеру тәсілін көрсетеді және тағы сол сияқтылар.

Бір пәндік сабақтарда (мысалы, орыс тілі мен әдебиеті - орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті - қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі - ағылшын тілі) мұғалімдер кейде барлық сынып комплектілер үшін сабақтың бір кезеңін бірлестіріп бірге өткізеді.

Сабақтың бірлескен кезеңдері тіл сабақтарында мына жұмыстарға арналуы мүмкін: суретпен немесе кинофильмнен жеке көрініспен, түсіндірумен, шығармашылық міндетпен, түрлі грамматикалық талдау жұмыстарына.

Осындай ұқсас сабақтың конспектін мұғалім 3 сыныппен жұмыс істеген кезде құрайды. Әр сынып бірінші минуттан бастап жұмыс істей бастайды. Біреуі – мұғаліммен, екеуі – өзіндік жұмыс жасайды. Қолдан келерлік міндеттер, бірақ жеңілдетілген емес (қайталауға, жаңаны қабылдауға арналған немесе ұқсастығы бойынша үй жұмысын тексеру).

Бір сыныппен мұғалім қарқынды жұмыс істейді: қайталау, жаңаны түсіндіру, ішінара бекіту, басқа жағдайларда жаңа білімді қолдануға әрекет ету. Соңында келесі өзіндік жұмысты түсіндіреді.

Сонан соң мұғалім, жаңа материалмен өз бетінше ішінара танысу жасаған сыныпқа «ауысады». Мұнда басты міндеттерді міндетті түрде тексеру, тірек тапсырмалардың (тақырып бойынша жалпы міндет) өзектілігін арттыру және бекіту, дағдыларды қалыптастыру басталады. Соңында – өзіндік жұмыс және сабақтың тақырыбы бойынша үйге тапсырма.

Мұғалім 3-ші сыныппен жұмыс істеуді бастайды, мұнда өткен материал бекітіледі. Міндеттерді, ауызша жаттығуларды тексеру, жаңа жағдайларда алған білімдерін қолдану. Сабақ міндетті түрде жинақталады: 3-5 минут барысында. Балалар оқылғанды жүйелеп, қорытады, ал мұғалім ең бастысына назар аудартады.

Мұғалімнің басшылығымен және оның тікелей қатысуымен мыналар:

- дайындық жаттығулары;
- жаңа материалды түсіндіру;
- нұсқама беру;
- өткен материалды бекіту;
- білімді меңгеру деңгейін диагностикалау;
- меңгерілген білім, біліктіліктерді бақылау және түзету;
- білімді қолданудың оңтайлы тәсілдерін көрсету;
- материалды тақырыптық қорыту *жүзеге асырылады.*

Жоғарыда көрсетілгендей шағын жинақты мектептің жағдайында үш тілде оқытудың ерекшелігі бір мезгілде екі сыныппен қатар айналысу болып табылады. Тілдік пәндердің (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі) мұғалімдері мұндай жағдайда оқытқанда, білім алушылардың жоғары білім

сапасына қол жеткізулері үшін оқу пәнін ұйымдастырудың арнайы механизмін меңгеруі тиіс. Бұл проблеманы шешу үшін келесілерді орындау:

1. Зерделенетін материалдың көлемін айтарлықтай ұлғайту үшін, оқу материалын ірі блоктарға біріктіру;

2. Білім алушылардың тілін дамыту үшін тірек, схемалар, моделдер, әңгімелер құру бағдарларын пайдалану;

3. Білім алушыға басқа білім алушылар арқылы әсер ету әдісін жүйеде пайдалану;

4. КБЖ-ні енгізудің арқасында өзіндік жұмысты ұйымдастыру сапасын жақсарту;

5. Оқулықпен, оқу құралдарымен жұмыс істеудің әртүрлі тәсілдерін үйрету;

6. Барлығына арналған тапсырма әрбіреуге арналған жеке тапсырмалармен толықтырылатын деңгейлік саралауды жүйеде пайдалану *қажет*.

Бұл тапсырма *барлығы үшін* МЖМБС-ға сәйкес, *әрқайсысы үшін* тапсырма – білім алушының жеке қабілетін ескере отырып, *әртүрлі дайындықтағы білім алушылар үшін* – топтық тапсырмалар жасалады.

Шағын жинақты мектептер жағдайында үштілді оқытудың негізгі түрі – ол, білім алушылармен жеке жұмыс жасау. Оны білім алушылардың қабілеттері түрін анықтауға бағыттау, осы негізде оқу дағдылары мен біліктіліктерге оқыту және үйрету керек.

Жеке оқыту түрі кезінде әр түрлі өзіндік жұмыс түрлерін пайдалану неғұрлым тиімді, мысалы:

- білім алушының кітаппен жүйелі түрде жұмыс істеуі;

- материалды блокпен оқуы;

- өзін-өзі бақылау парағымен жұмыс істеу.

Балаларды жаңа ақпаратты схемалық тұрғыда беруге үйрету өте маңызды. Бұл дағды білім алушылардың білім деңгейін арттыруға айтарлықтай мүмкіндік туғызады.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы – әрбір сабақтың міндетті элементі және сабақ барысында бірнеше рет өткізілуі мүмкін. Мұғалімнің басшылығымен жұмысты өзіндік жұмыспен кезектестіру ірі кезеңдердің құрылымдарының нақтылығы мен өзара тармақталуын көздейді: «өзіндік жұмыс» - «мұғаліммен бірге жұмыс».

Сынып-комплектілерінде жиі қолданылатын өзіндік жұмыс білім алушылардың ерікті зейінін, олардың пікір айту қабілетін дамытады, білімді игеруде жалаң нысаншылдықты болдырмайды және қасиет сипаты ретінде өзінділікті қалыптастырады.

Біріктірілген сыныптарда өзіндік жұмысты жоспарлағанда мұғалім:

- әрбір сыныптың сабақ құрылымындағы оның орнын анықтауы;

- жұмыс мақсатының айқын тұжырымдалуын беруі;

- тапсырма мазмұнының көлемін анықтауы және оны дәл тұжырымдауы;

- материалды меңгеру деңгейінде білім алушыларға қойылатын талаптарға жақсы бағдарлану;

- әртүрлі топтардағы білім алушылармен жұмыс істеу кезінде пайда болуы мүмкін қиындықтарды алдын-ала ескеруі;

- өзіндік жұмыстың ұзақтығын анықтауы;
- қандай дидактикалық материал дайындау керек екенін анықтауы;
- жұмысты тексерудің тиімді әдісін ойластыруы керек.

Білім алушылардың өзіндік жұмысты орындау бойынша нұсқаулық картаны пайдалануы, жалпы оқу және пәндік біліктіліктерді игеру деңгейін айтарлықтай арттырып, білім алушылардың ойлау әрекеттерін жандандарады.

Осылайша, бір шама тұжырымдар жасауға болады: ШЖМ жағдайында үш тілде оқытудың жағымды жақтары бар (сыныптардың аз толымдылығы, жеке кісі оқытуы, әртүрлі жастағы ұжымда балалардың бір-біріне тілектестік қарым-қатынасы және т.б.). Барлық бұл факторлар әртүрлі тілде қарым-қатынас жасауға ынталандыруға және тілдік ортаны дәріптеу мен дамытуға мүмкіндік береді, оларды оқытуда тиімді пайдалану керек.

2. Шағын жинақты мектептерде үш тілде оқытуды дамыту жағдайында сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Белгілі болғандай, сыныптан тыс тәрбие жұмысы – ол, баланың жеке тұлға болып әлеуметтенуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін, сабақтан тыс уақытта білім алушылардың түрлі іс-әрекеттерін педагогтің ұйымдастыруы.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы әр түрлі іс-әрекет түрлерін білдіреді және білім алушыға тәрбиелік ықпал етуде кең мүмкіндіктерге ие, әсіресе ШЖМ жағдайында.

Осы мүмкіндіктерді қарастырсақ.

Біріншіден, түрлі сабақтан тыс іс-әрекет, сабақта қарастыруға әрдайым сәті түсе бермейтін, білім алушының жеке қабілеттерін, әсіресе бұқаралық мектеп туралы айтқанда, жан-жақты ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, әр түрлі сыныптан тыс жұмыс түрлеріне қатыстыру, білім алушының жеке тәжірибесін, оның адамдардың іс-әрекеттерінің әр түрлілігі туралы білімдерін байытады, бала өзіне қажетті тәжірибелік біліктіліктер мен дағдыларға ие болады.

Үшіншіден, әр түрлі сыныптан тыс тәрбие жұмысы, білім алушылардың бойында әр түрлі іс-әрекет түрлеріне деген қызығушылықты, тиімді, қоғаммен құпталған іс-әрекеттерге белсене қатысуға деген ықыласын дамытуға ықпал етеді. Егер білім алушының бойында, тапсырмаларды орындауда оның табыстылығын қамтамасыз ететін, белгілі бір практикалық дағдылармен бірге еңбекке деген тұрақты қызығушылығы қалыптасатын болса, онда ол өзінің жеке іс-әрекетін өз бетімен ұйымдастыра алады. Бұл әсіресе қазіргі уақытта маңызды, балалар бос уақыттарында немен айналысарын білмейді, соның нәтижесінде әлеуетті түрде жасөспірімдер қылмысы, нашақорлық және маскүнемдік өсіп отыр.

Түрлі сыныптан тыс тәрбие жұмысы жақсы ұйымдастырылған бала саны аз шағын жинақты мектептерде «қиын» балалар саны төмен және қоғамға «бірігіп кетуі», бейімделу деңгейі жоғары екені байқалады.

Төртіншіден, балалар түрлі формадағы сыныптан тыс жұмыстарда өздерінің жеке ерекшеліктерін ғана танытып қоймай, ұжымда өмір сүруге де үйренеді, яғни бір-бірімен ынтымақтасуға, өз жолдастарына қамқорлық жасауға, өзін өзге адамның

орнына қоюға және т. б. Әрі сабақтан тыс әрекеттердің әрбір түрі (шығармашылық, танымдық, спорттық, еңбек, ойын) – белгілі бір аспектіде білім алушылардың өзара ұжымдық әрекеттесуі тәжірибесін байытады, ол сонымен бірге үлкен тәрбиелік әсер етеді.

Өйткені, сыныптан тыс жұмыс мектептегі тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болып табылады, ол тәрбиенің жалпы мақсатына қол жеткізуге бағытталған – қоғамда өмір сүру үшін қажетті әлеуметтік тәжірибені баланың меңгеруі және қоғаммен қабылданатын құндылықтар жүйесінің қалыптасуы.

Екі және одан да көп тілде сыныптан тыс іс-шаралар өткізудегі шетелдік тәжірибеден бірнеше мысалдар келтірейік.

Финляндия. Атап айтқанда, Лапландияда – Финляндияның тұрғылықты халқы саамдар тұратын жер, шағын жинақты мектептердің саны көп орналасқан. Лапландия үкіметі шағын жинақты мектептерге және саамдардың тілі мен мәдениетінің сақталуына өте ұқыптылықпен қарайды.

Бірнеше тілдегі сабақтармен қатар саам халқының күні (Saamelainen kansallispäivä), Пасха (Pääsiäinen) және т.б. мерекелеу сияқты сыныптан тыс іс-шаралар да жүргізіледі.

Саха Республикасы (Якутия) – көп ұлтты Ресейдің аймақтарының бірі, мұнда әркім әр түрлі мәдениеттер мен тілдерден тұратын көпмәдениетті ортада тұрады. Бұл аймақтың негізгі проблемаларының бірі өз халқының мәдениетін тануын қалыптастыру, рухани және материалдық әлемнің алуандығын сезіну, басқа халықтың мәдени құндылықтарын тану және түсіну, полиэтникалық елде өмір сүре және араласа білу болып табылады. Жаһандану жағдайында өзара кірігу, этникалық топтардың шиеленісуі орын алуда, бұл педагогтардың алдына көпмәдениетті білім беруді жүзеге асыру, әртүрлі ұлт адамдарымен ынтымақтастық тәжірибесін қалыптастыру міндетін қояды.

Білім алушылардың зерделеу пәні мәдениет болып отыр, бұл сөздің барлық маңыздылығы жағынан тіл таным құралы бола алмайды.

Федералдық мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізуге байланысты білім алушыларды халықтардың мәдениетімен таныстыру оқу пәндерін зерделеу процесінде ғана емес, негізінен сыныптан тыс жұмыстар арқылы да жүргізіледі. Білім алушылар басқа халықтардың мәдениеті туралы ақпаратты көбіне сабақтарда, сондай-ақ өзіндік жұмыс процесінде: кітаптардан, анықтамалардан, телебағдарламалардан, Ғаламтордан алады. Білім алушылардың сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастыру үйірмелер, факультативтер, секциялар, клубтар, студиялар және сыныптық, мектептік тақырыптық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Мұндай жұмыстың бірлескен жұмыс жоспары кезінде білім алушылардың бойынан, басқа мәдениетке бірігудің маңызды шарты болып табылатын, этномәдени білімді игеруге оң ынталану; білім алушылардың басқа да халықтардың мәдениетін зерделуге, түрлі мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесуге дайын екендігі; олар ұлттық мәдениетті ғаламшардың экологиялық жағдайы және экономикалық дағдарыспен бір қатарға қоя отырып, ұлттық мәдениеттің сақталу проблемасының маңыздылығын жоғары бағалайтыны байқалады.

Сабақтан тыс жұмыс жұмысты үш тілде ұйымдастыруды көздейді, мысалы, баспасөз орталығы, театр, дебаттық клуб, конкурстар өткізу және әдістемелік

жұмыстар жазу. Практикалық мақсатпен қатар – қарым-қатынас жасауға үйрете отырып, тілдік оқытуға білім беру және тәрбиелік мақсаттар қойылады. Білім беру мақсатына қол жеткізу, білім алушылардың ой-өрісінің кеңейуі, олардың жалпы мәдениеті мен білімі деңгейінің, сондай-ақ ойлау, қарым-қатынас жасау және сөйлеу мәдениетінің артуын білдіреді. Тілдік оқытудың тәрбиелік әлеуетінің жүзеге асырылуы, мәдениетаралық және ғылыми байланыстар орнатуға ықпал етуге білім алушылардың дайындығы, өз мектебінің намысын қорғауы, басқа елдер мен халықтардың рухани құндылықтарына құрметпен қарауынан көрінеді.

Мектептің көп мәдениетті бағыт бойынша оқу жылына жасалған тәрбие жұмысы жоспары – көп мәдениетті әлемде өмір сүре білуін дамыту және Саха Республикасының (Якутияның) мәдени көптүрлілігі туралы түсініктерді жүйелеу негізінде мәдениетті тану құзыретін қалыптастыру сияқты мақсатты көздейді. Мұнда білім алушылар Саха Республикасының (Якутияның) этносы өкілі және көпұлтты Ресей азаматы ретінде өзін өздігінен теңестіруге үйренеді. Мектептерде ұлттық мереке Ысыах, якут тілі жазуы мен әдебиеті күні, мемлекеттік күні, Республиканың егемендігі күні, орыстың халықтық мерекелері: масленица, қысты шығарып салу және тағы көптеген басқа салт-дәстүрлерін өткізуге дағдыланған.

Осылайша, тәрбие жұмысы бойынша жоспар жалпы ресейлік және әлемдік мәдениеттің бөлігі ретінде этномәдениет туралы базалық түсініктерді меңгеру үшін жағдай жасайды.

Оңтүстік Африка Республикасында (ОАР) 11 мемлекеттік тіл: ағылшын, африкаанс, оңтүстік ндебеле, коса, зулу, солтүстік сото, сесото, тсвана, свази, венда және тсонга тілдері есепке алынады. Сондықтан Оңтүстік Африка Республикасында көптілділік ең табиғи жаратылысынан болады. Оңтүстік Африка Республикасында мектептердің жартысына жуығы шағын жинақты мектептер.

Мектептерде сыныптан тыс іс-шаралардың бірі, бірнеше тілде (ағылшын және аймаққа байланысты тағы бір-екі) шешендік конкурстар өткізіледі, оларға жоғары сыныптың білім алушылары (8-12 сыныптар) ғана емес, бастауыш сынып білім алушылары да қатыса алады. Сондай-ақ, Мұралар күні (Heritage Day) мемлекеттік мерекесі тойланады. Бұл күні тарихи оқиғаларға жаңартулар жасалып, үстел жасалып, әндер айтылады және т.б.

Оқылатын тілді функционалдық қолдану үшін қарым-қатынас жасау ортасын құру, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін сабақтан тыс іс-әрекеттерді пайдалану мүмкіндіктері үштілділікті енгізудің үш басты құраушы бөлігі болып табылады.

Мектептердегі сабақтан тыс жұмыстар, ел ішіндегі сияқты шетелдерде де ғылыми-зерттеу жобаларды жазу және қорғауды, экскурсиялар, экспедициялар, үш тілдегі баспасөз-орталықтары жұмысын, мектеп театрларының, телестудий, пікір-сайыс клубтарының жұмысын, зияткерлік ойындар жүргізу, жазғы тілдік мектептер, халықаралық оқытушыларды тартуды қамтиды [11].

Сыныптан тыс жұмыс тұтас педагогикалық процестің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оны ұйымдастыру, практикалық іс-әрекеттерде жүзеге

асырылады. Осыған қатысты сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың белгілі бір жүйелілігін айта кету керек. Ол жеке жұмыс істеуде де, бұқаралақ жұмыста да қолданылады.

1. *Тәрбиелік міндеттерді зерттеу және қою.* Бұл кезең, тиімді тәрбиелік ықпал ету үшін білім алушылар мен сынып ұжымын зерттеуге және тәрбиелік міндеттердің сыныптағы қалыптасқан жағдайлар үшін ең маңыздыларын анықтауға бағытталған.

Кезеңнің мақсаты – оның оң аспектілерін (баланың бойындағы, ұжымдағы жақсылықты), түзетуді, қалыптастыруды және ең маңызды міндеттерді тандап алуды қажет ететін де анықтап алудан тұратын педагогикалық шындық объективті бағалау.

Зерделеу қазіргі белгілі педагогикалық зерттеулер әдістері арасындағы, бұл кезеңде жетекші болып табылатын бақылау көмегімен жүзеге асырылады. Бақылау көмегімен педагог бала және ұжым туралы ақпарат жинайды. Шағын жинақты балалар ұжымындағы мұндай жұмысқа мұғалімнің толық шамасы келеді, оны өткізу жалпы мектеппен салыстырғанда салыстырмалы түрде аз уақыт алады. Әңгімелесу, бұл ретте баламен және сыныппен ғана әңгімелесу емес, ата-аналармен, сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдермен де әңгімелесу ақпараттық әдіс болып табылады.

Жеке жұмыс жүргізуде баланың іс-әрекеттері нәтижелерін зерделеудің зор маңызы бар: жасағандары, баяндамалары, жобалары және т. б.

Ұжымды зерттеп білуде социометрия әдісі ақпараттық болып табылады, оның көмегімен педагог ең танымал және танымал емес балалар туралы, шағын топтардың бар екені, олардың арасындағы өзара қарым-қатынас сипаты туралы біледі.

2. Алдағы болатын сыныптан тыс тәрбие жұмысын *моделдеу*, педагогтің өз қиялындағы белгілі бір формадағы бейнесін жасаудан тұрады. Бұл арада бағдар ретінде мақсат, жалпы міндеттер, сыныптан тыс жұмыстарды пайдалану керек.

3. *Моделді практикалық тұрғыда іске асыру*, нақты педагогикалық процесте ойға алынған тәрбие жұмысын жүзеге асыруға бағытталған.

4. *Жүргізілген жұмысты талдау*, моделді нақты іске асуымен салыстыруға, сәтті және проблемалық сәттерді, олардың себептері мен салдарларын анықтауға бағытталған. Одан әрі тәрбие жұмысына арналған міндеттерді қою элементтері өте маңызды. Бұл кезең одан әрі сыныптан тыс жұмыстың тәрбиелік міндеттерін, мазмұнын, формаларын және жоспарлануын түзету үшін өте маңызды.

Кез келген тілді білу, қарастырылып отырған тақырып (үштілді қарым-қатынас) аясында, қарым-қатынас саласында тиімді дамиды және жетілдірілетіні белгілі.

Бүгінде әлем мәдениеттер диалогы бағытында даму үстінде, бұл әр адамға өз мәдениеті аясынан тысқары шығуына көмектесуге, жаңа мәдениет жағдайында өзін жат сезінбеуге мүмкіндік береді. Жоғарыда атап көрсетілгендей, әлемнің көптеген елдері көптілді білім беру жолымен жүріп келеді. Қазақстанның өзгеше ерекшеліктері бар. Ол, Л.С. Сырымбетованың, Р. М. Жумашева, Д. Нығметұлы, С.А. Шүнкеева, Б.А. Жетпісбаевалардың зерттеулеріне сәйкес бірқатар факторлармен анықталған:

Біріншіден, Қазақстан үшін көптілділік идеясы түбегейлі жаңа болып табылмайды. Қазақстанда жүзден астам мектеп үш тілде білім беруді жүзеге асырып

келеді. 2007 жылы ел Президенті Н. Назарбаевтың «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасы бастамасымен басталған.

Екіншіден, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға назар аударылған.

Үшіншіден, үштілді білім бағдарламасы, қазақ тілі мен орыс тілін ана тілі емес ретінде және ағылшын тілін шет тілі ретінде CEFR (Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттері) типі бойынша деңгейлеп оқыту принцип бойынша құрылады. Бұл әлемде танылған тілдерді табысты оқыту моделі.

Төртіншіден, үштілді білім берудің негізін салушы идеясы, ол оның негізі, өзегі және сонымен бірге «үшбұрыштың» жоғарғы нүктесі ретіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады.

Бесіншіден, Қазақстандағы үштілді білім берудің ерекшелігі көбінесе, тілдік ахуалды дамытудағы тарихи алғышарттарға негізделген.

Соңғы тұжырымдау орыс тіліне де қатысты. Оның мәртебесі, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның тарихи мұрасының бөлігі. Бүгінде орыс тілінің қазақстандық нұсқасы дамуда. Орыс тілді Қазақстанның ерекшелігі, ол орыс тілінде сөйлейтін адамдардың көпшілігі міндетті түрде этникалық орыстар емес. Бұл орыс тілін ғана білетін қазақтардың өзі немесе қостілді қазақтар.

Және сайып келгенде, үш тілді олардың бәсекелестігінде емес, олардың бірлігінде білу біз үшін маңызды [12].

Қазіргі уақытта Қазақстада жүргізіліп жатқан мектептегі білім беруді жаңғырту, ең алдымен білім мазмұнын сапалы жаңарту және оның дамытушылық сипатын қамтамасыз етуге байланысты. Үштілді білім беру аясында сыныптан тыс жұмыста балалардың тұлғалық және тілдік әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптасады.

Барлық оқытылатын тілдер олардың ең маңызды функцияларына сәйкес қарастырылады: коммуникативті, ойлау, танымдық, реттеушілік.

Тілдерді табысты меңгеру үшін білім алушылардың тілін және қабілеттерін дамытуға көмектесетін табиғи жағдайларға жуық, еркін немесе арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас жағдайындағы оқыту мен тәрбиелеу ортасы үлгіленеді.

Жаңартылған бағдарламаларда өтпелі тақырыптардың болуы арқасында, үштілді лексиканы қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар бар. Мысалы, мына сияқты:

«Менің Отаным – Қазақстан»

«Табиғат құбылыстары»

«Адами құндылықтар»

«Қоршаған ортаны қорғау»

«Мәдени мұра»

«Ғарышқа саяхат»

«Мамандықтар әлемі»

«Болашаққа саяхат».

Мұндай тәсіл пәнішілік және пәнаралық байланыстарды іске асыру үшін тамаша мүмкіндіктер жасауға мүмкіндік береді.

Сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) 4 түрін дамыту халық ауыз әдебиетін, көркем әдебиетті, ғылыми-танымдық мәтіндерді зерделеу және түпнұсқа материалдарды: журналдар, газеттер, нұсқаулықтар, аннотация, жарнамалардың мәтіндерімен жұмысты пайдалана отырып, күнделікті өмірмен байланысу негізінде жүзеге асырылады.

Біздің мемлекетіміздің ерекшелігі, ол екі халықтың – қазақ және орыс, дұрысырағы орыс тілді (орыстар, немістер, татарлар, ұйғырлар, дүнгендер, украиндар, корейлер және басқалары) халықтардың бірлескен күнделікті өмірі жағдайындағы тілдік ортада пайда болған, оның өзіне тән «табиғи қостілділік» болып табылады. Бұл ретте әдетте қазақ халқының өкілдері екі тілді болып табылады – олардың басым көпшілігі ауызша орыс тілін еркін меңгерген. Орыс тілді халық қазақ тілін төменгі, аз дәрежеде меңгерген.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта шет тілін меңгеру деңгейін, Қазақстан Республикасының барлық ұлттары өкілдері үшін шамамен бірдей.

Табиғи қостілділік орнықты әрі тұрақты, ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді және тілдердің тоғысуы кезінде тілін өзгерту үшін тілдік негіз болып табылады.

Ағылшын тілін оқу және оны меңгеру, ол:

- мектепте;

- сыныптан тыс жұмыстарда;

- тілдік және арнайы курстарда нақты коммуникативтік жағдайды жаңадан жасаушы, табиғи жағдайға барынша әдістемелік жуықтайтын, жасанды жағдайларда шет тілін (ағылшын тілін) мақсатты зерделеудің салдары болып табылатын ұштаспайтын деп аталған көптілділікке байланысты.

Заманауи кезеңде мәдениетаралық өзара әрекеттесудің қалыптасқан көпмәдениеттілік жағдайда үштілді оқыту үлгісі кеңінен таралуда. Қазақстан үшін екінші тіл (орыс тілі), сонымен ол зерделеу объектісі ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынас құралы, оқыту тілі.

Осы бір деңгейге ағылшын тілін меңгеру (заманауи тәсілдерге сәйкес) жуықтауы тиіс:

- Білім алу әрекеті құралы ретінде екі тілді (ана тілі және ана тілі емес тілді) пайдалану негізінде белгілі бір салада пәнді оқыту және білім алушылардың пәндік білімдерді меңгеруі.

- Екі тілді өзара байланыстыра пайдалану арқылы белгілі бір пәндік білімді меңгеру және білім алу әрекеті құралы ретінде шет тілін меңгеру процесінде шет тілін оқыту.

Сонымен, тіл, ең алдымен арнайы білімдер әлеміне араластыру құралы ретінде қарастырылады және оқыту мазмұны оқу-тәрбие процесінің барлық буындарында пәндік және тілдік компоненттерін біріктіруімен ерекшеленеді.

ШЖМ жағдайында тілдік және коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін, білім алушылар мен олардың айналасындағыларды тарта отырып, сабақтан және сыныптан тыс жұмысты пайдаланған орынды.

ШЖМ жағдайында сыныптан тыс жұмыста ұжымдық оқыту тәсілін (ҰОТ) іске асыруға кең мүмкіндіктер бар.

ҰОТ – әртүрлі жастағыларды оқытуда өзінің тиімділігін көрсететін оқыту әдісі. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың табиғи құрылымын оқу

процесінде қамту – диалогтық жұптарды, топтық қарым-қатынасты. Үштілдік оқыту жағдайында сыныптан тыс жұмыста қолданылатын ҰОТ-ның негізгі тәсілдері мен әдістерін атап көрсетейік.

ҰОТ әдістері мен тәсілдері.

1. Әр түрлі тілдегі өлеңдерді (әндер, мәтіндер) бірлесіп жатап алу.
2. Белгілі бір тілде ақпараттар іздеу (ақпараттарды аудару) бойынша топпен жұмыс істеу.
3. Жобалармен бірлесіп жұмыс істеу (белгілі бір тілді меңгеру деңгейіне сәйкес тапсырмаларды бөлу).
4. Бірнеше тілде сұхбат алу (әңгімелесу) үшін сауалнамалар құрастыру.
5. Тілдік ортаға «Бойлап кіру» (мысалы, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі апталықтары).

ҰОТ қағидалары:

- жалпы түпкі нәтижелерге бағыттау;
- алынған мәліметтерді бір-біріне белсенді түрде және дұрыс беру;
- білім алушылар арасындағы өзара көмек және ынтымақтастық;
- тақырыптар мен тапсырмалардың (тапсырмалар мен міндеттерді бөлу) алуандығы;
- педагогикалық процеске қатысушылардың әр түрлі деңгейлігі (әр түрлі жастылығы);
- қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу процесіне әрбір қатысушының салымының құндылығы.

Мұндай оқыту мен өзара әрекеттесудің бірқатар артықшылықтары бар:

- мұғалімдер мен білім алушылардың әр түрлі тілде қарым-қатынас жасауларына көп уақыт пайда болады;
- тілдік қарым-қатынас жасауға ынталануы пайда болады;
- коммуникативті дағдылары жетілдіріледі;
- тілдік тәжірибесі ұлғаяды;
- пәндерге деген қызығушылығы артады.

Сыныптан тыс жұмыс процесі басқа да ұйымдастыру формаларымен қатар жетекші ретінде, ұжымдық ұйымдастыру формасымен қамтамасыз етіледі: жеке даралық, жұптық, топтық. Ұйымдастырушылық формалар мен әдістерді ақылмен құрамдастыру сыныптан тыс сабақтарды икемді құруға мүмкіндік береді, олардың басты мақсаты – ойша әрекет ету тәсілдерін, коммуникативті біліктілікті, ұжымдық еңбек дағдыларын, жалпыға танылған мінез-құлық нормалары мен білім алу жүйесін дамыту.

Мұғалім мен білім алушы келесі нұсқамаларды басшылыққа алады: оқыту тәсілдері мен қарқынын жеке даралау, бір-бірімен қарым-қатынас жасау мәдениеті алдыңғы қатарға қойылады.

Сыныптан тыс жұмыста ҰОТ-ны пайдалану кезінде келесі жұмыс жүйесі қолданылуы мүмкін: білім алушылар тапсырма алады, оны талқылайды, өздігінен (немесе мұғалімнің жетекшілігімен) әр қатысушыға арналған міндеттерді тұжырымдайды. Одан әрі тапсырмалар бойынша жоспар және есептік материалдарды белгілейді.

Жалпы, білім алушының іс-әрекеті мен мұғалімнің қызметі түбегейлі өзгереді. Ұжымдық сабақтарда әрбір білім алушы өзін мұғалімнің, әңгімелесушінің, әріптесінің ролінде байқап көреді. Әрине, ол лезде болмайды, бірақ білім алушылар бірлесіп жұмыс істей бастағанда міндетті түрде болады: барлығы бәрін оқытады.

Әрбір білім алушы, одан бір жағынан өзінділікті және ілгерілетуді талап ететін, ал екінші жағынан – ынтымақтастықта қарым-қатынас жасай білу, оқу міндеттерін шеше білуді талап ететін жүйеге, жұмыс процесіне тартылады.

Осындай жұмыс әрі қарым-қатынас жасау процесінде тілдік және пәндік білім, біліктілік және дағдыларды меңгеру болып өтеді. Нәтижесінде білім алушы коммуникативтік дағдыларды ғана алып қоймай, өз бетінше білім алу біліктігін де алады.

Мұндай сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру жақсы нәтиже береді, ақыл-ой мен тілді дамытуды және ең бастысы – бірде-бір қазіргі оқыту жүйесі бере алмайтын біліктілікті, еңбекқорлықты, өзіне сенімділікті, өзінділікті дамытуды қамтамасыз етеді.

Ұжымдық оқыту түрі кезіндегі мұғалімнің функциялары туралы мәселе принципті және өте маңызды. Ұжымдық оқыту тәсілі кезінде мұғалімнің рөлі айтарлықтай өзгереді.

Жұмыс принципі келесілерден тұрады: уақыттың $\frac{1}{4}$ бөлігінде білім алушылар өз бетінше жұмыс істейді, $\frac{3}{4}$ уақыт – жұп бойынша және тұрақты әрі ауыспалы құрамдағы топтармен, мұнда әрбір білім алушы өз бетінше жұмыс істейді. Содан кейін балалар бір-бірімен кездесе отырып, өздерінің тапсырмалары мен жауаптарын бөліктер бойынша тексеріп шығады. Бұл ретте білім беру жүйесі білім алушылардың бойында, өзіндік жұмыс және жолдастарымен қарым-қатынас жасау арқылы қалыптасады, ал мұғалім осы жүйенің қалыптасуына көмектеседі, ықпал жасайды. Ұжымдық оқыту түрі жүзеге асыру кезінде, әсіресе қалыптасу процесінде, мұғалім ұйымдастырушы ролінде де шығып көрінеді: өйткені, оған барлық білім алушылардың көңілін аударып баулу, оларда алдымен білім алу, содан кейін өздігінен білім алатын ұжым пайда болатындай етіп ұйымдастыру қажет.

Мұғалім сондай-ақ, тілдерді өте жақсы меңгерген болуы тиіс. Сондықтан, оған сонымен қатар жақсы тілдік тәжірибе қажет.

Сыныптан тыс жұмыстың ұжымдық түрін ұйымдастыру кезінде негізгі – сыныптағы барлық білім алушыларды ұжымдық істерге қосу. Бұл ауыспалы құрамда жұптасып жұмыс істеу болуы мүмкін, оның үстіне әр жұпта алға қойылған міндеттерге байланысты көшбасшысы өзгеруі мүмкін. Жалғыз адамға тілдерді оқыту мүмкін емес, сондықтан жұптасып жұмыс істеу білім алушылардың білімін біріктіруге, оларды керекті арнаға бағыттауға мүмкіндік береді.

Сыныптан тыс жұмыстың мақсаты нақты жағдай үшін әртүрлі болуы мүмкін, алайда тілдік мақсаттар (сөздік қорды толықтыру, тілдік конструкциялардың жаңа түрін құру) әрдайым бар болады. Мұғалім әрбір білім алушының әрқайсысы қалай ілгері жылжитынын бақылап отырады. Әрине, осы күрделі жетілдіру уақытында мұғалімдер ұжымының көмегі үлкен демеу болып табылады. Мектеп педагогикалық және тілдік орта құруға ұмтылуы тиіс. Ұжымның өзі тілдік тәжірибеге мүдделі болуы тиіс.

Ұжымдық оқыту түрінің технологиясының басты критерийі: барлық білім алушылар оқиды және өзінің коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді.

Білім алушылар түрлі пәндерді игеруде, әр түрлі қарқынмен жылжуы мүмкін екені тән. Және әр түрлі деңгейлер – бұл ұжымдық оқыту тәсілі кезінде қалыпты құбылыс, мұнда басты бағдар бағалау емес, материалды сапалы меңгеру болып саналады. Білім алушы оны тамаша баяндап, дәлелдеп, тәжірибеде қолдануға және одан да жоғары деңгейге көшуі мүмкін.

Тілдік және коммуникативтік дағдылардың дамуы үштілді білім беру жағдайында дәстүрлі түсініктегі бағалауға жатпайды. Мысалы, орыс тілді бала оған түсінікті деңгейде пән бойынша материалды қазақ тілінде баяндай алады және сонымен бірге қазақ тілінің ауызекі жақсы дағдыларын меңгерген. Бұл шет тіліндегі тілдік дағдыларға жатады. Балалар түсінікті деңгейде коммуникация (сауалнамалар жүргізеді, ақпаратты табады) құрады, бұл ретте жалпы мақсаты – оқу-жаттығу мен қарым-қатынастың түрлі жағдайларында тілді қолдану.

Мектептің басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың бойында әлемнің жаһандық проблемаларын көріп, түсініп және оларды шешу тәсілдерін таба білуді, әлемге біріңғай өзара байланысты тұтас ретінде көзарас қалыптастыру. Мұғалім ауыл мектебінде бірнеше пәннен сабақ жүргізген кезде, әсіресе кіріктірілген сабақтар жүргізгені орынды.

Осындай сабақтан тыс жұмыстардың негізіне пәнаралық байланыстар алынуы тиіс, олар білім беру мазмұнының басты элементтерін жеке бөліктерге бөлуге, оқу әрекетінің жүйе құраушы идеяларының, ұғымдарының, тәсілдерінің дамуын алдын ала ескеруге мүмкіндік береді. Біріктіру, бір жағынан «әлемді тұтас» көрсетуге, ал екінші жағынан – бейіндік саралауға пайдалануға боландай етіп, оқу уақытын азайтуға мүмкіндік береді.

Біріктірілген сабақтан тыс және сыныптан тыс сабақтардың артықшылықтары, ол:

- оқуға ынталануын арттыруға, білім алушылардың оқу әрекеттерін, танымдық қызығушылығын қалыптастыруға және құбылыстарды бірнеше тараптардан қарастыруға ықпал етеді;

- тілді дамытуға, білім алушылардың салыстыру, қорыту, қорытынды жасау, оқу-тәрбие процесін қарқындату, шамадан тыс зорлануды, артық жүктемені болдырмауға көп дәрежеде ықпал етеді;

- пән туралы түсінікті тереңдетіп, ой-өрісті кеңейтіп қана қоймай, жан-жақты дамыған, үйлесімді және интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді;

- біріктіру белгілі бір қорытындыларды, білім алушылардың әр түрлі пәндерден бақылауларын растайтын немесе тереңдететін, фактілер арасындағы жаңа байланыстарды табу көзі болып табылады.

Бұл балаға әлемнің тұтастығын және адами қарым-қатынастардың құндылығын көрсетуге бірегей мүмкіндік береді.

ШЖМ жағдайында (үштілділік контекстінде) сыныптан тыс жұмысты жүргізудегі маңызды сәт балалар мен мұғалімдер ұжымын ғана тарту емес, балалардың тілдік және жеке өзінің дамуына ата-аналардың белсене араласуы болып табылады.

Балалардың, ата-аналардың, мұғалімдердің, ауыл тұрғындарының бірлескен шығармашылығы – баланың тілдік тұлғасын, оның зияткерлік және адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін берекелі негіз. Сабақтан тыс білім беру кеңістігін кеңейту оқыту процесі мен білім беруді көп деңгейлі және көп функционалды етуге мүмкіндік береді. Тек бірлескен іс-әрекеттерде ғана бала өзін ашып көрсетіп, жеке коммуникативтік қасиетін, ынтасын таныта алады. Осындай іс-әрекетте кешенді өмірлік дағдылар пысықталады.

Егер білім алушылардың сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмысын ұйымдастыруға олардың ата-аналары тартылса, балалардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығы айтарлықтай артатынына тәжірибеден көз жеткіземіз.

Бұл ересектерге баланы оқыту мен тәрбиелеуде біріңғай тәсілдер жасап шығаруға, онымен пікірлес, одақтас болуға мүмкіндік береді.

Оқу проблемаларын шешу кезіндегі ата-аналар мен педагогтардың өзара іс-әрекеттерінің кейбір тәсілдері:

- тілдерді бірлесіп оқып үйрену және отбасында осы тілдерде қарым-қатынас жасау;

- тілдік қарым-қатынас жасауда баланың проблемаларын анықтау және басқа да педагогтар мен білім алушының өзін қатыстыра отырып оларды шешу тәсілдерін іздеу;

- тілдік қарым-қатынас жасау үшін бірлескен сыныптан тыс іс-шаралардың жоспарларын жасау;

- басқа тілдерде пәндерді оқып білу туралы, тілдерді оқып үйрену туралы ата-аналарының пікірлерін зерттеу.

Педагогқа ата-аналар мен балалардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру маңызды. Сыныптан тыс іс-шараны дайындау кезінде отбасылық жобалардың орындалуын осы мақсатта қолдануға болады.

Нәтижелерін білім алушылар және ата-аналар (бірге немесе бөлек) сабақтардың бірінде ұсынады.

Қорытындысы бойынша отбасылық байқаулар ұйымдастыру орынды, олар шығармашылық үй тапсырмаларының орындалуын, сабақтарда немесе олардан кейін отбасылық командалардың дайындықсыз жарысын, отбасылық шығармашылық нәтижелерінің көрмелерін ұйымдастыруды жорамалдайды. Мұғалім ата-аналарды тарта отырып, білімнің қоғамдық байқауларын, шығармашылық есептер өткізе алады, ата-аналар сондай-ақ осы іс-шараларды дайындауға (балаларға сыйлықтар, тосын сыйлар дайындау, осы тақырып бойынша білім алушылар үшін өмірлік маңызды мәселелерді таңдау, ата-аналардың сөзі) және өткізуге (балалардың іс-әрекеттері нәтижелерін бағалау және талқылау, марапаттаулар тапсыру, қазылар алқасында жұмыс атқару) қатыса алады.

Оқу сабақтарын ұйымдастыруға ата-аналарды тартудың тәжірибеде әр түрлі тәсілдері пайдаланылады:

- сабаққа әдістемелік материалдарды дайындау;

- сабақта ата-аналардың немесе мамандардың зерделенетін проблема бойынша шығып сөз сөйлеуі;

- тілдерді бірлесіп оқыту және т.б.

Білім алушыларға өздерінің ата-аналарынан, әжелерінен және аталарынан алынған ақпараттарға байланысты үй тапсырмалары ұсынылуы мүмкін.

Ата-аналарға арналған ашық сабақтар өткізу сияқты жұмыс түрі тәжірибеде таралған. Олардың мақсаты әр түрлі болуы мүмкін: оқуда балаларға көмек көрсету кезінде ата-аналарға білу мақсатқа сай болып табылатын, білім алушыларды оқыту тәсілін көрсету; ата-аналардың назарын балаға, оның проблемаларына аудару; балалардың жетістіктерін көрсету, олардың жақсы жақтарын ашып көрсету, ата-аналарды балалардың істеріне қызықтыру. Басым мақсаттарға байланысты сабақтың құрылымы таңдап алынады, бірақ кез-келген жағдайда мұғалім балаларды жақсы жағынан көрсетуді, әсіресе кімнің ата-аналары іс-шарада қатысып отыр, соларға назар аударуды ойластырады.

Ата-аналардың пікірін тыңдау, олардың сұрақтарына жауап беру, сабақты талқылау мақсатында ересектер мен балалар үшін сұрақтар дайындау орынды. Балалардың жасына және сабақтың ерекшеліктеріне байланысты, талқылау ата-аналар мен балалардың қатысуымен жүргізілуі мүмкін. Ата-аналар ауызша немесе жазбаша түрде мұғалімге өздерінің пікірін, тілектерін білдіре алады. Осындай сабақтарды өткізген кезде баламен бірлесіп тапсырмаларды орындауға, шығып сөз сөйлеуге, сұрақтарға жауап беру, балаларға пікір айтуға ата-аналарды тартуға болады. Мұндай іс-шараларды жиі өткізу мүмкіндігі екіталай, бірақ олардың тиімділігі зор екені сөзсіз.

Балалардың оқу іс-әрекеттеріне ата-аналардың қатысуын ынталандыру және насихаттау қажет. Осыған байланысты, бірлескен шығармашылықтың нәтижелерін бағалау, оларды көрмелерде көрсету, ата-аналар мен балаларды алғыс хаттармен, білім алушының күнделігіне мақұлдау жазбалармен мадақтау, мектептің және жергілікті газеттер арқылы отбасылық конкурстар жеңімпаздары туралы баяндау орынды.

Ата-аналардың едәуір бөлігі мектептің педагогтарымен өзара іс-әрекетте болудың қажеттілігін, маңыздылығын жете түсінеді. Сонымен бірге баланы оқыту мен тәрбиелеуге олардың нақты қатысуы, елеулі түрде педагогтің өзінің кәсіби және жеке қасиеттеріне байланысты, оның ата-аналармен өзара іс-әрекет жасауға деген ықыласы мен талабына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға ата-аналарды тарту бойынша педагогтің нақты мақсатты іс-әрекеттеріне байланысты.

Шағын жинақты мектептің білім алушыларының әртүрлі жастағы ұжымы, білім алушыларға түрлі әлеуметтік: өзінен кіші жолдастары үшін жауаптының ересектің; топта жұмысты ұйымдастырушы мұғалімнің, рөлдерін меңгеруге мүмкіндік береді. Осындай сабақтарда коммуникативтік біліктілік дамиды. Балалар өзін-өзі бақылауға, өз бетінше білім «ала» білуге, оларды жинақтауға, қорытынды жасауға және ең бастысын көре білуге үйренеді. Әртүрлі жастағы топтың ересектер және кішілер мәртебесіндегі болатын айырмашылықтар – ол өзіндік «ересек өмірге машықтану». Бұл тілдік қарым-қатынас жасауға да оң әсер етеді.

Өзінің жолдасын оқыта отырып, білім алушы ақпарат беріп қана қоймайды: коммуникациялар процесінде ол бар білімдерінің маңыздылығын арттырып, оларды жаңаша ұғынады. Осы мағынада өзара оқытуды, басқа біреуді оқыту және өзін-өзі оқыту ретінде қарастыруға болады.

Шағын жинақты ауыл мектебінің әртүрлі жастағы ұжымдарында білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру – білім беру үрдісін ұйымдастырудағы негізгі проблемалардың бірі. Басқа сыныппен жұмыс істеу кезінде, келесі бір сыныптың білім алушыларымен өзіндік жұмыс ұйымдастыру, мұғалімнен сабаққа дайындалуда да және оны өткізуде де қосымша күш салуды талап етеді. Мұғалімнің алдында, түрлі дидактикалық құралдар: кітаптар, оқулықтар, компьютер, бейнематериалдар және т. б.; берілген алгоритм бойынша әрекет ете білу, мәтіндегі бастыны атап көрсету және т. б. көмегімен білім алушылардың бойында оқу материалының белгілі бір бөлігін игеру дағдыларын дамыту міндеті тұр. Бұл ретте мұғалімге сабақтың уақытын тиімді пайдалануды үйрену өте маңызды.

Ересектер мен кіші жастағы білім алушылардың өзара іс-әрекеттерін дамыту педагогтің ұстанымына, оның балалармен қарым-қатынас жасау стиліне байланысты. Мұғалім проблеманы шешу бойынша білім алушыны өзінің серіктесі ретінде қабылдауы маңызды. Педагогтың міндеті – баламен және балалардың бір-бірімен тең құқықты диалогын ұйымдастыру. Мұндай өзара іс-әрекеттің негізі, мұғалімнің білім алушылармен және білім алушылардың бір-бірімен серіктестік қарым-қатынас орнатудан тұратын *ынтымақтастық педагогикасының* идеялары болып табылады.

Ересектермен кішілердің өзара іс-әрекеттерін оңтайландыруда, білім алушылар өзін серіктес ретінде сезінуге көмектесіп, түрлі адамдармен өзара әрекет ете білуін дамыту, балаларды қарым-қатынас жасауға үйрететін арнайы ұйымдастырылған тренингтер өткізу маңызды рөл атқарады.

Шағын жинақты ауыл мектебі мұғалімінің ерекше назар аударуын қажет ететін және оқыту процесінің тиімділігіне ықпал ететін факторлардың бірі – оқуға ынталандыру. Балаларды оқуға басты ынталандыру көбіне сыртқы сәттерге бай: үйреншікті іс-әрекет жасау ретіндегі оқу процесі; көшбасшылық және абырой үшін оқу; ата-аналар алдындағы (ата-аналар мәжбүрлейді) парыз ретінде оқу; сәтсіздіктерден құтылу ретінде оқу. Мұғалімнің міндеті – білім алушының ынталану құрылымындағы оқуға ынталандырудың ішкі үлес салмағын арттыру. Танымдық іс-әрекетін жандандыруға, білім алушыға түсінікті, ол үшін маңызды, ол қиналғанда тірек нүктесі болып және үн қосатын, белгілі бір деңгейдегі, бірақ шешуге болатын қиындықтармен сипатталатын оқу міндеттерін қою арқылы қол жеткізіледі. Өзінділік түрінде оқу іс-әрекетін ұйымдастыру – проблеманы шешудің ең маңызды жолдарының бірі. Сабақта бай шығармашылық ортаны құру – мұғалімнің міндеті.

Шағын жинақты ауыл мектебі жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру, мұғалімнен оның психологиялық-педагогикалық негіздерін терең ұғынуды, педагогтің кәсіби біліктілігі мен дағдыларын:

- интерактивті технологияларды меңгеру және практикалық тұрғыда қолдануды;
- білім алушылардың өзіндік жұмысы ұйымдастыруды;
- ішкі ынталандыруға назар аудара отырып, білім алушыларды оқу іс-әрекетіне талаптандыруды;
- тиімді оқытудың маңызды факторы ретінде шығармашылық мазмұнды ортаны құруды жетілдіруді талап ететіні анық болып отыр.

Әрине ауыл қауымдастығы, мектеп мүдделері мен мектептің іс-әрекеті ортасына өз кезегінде ата-аналарды тартып отыратын мектептің әрекетіне мүдделі. Бір параллельдегі білім алушылар санының аздығы, әр түрлі жастағы балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, мектепті аздап отбасы бойынша құру, ерекше ұрпақаралық қарым-қатынастарға алып келеді, мұны үлкен мектепте арнайы ұйымдастыру керек, ол өте оңай емес; жақсы шағын мектепте бұл дерлік автоматты түрде пайда болады. Бірақ мұнда, әрбір нақты жағдайда жеке іздестіру қажет болатын оны шешу жолдары да, ол туралы есте сақтау керек болатын қарама-қайшылық та бар.

Бала саны аз мектептің әдетте үй-жайы кішкентай болады. Және бұл үй-жайда бастауыш мектептің балалары мен жасөспірімдер бір бірімен қатар өмір кешіп жатады. Шағын жинақты мектептер үшін елеулі проблема туындайды: әр түрлі ұрпақтардың жалпы белсенді өмірі мүмкіндіктері мен дамуы үшін түрлі орталардың қажеттілігін шағын үй-жайда қалай біріктіруге болады.

Білім алушылардың аздығынан, ауызша сөйлесуге, мазмұнды бағалауға, әр баланы қолдауға көбірек мүмкіндіктер пайда болады. Әсіресе бірнеше тілде оқытуда. ШЖМ-да мұғалімдердің балаларға, балалардың бір-біріне, олардың тентектігіне, нақты проблемаларға және есеюдегі күрделіліктеріне қатысты шыдамды болу мүмкіндіктері көбірек. Шағын мектепте балалардың күнделігіндегі жазбалармен шектеліп қана қоймай, ата-аналарымен жан-жақты қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер көбірек.

Шағын жинақты мектепте тәрбие жұмысын жүргізуде белгілі қиындықтар туындайды, олардың ішіндегі бастысы білім алушылардың қарым-қатынас жасау ортасының аз көлемді болуы себепті және ана тілі мен ана тілі емес тілдерде тілінің даму деңгейінің төмендеуінен білінетін даму мүмкіндіктерінің шектеулілігі, эмоционалдық саласы, сыныптардың толымдылығының аздығынан, оқуға нағыз ынталандырудың болмауынан қатты шаршаушылық. Ұжымда қызықты сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндігі болмағандықтан сынып жетекшілері де қиыншылыққа ұшырайды.

Белсенді азаматтық позицияны қалыптастыру алуан түрлі проблемаларды шешу дағдыларын білім алушылардың бойында дамытуға ықпал ететін тәрбиелеудің белсенді түрлері мен әдістерін педагогикалық процеске енгізу, әлеуметтік маңызды іс-әрекеттерге қатысу негізінде жүргізіледі. Осындай әдістердің бірі *жобалар әдісі* болып табылады, мұнда балалар өз мүдделерін негізге ала отырып, мұғаліммен бірге бір пән бойынша немесе біріктірілген өзінің жеке жобасын орындайды, қандай да бір практикалық, зерттеушілік жұмыстарын жүзеге асыра отырып, олар тілдік және коммуникативтік дағдыларды меңгереді. «Жобалар әдісін» пайдалана отырып, білім алушылар қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді зерттеу тапсырмаларын орындайды. Мұндай жұмыс мектепті консультация беруші, жоспарлаушы, басқарушы орталыққа айналдырады.

Жобалық әдіс түрлерінің бірі *әлеуметтік жобаларды* жүзеге асыру болып табылады. Кез келген жобаны әзірлеу және жүзеге асыру білім алушыларға өзінің азаматтық ұстанымын анықтауға, көшбасшының рөлінде өз күшін сынап көруге, өзінің іріктеуші немесе әлеуметтанушы рөлін бағалауға, өкілді билік органдарына

қатысудың мағынасын түсінуге, заңдардың рөлін түсінуге және оларды мүлтіксіз сақтауға дайын болуын өз бойында қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім алушылар түрлі жобалар әзірлей отырып, бір мезгілде Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуына тікелей қатысушылары болып табылады, өзінің энергиясы және құштарлығымен үздік патриоттық қасиеттерін көрсетеді. Жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыс нақты істі орындау кезінде білім алушыларды, педагогтарды, ата-аналарды, шенеуніктерді біріктіруге мүмкіндік береді; олардың қарым-қатынасы өзара тәрбиелеуші сипат алады.

Сондай-ақ оқытудың тиімді әдісі *өлкетану қызметі* болып табылды. Өлкетану білім алушылардың мұғалімнің әңгімесінен ауыл, аудан, өлке туралы білім алуын, өздігінен білім алуын, танымдық және ғылыми қызығушылықтарын білдіретін зерттеу процесінде туған өлкені зерделеуді қамтиды. Шағын жинақты мектептегі өлкетану – өлкетану жұмысының ең бұқаралық түрі. Ол көптеген оқу пәндерімен – географиямен, тарихпен, биологиямен, музыка, бейнелеу өнері, әдебиет және басқалармен байланысты.

Мектептегі өлкетанудың мақсаты – балаларды өмірге жақындату, кәсіби бағытын таңдап алуға дайындау, олардың ой-өрісін кеңейту, туған жерге деген сүйіспеншілігін, өз халқының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, жетістіктеріне мақтаныш сезімін тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың бойында азаматтық сана-сезімді қалыптастыруға мүмкіндік беру.

Отансүйгіштікке баулуға болмайды – оны ұқыптылықпен тәрбиелеу керек. Азаматтық тәрбие, балалардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтарға, жеке тұлғаларға деген оң көзқарасты, олардың қоғамдық өмір құбылыстарымен әрекеттесуін тәрбиелеуге бағытталған, тәрбиелік шаралар мен әсер ету.

Өлкетану бойынша сыныптан тыс жұмыс ерекше құнды. Өлкетану, ұлтаралық қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруға, Қазақстан аумағында тұратын ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін, ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, тарихына құрметпен және төзімділікпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған. Өлкетану өзекті міндетті де шешеді: туған өлкесінің рухани мұрасы мен мәдениетін сақтау, туған жерлерін білуге және сүйуге үйрету, тарихқа, өнерге, әдебиетке, мәдениетке көңіл қоюды үйрету, өз мәдени деңгейін көтеру мәселелеріне оң әсер етеді.

Өткенге деген терең қызығушылық, құлшыныс, іздестіру өлкетану жұмысының негізіне жатады. Бұл зерттеулер тілдік іс-әрекеттермен тығыз байланысты.

Өлкетану – кез-келген оқу пәні бойынша педагогтар мен білім алушылардың арасында ең көп тараған және танымал сыныптан тыс жұмыстардың бірі.

Өлкетану жұмыстары түрлері сабақ уақытындағы және сабақтан тыс болуы мүмкін. Сабақтан тыс өлкетану жұмысының түпкі нәтижесі газет, альбом, әр түрлі тілдердегі бейнерепортаждар болуы мүмкін. Бұл туристер үшін тартымдылығы (үш тілде материалдар іріктеу және басқалар) тұрғысынан туған өлкенің көрінісі болуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген әдістерден бөтен, сондай-ақ *танымдық ойындар* өткізу болуы мүмкін. Танымдық ойындар – ол, білім беру процесі қарым-қатынас жасау процесіне енгізілген, ал білім алушылардың белсенділігі оқытушының белсенділігіне теңгермелі немесе тіпті асып түсетін интерактивті әдіс.

Сонымен, білім алушыларды әлеуметтік маңызды іс-әрекет түрлеріне тарту, олардың бойында оң адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, қоғамшыл қасиеттер, белсенді азаматтар тәрбиелеуге ықпал етеді.

Қазақстанда ауыл мектебі, ең алдымен еңбеккер адам тәрбиелеудегі, ауылдың әлеуметтік өміріне дәстүрлі түрде көңіл бөлінетін рөлінің арқасында ерекше орын алады. Қазіргі уақытта ауыл мектебі ауылдың негізгі, ал кейде бірден-бір интеллектуалдық-мәдени орталығы болып табылады, сондықтан ауыл тұрғындарының тіршілік әрекетінің көптеген мәселелерінің шешімі оның іс-әрекетіне тікелей байланысты.


ШЖМ жағдайында үштілді оқыту аясында сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру одан әрі зерттеулер мен әзірлемелерді талап етеді.

Қолдағы бар статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасында қазірдің өзінде үш тілде оқытын белгілі бір білім алушылар бар екені анық.

Зерделеуге және таратылуға лайық оң тәжірибелер де жеткілікті.

Балаларды үш тілде оқытудың табыстылығы, сондай-ақ сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру білім беру ұйымының педагогикалық құрамына, яғни педагогикалық кадрларды қайта даярлауға байланысты. Нәтижелері б-диаграммада келтірілген.

ШЖМ мұғалімдерінің қайта даярлау курстарынан өтуі




б-диаграмма

ШЖМ-де үш тілде оқытуды даму жағдайында сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруды зерттеу мақсатында, әдістемелік ұсынымдамаларды әзірлеу барысында мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға еліміздің аймақтарындағы шағын жинақты мектептер мен ресурстық орталықтардың ұстаздары қатысты.

Алынған деректер ауылдық шағын жинақты мектептер мен ресурстық орталықтардың ұстаздарының үш тілде оқытуды дамыту жағдайындағы сыныптан тыс жұмыстардың өткізілуін талдауға мүмкіндік берді. «Қай жылдан бастап үштілділікті енгізу басталды?» деген сұраққа, 451 сауалнамаға қатысып жауап берушілердің 193 сауалнамаға жауап берушілері, жеті аймақта Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Түркістан облысында 2018 жылдан бастап енгізу басталды; 150 сауалнамаға жауап беруші (Қостанай, Павлодар және Солтүстік-Қазақстан облысында) 2017 жылдан бастап енгізу басталды деп жауап берді; 108 сауалнамаға жауап беруші 1 аймақта – Павлодар облысында 2016 жылы енгізу басталды деп жауап берді. Маңғыстау облысының ШЖМ-де үш тілде оқыту жүргізілмейді.

ШЖМ-де үш тілде оқытуды енгізу бойынша сауалнама нәтижелері



4-сурет

Біз осы әдістемелік құралды әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының ШЖМ-де үш тілде оқытуды дамыту жағдайында сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру бойынша деректер жинақтаған болатынбыз. Мұндай мектептердің санының ең көбі Солтүстік Қазақстан облысында 123 мектеп және Павлодар облысында – 108 мектеп орналасқан.

«Қандай ШЖМ-де үш тілде сыныптан тыс іс-шаралар жүргізіледі?» деген сұраққа, мұндай сыныптан тыс іс-шаралар барлық аймақтарда өткізіледі деген жауап алынды.

Мысалы, Ақмола облысының Жақсы ауданының «Белағаш орта мектебінде», Сандықтау ауданының «Мәдениет орта мектебінде» 6-11 сыныптарының білім алушылары үшін «Драма театры» атты сыныптан тыс іс-шаралар жүргізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының бірқатар мектептерінде: Бутаково ауылының «Негізгі орта мектебі», Поперечное ауылының «Негізгі орта мектебі», Ұлан

ауданының «Октябрдің 17 жылдығы атындағы орта мектебі», Күршім ауданының «Алғабас орта мектебі», «Бурабай орта мектебі», «Қаратоғай орта мектебі», «Құйған орта мектебі», «Сарыөлең орта мектебі», «Теректібұлақ орта мектебі» 5-8 сыныптарында тілдер күніне орай бастауыш сынып білім алушыларына арналған театрландырылған қойылымдар, үш тілде іс-шаралары жүргізіледі, балалар театрлары мен дөңгелек үстелдер, ертеңгіліктер, жиындар, талқылау клубтары құрылады, КТК-лар, зияткерлік ойындар өткізіледі.

Қарағанды облысының 22 мектебінде мына сияқты сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді: викториналар, конкурстар, КТК-лар, «21 ғасыр көшбасшысы» ойыны, үш тілдегі «Биология», «Мектептің полиглоты (көп тіл білетін адамы)», поэзия сағатын т. б. Бұл іс-шаралар үш тілде өтеді.

Қостанай облысының бірқатар мектептерінде: Ы. Алтынсарин атындағы Обаған орта мектебі қазақ тілінде оқитын 7-сынып білім алушылары үшін «Әдеби қойылымдар» өткізіледі; Аққарға ОМ, Забеловск ОМ, Красноармейская ОМ, Милютин ОМ, Мықтыкөл ОМ, Пригород ОМ, Степной ОМ, Тимирязев ОМ, Тохтаровский ОМ, Чайковский ОМ, Қосақан НМ, Станционный ОМ, Ырсай НМ, Тимирязев ОМ, Красногорский НМ орыс тілінде оқитын 5-11 сынып білім алушылары үшін үш тілде іс-шаралар өткізіледі: тілдер күні, викториналар, тілдер фестивальдары, әдеби қойылымдар.

Павлодар облысында үш тілде іс-шаралар 108 мектепте өткізеді. Мысалы, Железинский ауданы Михайлов ЖОБМ, Башмачин ЖОБМ, Мынкульский НМ 6, 8-сынып білім алушылары үшін мынадай сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді: «Егер адамдар дос болса, тілдер де достасады» атты қарым-қатынас сағаты, «Тіл – менің досым» атты ауызша журнал. Тереккөл ауданының Воскресенка ЖОБМ, Байқоныс ЖОБМ қазақ тілінде оқитын 7-11 сынып білім алушылары үшін «Тіл – асыл қазына» тақырыбына үш тілде сыныптан тыс іс-шара, пән апталықтары, викториналар өткізді.

Солтүстік Қазақстан облысында 123 мектеп сыныптан тыс іс-шараларды үш тілде жүргізеді: дөңгелек үстелдер, факультативтік сабақтар, элективті курстар, тіл үйрену клубтары, тілдер декадасына орай викториналар.


Түркістан облысында 4 мектеп тілдер күніне орай үш тілде іс-шаралар, үш тілде үзілістер, дөңгелек үстелдер, интеллектуалдық ойындар және т. б. іс-шаралар өткізді.

Зерттеу көрсетіп отырғандай, үш тілдегі сыныптан тыс жұмыс тәжірибесі, оқытудағы және сабақтан тыс іс-әрекетте ұжымдық тілдік өзара әрекеттесу тәжірибесі Қазақстанның көптеген ШЖМ-де іске асырылуда.

Қазіргі уақытта бұл бағыт белсенді түрде әзірленуде. Көптеген мұғалімдер мен әдіскерлер бұл процеске белсенді түрде кірістірілген.

Бұл мұғалімдер мен білім алушылардың тілдерді зерделеу және қолдануға құштарлықтарын, әртүрлі тілдерде қарым-қатынас жасап үйренуге ықыласы туралы білдіреді (7-диаграмма).

ШЖМ-де үш тілде сыныптан тыс іс-шаралардың өткізілуі



7-диаграмма

Сауалнамада «Ағылшын тілінде сыныптан тыс іс-шаралар өткізген кезде ШЖМ білім алушылары қандай қиындықтарды бастан өткеруде?» деген сұрақ қойылған болатын. Бұл мәселе көпшілік ШЖМ үшін маңыздылардың бірі болып табылады. Бұл бірқатар объективті және субъективті факторларға байланысты. Ауылдық шағын жинақты мектеп мұғалімінің іс-әрекетінің басты ерекшелігі оның ғылыми, әдістемелік және мәдени орталықтардан қашықтығы. Ауыл мұғалімі жаңа әдістемелік әдебиеттерді іздестіруде қиындықтарды басынан өткізеді, оған білім беру бағдарламаларын өз білім алушыларына бейімдеу жолдарын іздеуге тура келеді. Бұл сұраққа жауаптар көрсетілген кестеде орналастырылған. Сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі ресурстардың шектелуіне, мұғалімдер мен білім алушылардың әртүрлі дайындық деңгейлеріне, әдебиеттің жоқтығына байланысты елеулі қиындықтарға тап боламыз деп жауап берді.

8-кесте. Мұғалімдердің сауалнамаға жауаптары нәтижелері

Облыстар	Ұсыныстар
Ақмола	<p>Білім алушыларды оқыту тілін ескере отырып жасалған ұсынымдамалардың, оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі.</p> <p>Химия, биология, информатика, физика пәндері бойынша ағылшын тіліндегі әдебиет қорын ұлғайту.</p>

Батыс Қазақстан	Білім алушылардың тілді толық меңгермеуі, тілдік кедергі.
Жамбыл	ШЖМ-нің материалдық-техникалық жарақтандырылу деңгейінің төмендігі: лингафонды-мультимедиялық кабинеттер, аудио-бейне аппаратураның және т. б. болмауы. Оқу-әдістемелік базасының жетіспеушілігі: оқулықтар, әзірлемелер және т. б.
Қарағанды	Ресурстардың жетіспеушілігі, оқу-көрнекі, дидактикалық материалдардың болмауы. Оқулықтар мен әдістемелік ұсынымдар санының жетіспеушілігі. Ағылшын тілін оқуға білім алушылардың ынтасының төмендігі, олардың іс-шараларға қызығушылығының төмендігі. Дайындау кезінде ата-аналар тарапынан қолдау көрсетудің әлсіздігі немесе болмауы. Тілді дұрыс меңгермейді, барлығын түсіне бермейді.
Қостанай	Ағылшын тілін толық түсінбеуі, бұл пәнді оқып білуді қиындатады. Қарым-қатынас жасауда табиғи ортаның болмауы, ынталанудың төмендігі, ағылшын тілінде терминологияның ауыр игерілуі. Негізгі орта сыныптардың білім алушылары сөздік қоры, сондай-ақ тыңдауға байланысты қиындықтарды өткереді.
Павлодар	Ағылшын тілін жетік білмейді, ОӘК-нің көмекші базасы жоқ.
Солтүстік Қазақстан	Мұғалімдердің ағылшын тілінен жақсы базалық білімінің жеткіліксіздігі. Айту мен дұрыс жазудағы қиындықтар.
Түркістан	Ағылшын тілінен білім алушылардың әртүрлі деңгейі. ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқуға білім

	<p>алушылардың орташа ынталануы. Мектептің шектелген ресурстары мен мүмкіндіктері. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі.</p> <p>Арнайы әдебиеттер жоқ, материалдық база жоқ. Қарым-қатынас жасайтын ортаның болмауы, сөздіктердің жеткіліксіздігі, балалар ағылшын тілінде көркем әдебиеттер оқымайды.</p> <p>Шет тілінде сөйлеу дағдыларына байланысты білім алушылардың жеке тұлғалық психологиялық кедергілері. Көптеген білім алушыларға әлсіз қысқа мерзімді естігенін есте сақтау, қысқа кезеңде назар аударуы тән.</p> <p>Жабдықталған кабинеттің жетіспеуі.</p> <p>Кітаптар, көмекші материал әзірлемелердің болмауы.</p>
Шығыс Қазақстан	<p>Ағылшын тілінен білім алушылардың әртүрлі деңгейі.</p> <p>ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқуға білім алушылардың орташа ынталануы. Мектептің шектелген ресурстары мен мүмкіндіктері. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі.</p> <p>Арнайы әдебиеттер жоқ, материалдық база жоқ. Қарым-қатынас жасайтын ортаның болмауы, сөздіктердің жеткіліксіздігі, балалар ағылшын тілінде көркем әдебиеттер оқымайды.</p> <p>Шет тілінде сөйлеу дағдыларына байланысты білім алушылардың жеке тұлғалық психологиялық кедергілер. Көптеген білім алушыларға әлсіз қысқа мерзімді естігенін есте сақтау, қысқа кезеңде назар аударуы тән.</p> <p>Жабдықталған кабинеттің жетіспеуі.</p> <p>Кітаптар, көмекші материал әзірлемелердің болмауы.</p>

Көптеген аталған қиындықтар объективті және субъективті сипаттарға ие. Көпшілік аймақтар үшін өткір тұрған кадр мәселесі (оларды даярлау және қайта даярлау). Алайда, елеулі оң тәжірибе бар.

Жүргізілген зерттеулер негізінде, біз ең аса сәтті үш тілде жасалған сыныптан тыс іс-шаралар әзірлемелерін тандап алдық, олар қосымшада көрсетілген. Бұл әзірлемелер ұсынымдық сипаттарға ие, олар нақты сынып пен мектептің қажеттіліктерін ескере отырып, толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

Қорытынды

Елімізде соңғы жылдары болып жатқан білім саласындағы жаһандық өзгерістер, ауылдық шағын жинақты мектептердің қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізді. Шағын жинақты мектептердің жай-күйі мен дамуы, бүгінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен ел басшылығының тұрақты назарында болып келеді. Білім алушылардың қажеттіліктері мен мүдделерін дамытуды және анықтау үшін, сапалы білім алуға әрбір адамның конституциялық құқығын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау керек.

Шағын жинақты ауыл мектебі – бірегей әлеуметтік-педагогикалық феномен. Онда мұғалім жұмыс істеп қана қоймай, ол балалардың өмірімен өмір сүреді, өз мектебін өз отбасындағы сияқты табиғи тұрғыда жан жылуын беретін туған үйі ретінде қабылдайды. Мұғалім әрбір білім алушыны, оның ата-анасын, баланың мектептен тыс жағдайын біледі, оған көмектеседі. Бүгінгі күнгі отбасылық қолайсыздық ауқымында, балалардың денсаулығының психикалық және физикалық нашарлауы жағдайында бұл фактор оларды әлеуметтік қорғау сипатына ие. Бала саны аз мектептердің тәрбиелік артықшылықтары орасан зор, оларды толық жинақты мектептер ешқашан алмастыра алмайды. Шағын жинақты мектеп заманауи жағдайда өзінің барлық әлеуметтік және экономикалық проблемаларымен ауыл халқының өмірін тұрақтандырушы фактор ретінде көрінеді. Ауыл мектептерінің материалдық базасын және кадрлық әлеуетті тиімді пайдалану, дамыту, сақтау үшін жаңа тәсілдер қажет – ауылдың зияткерлік және мәдени өмірі орталықтары.

Ауыл мектебі, барлық типтегі мектептерден өзінің күрделілігімен және ұқсас еместігімен ерекшеленеді. Сондықтан білім алушылардың көптілді қарым-қатынас жасау және білім алуға қызығушылығын, оларды оқу әрекетіне ынталандыруды дамыта отырып, білім алушылардың іс-әрекет түрлерін, қарым-қатынастарын түрлендіру сияқты жағдайларда оқу және сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастырудың жаңа түрлерін іздестіру талап етіледі.

ШЖМ түлектері көптеген жылдар бойы ҰБТ нәтижелері бойынша құрдастарынан айтарлықтай кем түсіп келеді. Тілдерді оқыту және әсіресе ана тілі емес тілде оқыту – ұстаздар мен балалар үшін маңызды міндет.

Бүгінде, үштілді білім беру идеясын жүзеге асыру міндеті тұр, оны шешудің тиімді жолдарын табу қажет.

Шағын жинақты мектептерде көптілді білім беруді дамыту үшін жалпы білім беретін мектептерге қарағанда бірқатар артықшылықтары бар: білім алушылардың аз контингенті мұғалімге әр білім алушымен жеке-жеке жұмыс істеуге, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білім алушылардың білімі мен біліктілік әлеуетін, сөйлеу және тыңдау дағдыларын жандандаруға мүмкіндік береді. Үш тілде оқыту және соның салдары ретінде оларды меңгеру, білім алушылардың академиялық ұтқырлыққа, олардың халықаралық кеңістікте, мәдениетте және әр түрлі халықтардың дәстүріне еркін бейімделе білуіне ықпал етеді.

Бұл әдістемелік құралда ШЖМ жағдайында үш тілде оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері ашып көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесідей негізгі тұжырымдар жасалған:

- ШЖМ жағдайында үш тілде оқытуға табысты көшу үшін, осындағы мектептердің ұстаздары мен білім алушыларына арналған қосымша құралдар мен ұсынымдамалар қажет;

- көптілді білім беруді дамыту әрбір баланың жеке тұлғасының дамуы үшін үлкен келешегін жасайды;

- тілдік даму нәтижелі сабақтан тыс іс-әрекеттерде тиімді жүзеге асырылады;

- педагог-практиктер шағын жинақты мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелерімен үнемі бетпе-бет қалады, оларға жауап беру көп уақытты және жеке шығындарды талап етеді. Бұл шағын жинақты мектеп қызметкерлеріне бағытталған әдістемелік ұсынымдамаларды жасау қажеттілігіне себепші болып отыр.

Әдістемелік құралдың бірінші бөлімінде Қазақстанда көптілділікке оқытудағы айырмашылық ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Шетелдегі көптілді оқытуға талдау жасап ұсынылған.

Екінші бөлімде сыныптан тыс жұмыстарда ШЖМ жағдайында тілдік дағдыларды дамыту бойынша ұсыныстар берілген.

Сыныптан тыс іс-шаралардың әзірлемелері мен оларға ұсыныстар ұсынылған.

Осы ұсыныстар Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Акамедиясының қызметкерлерімен дайындалған.

Бұл әдістемелік ұсынымдамалар педагог-практиктер тарапынан сұранысқа ие болатынына біз үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Кен Робинсон. Изменение парадигмы образования. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=IAJUTxdYtrM>.
3. Абай Құнанбаев. «Қара Сөздер» (21-30). URL: <http://www.abay.nabrk.kz/index.php?page=content&id=106>.
4. «Мәдени әртүрлілік және мәдениеттер арасындағы диалогқа инвестициялау» дүниежүзілік ЮНЕСКО баяндамасы, 2010. URL: <http://unesdoc.unesco.org/images/0018/001852/185202r.pdf>.
5. Usage of content languages for websites. URL: https://w3techs.com/technologies/overview/content_language/all.
6. Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО. — Париж. — 2003. — 38 с.
7. China Daily. November 12-13. 2016 (The 2016 White Paper on Chinese Studying English).
8. http://www.mext.go.jp/a_menu/kokusai/gaikokugo/_icsFiles/afieldfile/2014/01/31/1343704_01.pdf.
9. К. Хууско, А. Корепанова. Образование в Финляндии. / Теория инновационной деятельности. Инновационные проекты и программ в образовании. №5. — 2010. — 11-16 стр.
10. Иванова А.В. Развитие поликультурного образования в Республике Саха (Якутия): историко-педагогический анализ. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук, Якутск, 2010. URL: <http://www.dissercat.com/content/razvitie-polikulturnogo-obrazovaniya-v-respublike-sakha-yakutiya-istoriko-pedagogicheskii-an#ixzz5W3Oo4afy>.
11. С. С. Зикирина. Қазақстанның мектепте білім беру жағдайында сабақтан тыс уақытта шет тілін оқуға оқушылардың қызығушылығын арттыру// Мектеп педагогикасы. — 2016. — №3. — 51-54 Б. — URL <https://moluch.ru/th/2/archive/37/1119/> (өтініш берген күні: 06.11.2018).
12. Сырымбетова Л. С., Жумашев Р. М., Ныгметулы Д., Шункеева С. А., Жетписбаева Б. А. Методологические подходы и основные стратегии обучения трем языкам в Республике Казахстан// Вестник Новосибирского государственного педагогического университета. - 2017, том 7, № 4. — С. 72 – 87.

Шағын жинақты мектептердегі сыныптан тыс іс-шаралардың сценарилері

Павлодар облысы
«Ақсу қаласының
дарынды балаларға арналған
мамандандырылған гимназиясы» ММ

Әдеби кештердің сценарияларын құрастырғандар:

Бакирбекова Г.А. – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.

Туллубаева К.Б.- орыс тілі пәнінің мұғалімі.

Шапауова К.М. – қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

Нургалиева С.Е. – ағылшын тілі мұғалімі.

Сыздыкова М.К. – ағылшын тілі мұғалімі.

Жинақтаған: Аккентаева К.М. – директордың ғылым жөніндегі орынбасары.

«ҒАСЫР АҚЫНЫ – МҰҚАҒАЛИ» әдеби- музыкалық кеш

Презентация. Пойыз үні естіліп, «Болашақ - Аманат» атты пойыз видео

1 видео

*Сахна
сыртындағы
дауыс*

Таслима
(жолсерік):

«Құрметті жолаушылар! Ақсу қаласына «Болашақ -Аманат» атты пойыз тоқтады».

Құрметті жолаушылар! «Болашақ – Аманат» пойызына билет алған жолаушыларды отырғызу басталды. Билеттеріңізді көрсетулеріңізді сұраймыз.

Бір топ жақындап, тоқтайды.

Таслима
(жолсерік):

Құрметті жолаушылар! «Болашақ – Аманат» пойызына отырғызу аяқталды. Шығарып салушылардан вагондарды босатуларыңызды сұраймыз.(қолында кітабы бар жігіт вагонға кірмей теңселіп жүреді). Азамат сіз неге кірмейсіз?

Таслима
(жолсерік)
Серікбол
(ақын)

Қарындасым тұра тұршы.
Мен пойызға мінсем қайта түспейтін сияқтымын.
Көктемгі ауа қандай таза! Аспан қандай ашық.
Япыр-ай! Неткен көктем! Көктем! Көктем!
Дүние-ау, Сен осылай көкпеңбек пе ең?!
Қымырандай ашымын қырға шығып,
Өзегімді жалайды өткен-кеткен.
Мына дала, мына өлке – жап-жас әлі,

Адамдардың жоғалды сан жасағы.
 Бір ұрпаққа бір ұрпақ жалғасады,
 Мына дала, мына өлке – жап-жас әлі.
 Жап-жас әлі. Ой да жас, орман да жас,
 Елтіп тұр. Көктемге болған ба мас?!
 Көзге күйкі жалғыз-ақ – қиырдағы
 Құлазыған, мүжілген қорған–қораш.
 Япыр-ай! Неткен көктем! Көктем! Көктем!
 Дүние-ау, сен осылай көкпеңбек пе ең?!
 Мәңгі-бақи түлеген қаз қалпыңда,
 Табиғат керемет ең неткен, неткен?!
 - Мекен-жәйің?
 - Мекен-жәйім - жер менің.
 Жерде жүрген ақын деген пендемін.
 Қалам, қағаз, уақыт бер тек аздаған,
 Мен өмірді жырлау үшін келгемін!
 Мына кісі біртүрлі екен. Кімге ғашықпын дейді? Жеке
 төлқұжатыңызды көрсетуіңізді сұраймын.
 Мен бұл пойыздың ең құрметті жолаушысымын, болашақта әлі
 танырсыз мені, қарындас!
 – Туған жерің?

Таслима
(жолсерік):
Серікбол
(ақын):
Таслима

Серикбол
Портрет ММ

– Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың.– Туған жылың?
 – 1931. Құрдасымын Шәмілдің.
 – Жынысың кім? – Еркекпін ғой, еркекпін!
 Және-дағы тәуірмін...
 – Партияда барсың ба?
 – Жоқпын. Бірақ коммунистік көзқараспен қараймын.
 – Шыққан тегің?
 – Шаруамын. Бар тірліктен бағалы оны санаймын.
 – Білімің ше?
 – Орташа ғой. Алайда өзім жоғарыға балаймын.
 – Ана тілің?
 – Қазақша. Қысылғанда орысша да, немісше де, тағы бар.
 – Қайда істедің?
 – Мынау «Еңбек кітапшамнан» танып ал.
 Оқымаған, дипломсыз демесең, Бір басымнан бар мамандық табылар.
 – Міндеттісің бе әскерге?
 – Міндеттімін. Біздің әлі жас кеуде.
 Жауынгердің ұлымын ғой, Жанын қиған Мәскеуге.
 – Сөгіс алып көрдің бе?
 – Ол жағынан періште едім дей алмаймын.
 Мен мүлде. Ойлы-қырлы бұл өмірде болады ғой мүлт кету, Ол өзі бір
 еншісі ғой ездің әрі ердің де...
 – Шетелдерде болдың ба?
 – Болғамын жоқ. Олар маған тұрған да жоқ қол бұлғап.
 – Мекен-жайың? Мекен-жайым жер менің Жерде жүрген ақын пендемін
 Қалам, қағаз, уақыт бер тек маған Мен өмірді жырлау үшін келгемін

Жүргізуші 1: - Кешіріңіз, ақын аға, бізден бір білместік өтті. Қарбаласта тани алмай қалдық. Төр сіздікі, жоғары шығыңыз, Мұқағали аға!

2 видео үзінді «Есіңе мені алғайсың» Фанфары

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар, ата-аналар және қонақтар!
Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Ғасыр ақыны - Мұқағали» атты әдеби - сазды кешімізге хош келдіңіздер!

Жүргізуші 2 Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали атамның артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық - шынымен бақытты халық.

«Қыздар – ай» биі

Жүргізуші 1: Құдіретті ақынға көзі тірісінде көрсетілмеген құрметтің, берілмеген сый-сияпаттың орнын толтырудың бір жолы, бір жөні бар: ол- ақынның қисапсыз рухани қазынасын ұлт игілігіне асыру біздерге міндет.

Жүргізуші 2: Олай болса, Мұқағалиның рухани қазынасын үш тілде, ұлт игілігіне асыратын ХХІ ғасырдың жастары - біздерміз. Ақын өмірбаянын ағылшын тілінде таныстырып өтейік.

Меруерт Лаура Mukagali Makatayev is a Kazakh Soviet poet, writer and translator. He was born on the ninth of February in 1931 in Karasaz village of Almaty region. In 1948-49 he studied at the Faculty of Philology of the Kazakh State University. In 1952—1962 he worked in high school as a teacher of Russian language, a speaker on the Kazakh radio, an executive secretary of the Soviet border newspaper, a literary contributor to the newspapers “Socialist Kazakhstan” and “Culture and life”, “Star” magazine. In 1970 he joined the Writers’ Union of Kazakhstan. In 1973-1974 he studied in the Moscow Institute of arts and letters.

Жүргізуші 1: Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін,
Ермек үшін немесе өлмеу үшін.
Жазсам, жазам жырды мен жасырмаймын,
Жаралы жүректерді емдеу үшін.

Жүргізуші 2: «Я поэт, пришедший воспеть жизнь» пишет Мукагали Мақатаев. И на самом деле главным в творчестве поэта является любовь к жизни. Жизнь в постоянном поиске, в творчестве, любви к окружающим.

Жүргізуші 1: Mukagaly Makataiev was a popular, kazakh lyric poet and he wasn't marked in his period but now his creation is very high and was given State prize after dead.

Нурхат Кто я? огонь, охвативший полмира? Ил уголёк? Рифмоплёт иль поэт?
Так как сегодня нет хана Жангира, Нашу эпоху минул Махамбет.
Я, к сожаленью, не стал Спартаком, А ты разве пробовал Цезарем стать?
На всём притяженьё огромной земли К векам обращаюсь
- Но нет мне ответа,

Нет здесь Магжана, нет Махамбета, - Есть Макатаев Мукагали!

Асет: О чём вы задумались, горы, Держа на плечах небеса?
На склонах, усталых и голых, Взойдут молодые леса.
О чем вы задумались, тучи, Кочевники в небе седом?
Что может быть легче и лучше На землю вернуться дождём.
О чем вы задумались, люди, О собственной трудной судьбе?
О тех, кого помним и любим? О правде? О завтрашнем дне?

Жомарт Не сыйлайды, не береді келер күн?! Неде болса тірі тұрсам көрермін.
Желідегі құлынымын мен елдің, Көгендегі козысымын мен елдің.
Не сыйласын, несін берсін ел маған?! Тұрсақ екен елім де аман, мен де аман.

Таулар - менің таусылмайтын бақытым, Ал ырысым - ұланғайыр кең далам.
Не істемекпін алтын, гауһар, жақұтты, Оларды іздеп өткізбеспін уақытты,
Мен бақытсыз бола қойман сірә да, Туған елім болса екен бақытты.
Дәнеңе де сыйламасын келер күн. Сый көрмей-ақ суалармын, сөнермін.
Туған елім тұғырында тұрса екен, Әрі қарай... Әрі қарай көрермін...

Ақырын әуен ойналады.

Бадинур
3 видео Березка с сердечками-листьями, Давай поменяемся жизнями.
И стану я тысячелистным, А ты будешь – с сердцем единственным.
Мы договорились, березка, Пусть это смешно и наивно,
Но я предлагаю серьезно, Давай поменяемся жизнями.
Увидишь мир смутный и грозный Моими глазами пристальными,
В лесу, где березки-невесты, Мне тоже найдется место.
Я жизнь совсем неизвестную В лесу, где березки-невесты,
Мне тоже найдется место. Я жизнь, мне совсем неизвестную,
Глазами березки исследую. Питаешься ты от земли,
Питаюсь и я от земли, Твой корень пророс из земли,
Моя жизнь родилась из земли. Ты без языка, но душа есть,
Вся разница – я человек Мне сердце мое жить мешает,
Твои – тысяча – тянут твой век. Поэтому жить будешь долго –
В грядущем в тебе больше толка. Единственное мое сердце
Перестанет стучать – мне конец. А тысяча листьев-сердец
Весною проснутся, деревце, Лист проклюнется как птенец!
Березка с сердечками-листьями, Давай поменяемся жизнями.
Ты станешь поэтом редчайшим, Я стану березой торчащей.
Меняемся, договорились? В толпе и в лесу растворились!..
Оказывается, все так просто!...Так будем меняться, весь век,
Я – то человек, то – березка, Ты – то березка, то – человек.

Жүргізуші 1: Мұқағали поэзиясына бас имейтін адам жоқ. Қазақ жырын, қазақ өлеңін оқитын халқы барда, Мұқағали ақынның да халқымен бірге, ұлы Тауларымен бірге, ұлы Даласымен бірге өмір сүрері, ғұмыр кешері ақиқат.

Жүргізуші 2: There is no place like your motherland
The place where you were born
The place where you grew up
The place which has given you memories of a lifetime

Фондық музыка «Детство» А.Енсепов

- Лаура** The Last Spring of war As If painted in green Those hills those mountains
Is it painted in green
By the last year of war, Ninteen forty-five spring? As if clouds in blossom
Jumping ator the rocks Blue sky in peace Like a pearl's bliss As if
that old forest Woke and bloomed to glow Merrily singing flowers
Jealously hide their prickles
Thus you had come Gifting freedom and joy
The last spring of war Folk had longed so for!
- Алишер** Поэт провел несколько лет в Москве, он учился на Высших литературных курсах.
Перед отъездом из Москвы Мукагали Макатаев прощается с Пушкиным:
-А теперь попрощаемся, предводитель поэтов!
Завтра я возвращусь в свои рыжие степи, Сокол может быть соколом только в степях,
Беркут может быть беркутом только в горах, Завтра я возвращусь в свои степи родные.
Что ж, прощай, будь здоров, предводитель поэтов! Не сердись, что на ты говорю я вот здесь.
Быть поэтом – не быть всех известней на свете, Для поэта важней всего его честь.
- Асет** Жазылар естеліктер мен туралы, Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін, Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.
Аңыз ғып айтар мүмкін қылығымды, Қылығымды ұнатқан жұлынуды.
Жаксы көрген дер мүмкін «жылынуды» Әйтеуір қазбас былық-шылығымды.
Жазылар естеліктер нешелеген, Көрерміз онын, бәрін пешенеден.
Әйтеуір, білетінім бір-ақ нәрсе - Көшеді өлең немесе өшеді өлең!
Қулары, таудың қызыл түлкісі дер, Момындар, біздің үйдің кірпіші дер.
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен, Менің нәзік жанымды кім түсінер!?
- Жүргізуші 1:** Мукагали Макатаев писал: Родина! Родина! Как бы я без тебя жил? Я бы вечным скитальцем был.
(*сахна сыртында*) Я бы горькие слезы лил, Никогда б никого не любил.
- Жүргізуші 1:** **4 видео** *Ән «Саржайлау» Сабыржан Адина, Берденбек Амина*
Первые стихи семнадцатилетнего Мукагали Макатаева нашли своих почитателей, читатели узнавали своего поэта по публикациям в газетах и журналах, Его стихи вошли в сборник «Жастар жыры». А вот первая книга стихов М.Макатаева вышла, когда ему было тридцать три года.
- Жүргізуші 2:** Иә, алғашқы жыр жинағы жарыққа шыққанда 33 жаста болған Мұқағалидың небәрі 12 жылдық өмірі қалғанды. Соны сезіп білгендей ақын жүрегі алабөтен асығады.
Қай күні менің тәмамдалады дастаным?
Бітпесе екен, жаңада ғана бастадым... – деп жанұшыра үн қатады.
- Экранда Ақынның жан күйзелісі...**
Қойылым / 5видео
- Асхат** Мұқағали Мақатаевтың қазақ әдебиетінде жарияланған өлеңдерінде күңгірт, көмескі ойлар, жұмбақ, жұтаң ойлар баршылық.

Ақын, ақын өмірдің сан алуан сырын астарлап жырлаймын деп отырып, жеке адамның басында кездесетін күйректілік, күйбең сарындарға бой алдырып кеткен!

Қазақ әдебиетінің басшысы Ғабдуллинге газетке баратын материалдарға жауапсыз қарағаны үшін ескерту жасалсын!

Ей безілдектер, сендер емессіңдер, маған баға беретін, нағыз бағалаушылар әлі алда, жылдар өтеді, жаңа ұрпақтар келеді, біздің әрқайсымызды өз орнымызға солар қояды, ежелден солай болып келген, солай болады, бола береді де.

Мен өзім жайында мынаны айтам. Мен ХХІ ғасыр ұрпақтарының құрдасымын, бәлкім одан әрідегі ұрпақтардың туысымын да.

Жүргізуші 1: «Поэзия! Менімен егіз бе едің?

Сен мені, сезесің бе, неге іздедім?» деп поэзиямен егіз жаратылған ақын ие жырдың шапағатына бөлене білді, сол жырларымен бүкіл қазақтың жүрегінің түкпірінен орын алды, жыр сүйер қауымның піріне айналды.

Жүргізуші 2: We were put on this planet

To live and to love.

To cherish the ones in our lives

And never let them get hurt

**Асхат
6 видео**

Мен сені сүйгем Жаныммен сүйгем, Жарық Күн!

Жатсам да сүйем тұңғиығында тамұқтың.

Ақ сәулең сенің аймалап мені, Жарық Күн,

Тұрған да болар үстінде мынау табыттың.

Ғарыштан құйған ғаламға ортақ шуағың, Сизгемін, білгем,

Мен үшін бір күн тынарын.

Тастама мені, Тастама мені, Шырағым! Шуағың түссін,

Шөп болып, мейлі, шығамын.

Қомағай көңіл құмартып өткен әр неге.

Тірлікте сонау түскемін талай әуреге.

Кешкен өмір де, Көрген бақыт та, барлығы, Жетпейді екен ғой,

Бір күндік сенің сәулеңе.

Бір күндік сәуле... Бір күндік жарық мекенім!

Мәңгілік түнек — қапасақ қалай кетемін.

Келмейді-ау тілім... Өлгеннен сұра дер едім, Тірі жандарға,

Өмір дегеннің не екенін.

Өмір дегенге, Тірлікте, сірә, жетер ме ой.

Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой.

Бекер ғой бәрі, Бекер ғой бәрі — бөтен ғой, Өмір дегенің — бір күндік

Сәуле екен ғой!..

Жүргізуші 1: Из воспоминаний жены Мукагали Макатаева Лашын: «На всех снимках Мукагали улыбается. Улыбаются его глаза, скрывающие грусть и тоску своей трудной жизни. Он улыбался, потому что горячо любил родных, любил жизнь, родную природу, землю»

**Диалог
Таслима
/Асет**

Ұл: Ұнатамын мен сені, дегенменен, Көрмегенді басқадан сенен көрем.

Өз обалың өзіңе, өзіңнен көр, Ғайып болсам, бір күні егер де мен.

Қыз: Қаншама жан болғанмен соры қалың,

7 видео

Әйтеуір, саған бір күн жолығармын.

Әзірге зарығармын, торығармын, Білемін, болар бір шақ жолығар күн.

Қыз: Мен сені сүймеймін де, Сүйген де емен,

Тағдырдан шын сүюді үйренбегем.

Жанымда лапылдаған жоқ махаббат,

Тек қана тірлігім бар күйбеңдеген.

Сүюден күйген ерін, күйген денем, Жаралы жолбарыспын киреңдеген.

Ұл: Басқадан көрмегенді сенен көрем, Сен биікте жүрсін деп, төмендегем.

Кім екен мені өзіңе дуалаған?! О, тоба! Мен неғылған өлермен ем?!

Қыз: Басқадан өзің бөлек, сөзің де ерек,

Сорлаттың сорлап жүрген кезімде кеп.

Мен сені сағынамын, сезесің бе, Сезімді сезу үшін сезім керек.

Сондықтан зарығамын, торығамын, Әйтсе де төзу керек, Төзу керек!

Ұл: Ұнатамын мен сені бірақ, бірақ, Мейірімінді қайтейін жылап сұрап.

Ұнатамын дегенім - жасандылық, Саған деген жүрегім құрақ-құрақ.

8- видео *Кабулдинова Меруерт «Мен деп ойла» әнін орындайды*

Жүргізуші 2: Мукагали Макатаев- сын родной степи, вдохновленный ее вольным ветром, питавший в себя величие гор, чистоту глубоких озер и быстрых рек.

Жүргізуші 1: Mukaghali Makatayev is a son of native steppe, surrounded its willy wind, soaked great mountains in itself, cleanness of deep lakes and fast rivers .

Жүргізуші 2: Поэзия – песня души. Вечные идеалы воспевал Мукагали – правду, свободу, честь и совесть. И с этими ценностями поэт шагнет в грядущий век, навсегда оставаясь добрым наставником и современником будущих поколений. Как он любил свою родину! Как он умел ее воспеть.

Жүргізуші 1: The poetry of Mukagali Makatayev glorifies its natural, sensible and spiritual manner, which is set on the peak of Kazakh literature.

9- видео «Алтай-Атырау» поэмасынан үзінді

Эльдар

Адастырмас алдыма ұстап үміт, Нарынқолдан аттандым құсқа мініп.

«Ал енді өзіңді-өзің ұста, жігіт» Дегендей қарап қалды ауыл маған

Ауылдан аттандым мен құсқа мініп. Самға, ұшқыш!

Қазақтың көгіменен. Жүруші едім кездеспей көбіменен,

Берерімді еліме беріп өлем, Мынау алып ақ құстың қанатымен,

Кең өлкеме кетейін сеуіп өлең.

Әсет

Уа, Шығыс! Жерінде емес, көгінде мен, Үңіліп Бұқтармаңа көңілденем.

Аспаныңа жыр сызып, өтіп барам, Құс болып сенен ұшқан темірменен,

Керемет, керемет қой өмір деген!!! Мынау жатқан Марқакөл, Зайсаным ба?

Шығыстағы кішкене Байқалым ба?

Қос жанары Шығыстың сияқты-ау бір,

Қос жанары, ұшқышым, байқадың ба?

Ұлан

Ойхой, Абай даласы, «Абайлаған», Семей десе, Абай деп қарайды адам.

Талай жылдар өтсе де, талай заман Қалам тартар қазақта ақын туса,

Аруағына Абайдың қарайлаған.!

- Нұрхат** Айқай, заман! Арқаның даласын-ай Даласына қаласы жарасуы-ай!
Павлодар- Арқаның ағасындай,
Бұғып қалған жауаңкөз – Жасыбайы, Бабалардың құт құйған сабасындай.
Қайтіп, Ертіс, арнаңда ағасың жәй? Сұрапылды сапырып, аласұрмай?!
- Серікбол** ...О, ғажап! Өзіңбісің Көкше деген?! Тастарын жиған жүктей текшелеген.
Бурабай Оқжетпесті Өкшелеген, Бұлттарың – Ақын айтқан кешпелі өлең,
Біржан ба, тасқа барып өскен емен?! Көлкіген сынаптайын көлдерің бе?
Сәкеннің аққулары кестелеген. Ақаның ардақ еді өскен ерен,
Біржайың алмас еді кеспе-берен. Көкшетау – ән отауы, жыр отауы,
О, ғажап! Осы екен ғой Көкше деген!
- Ермухан** Қызыл құмның қойнында қазына бар, Кісі болса, болғаны қазып алар.
Шертілмеген осында шежіре бар, Тек иесі табылсын жазып алар!
Кентауым, Қазығұртым, Қаратауым, Әулиеата – әйгілі ақ отауың,
Арыма, Оңтүстігім бақ Отаным
- Әсет** Басынан Қаратаудың көш келмейді, Қаратау енді ешкімге дес бермейді,
Жатады жайнап, түлеп, Жамбылым да,
Жаншылмайды ешкімнің де хандығында.
Енді қазақ қайғырмас «Елім-ай» деп, Әлдеқашан жерлеген зарды құмға.
- Эльдар** О, Жетісу! Жеті құт, ырыс маған, Барша халық баурында тыныстаған
Араласып әрбір ұлт достасып жүр. Аралассың Адамдар туыс маған.
Жетісудың байлығын білмек болсан, Бір уыс топырағын ап қарағын.
Айналайын, жетісу – аппақ арым.
- Жүргізуші 2:** Mukagali is the only bird with big wings, living in the heavens. When birds ground on the land, they leave their feathers of wings and suffer in such way.

Ән «Бақыт деген» Меруерт пен Іңкәр
Соңғы шумақта барлығы ұлдар залға, Таслима сахнаға шығады

- Таслима** Уважаемые пассажиры! Внимание, Поезд «Болашақ - Аманат» отправляется с первого пути. Все, кто сегодня помнит Мукагали Макатаева, знает его стихи, у кого в сердце живет любовь к поэту, –вы почетные пассажиры этого поезда. Без прошлого – нет будущего.
Так, давайте возьмем в свое будущее великое наследие – поэзию Мукагали Макатаева.
- 10 Видео - поезд кетеді.*
- Жүргізуші 1:** Ақынның өміршіл өлеңі, артында қалған асыл мұрасы қандай сыйға болса да лайық дейміз. «Ғасыр ақыны» аталатын Мұқағали Мақатаев жырлары жылдан жылға, ғасырдан ғасырға жалғаса бермек! Мұқағали- мәңгілік өмір.
- Жүргізуші 2:** Өмір жайлы, өзің жайлы, ел жайлы,
Әлі талай келер ұрпақ толғайды.
Туған күні тойланған шын ақынның,
Өлген күні болған емес болмайды! —
дей отырып бүгінгі «Ғасыр ақыны - Мұқағали» атты әдеби - сазды кеш өз мәресіне жетті.

«ӨЛЕҢІМ – ӨМІРІМНІҢ АЙНАСЫ.»
Мұхтар Шахановқа арналған *әдеби- музыкалық кеш*

Музыка «Атадан мұра» күйі видео 1

«Төрт ана» Тағдырыңды тамырсыздық міндетінен қалқала!
Әр адамға өз анасынан басқа
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері- түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы-тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және туған тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да
Төрт анаға да әнін жалғай алмаған
Пенделердің басы қандай қалмаған?
Төрт анасын қорғамаған халықтың
Ешқашан да бақ-жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана- ағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!

2. Чтец: *Судьбу от болезни беспамятства ты защити.*
10 кл *- Ведь человеку на долгом и трудном пути,*
Аубакиров *Помимо Материт- той, что его родила,*
Алишер *Четыре матери есть- словно четыре крыло.*
Родная Земля – наша суть и основа основ,
И Слово Родное, пришедшее к нам от отцов,
Родные Обычаи – добрый и благостный свет,
Горящий для нас через тьму поколений и лет,
Родная История – как бы она ни была
Горька и печальна, мучительна и тяжела..,
Беспамятным ветром развеет беспамятных прах
Того, кто забыл о своих четырех Матерях.
Народ, что четыре Святыни не смог защитить,
Не сможет и счастья судьбы никогда ошутить.
Четыре Матери – словно судьба дороги:
Коль жить – лишь для них,
А погибнуть – так только за них!...

3. Чтец: Your fate, from the sick loss of memory you must protect
Самира - Man on his hard, long road must remain erect.
фон Apart from Mother – the one who to life children brings
- There 's Mother Custom – f kindly and generous light,
Which shines and warms us through generations, still bright!
There' s Mother History – however hard it was seen
-With bitter distresses, tormenting, oppressing has been!
An unconscious wind blows above the unconscious dead dust,
O' er those who forgot their four Mothers, let Memory rust.
Those folk who four Holy of Holies could not well protect,

Can never a bright future fortune then ever expect.
There are four Mothers – the fate of the faithful and true.
Those who live, live for them, and rightfully thus they do.
Those who die give their lives for them – and willingly too!

- Жүргізуші 1:** Бүгін кешіміз, қазір қазақ поэзиясының атын әлемге танытқан ақын, қазақтың тілі мен ділі, ұлттық қасиеті жайлы, адамгершілік ізгіліктер жайлы тынбай жазып келе жатқан ақын, қоғам қайраткері – Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналады.
- Жүргізуші 2:** Поэзия всегда необъяснима. Стихов много, поэтов мало. Разные люди любят разные стихи. Но есть такие поэты, стихи которых дороги и понятны всем. И сегодня наш разговор пойдет именно о таком поэте, чье имя известно всему миру, - о Мухтаре Шаханове.
- Жүргізуші 1:** We will perform you works and life of Mukhtar Shakhanov. Mukhtar Shakhanov is one of the outstanding poets of Asia, but he also attracts us by his inquisitive curious manner of thinking, binding in himself the sources of Eastern wisdom: with the sensitive world- feeling of the west.
- Жүргізуші 2:** Мұхтар Шаханов қазақ тілі - ұлт тілі туралы бірде шырқырай түсіп, бірде от алып тіл мәртебесін көтеру жөніндегі азаматтық та, ақындық та үнінің тым биік екендігінің куәсі болып жүрміз.

Адам қанша болғанымен дарынды әрі табанды,
Туған жерін сүймей тұрып, сүймек емес ғаламды
Өзге ананың мазмұнына мерейіне тор құрара,
Алдымен өз анасын сүйе алмаған сорлылар
Нарық – ғасыр бәрін сатып жібере ме алтынға,
Кім қалады сол алтынға сатылмайтын қалпында,
Ана тілін сыйламаған, сыйламайды халқын да!

Мәнерлеп оқу *Жумабаева Дильнара, Жомарт Ақтоты, Олжас Далида*
Ұлы Абай ізін жалғазған Мұхтар ақын былай дейді.

Мұхтар *Музыкалық фон*
Эльдар Абай ақын бір басқа, Мұхтар басқа,
Мен де досым, ендеше басқа болам.
Өзіме шақ көгілдір аспан алам.
Сағынумен күн кешем мен ертеңді,
Сүйіп өтем өлгенше кең өлкемді.
Өткізбеймін ешкімге зорлығымды,
Түсірмеймін ешкімге зорлығымды,
Заманымнан алғанша үлесімді
Тоқтатпаймын тағдырмен күресімді
Мұхтар деген – киелі ат, ал марқұм әкем
Маған тегін қоймаған бұл есімді
Мені осынау сенімнен айырма, Отан!
Қастарыма күшімді пайымдатам.
Өзім қанша мықтыны мойындадым
Енді өзімді соларға мойындатам!

Жүргізуші 1: Келешек ұрпақтың рухын асқақтатып, ұлттық өнерімізді дәріптеп,

тарихымызды сақтап жүрейік деген ақынның дана сөзін бишілеріміз өздерінің әсем биімен өрнектейді.

Қазақ - биі

Жүргізуші 2: Мұхтар Шаханов 1942 жылы 2 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленгір ауданы, Қасқасу селосында дүниеге келген. Ол бір анадан 13 баладан қалған жалғыз тұяқ.

Жүргізуші 1: Mukhtar Shakhanov was predestined since his birthday to have an unusual destiny. He was to surpriseth.

Жүргізуші 2: Отец ребенка, который недавно прочитал книгу Ауезова «Путь Абая» решил назвать сына именем автора этого романа – Мухтаром. Впоследствии этот факт биографии найдет свое отражение в стихотворении «Почему меня назвали Мухтаром».

Мұхтар
Эльдар

Музыкалық фон

Менің атымды неге Мұхтар қойған
Ниетімді құптар деп
Бұл есімде ерекше құт бар деп
Мына мендей перзентіне сол күні
Ат қойыпты Мұхтар деп.
Мықтылардың күйін шертіп өтер күн,
Заман –терек? Адам соның бұтағы,
Мен туғанда, досым, сенің әкеңнің
Жазылыпты Абай жайлы кітабы.
Менің әкем соны оқып,
Ұзақ түндер отырыпты оңаша.
Бір биікпен табыстым деп тамаша,
Шаттаныпты балаша
Айқара ашып аспаным,
Жинап барлық достары мен қастарын
Ниетімді құптар деп,
Бұл есімде ерекше бір құт бар деп,
Мына мендей перзентке сол күні
Ат қойыпты Мұхтар деп.

Жүргізуші 1: According to Mukhtar's memoirs his father often put him on his legs and told about courages forefathers. He probably wanted to cultivate love to their motherland in his childish soul. He felt that the best upbringing is upbringing with feelings.

Мұхтар
Эльдар

Мен ер жеттім, әлгіге қас қылғандай
Қас қылғандай, қалжыңды тасқа ұрғандай
Атқа міндім... болса да көп арманы,
Көре алмады ол тағдырдың мергендігін
Ұланының жырдан гүл тергендігін.
Абай, Мұхтар - бастаған елге әйгілі
Ұлы көштің соңынан ергендігін.
Сапар сайын олжасыз боп қайтпадым,
Көрмеді әкем талайдан бақ қайтпадым
Көрмеді әкем баяғы қалжыңбастың,
Немересі жырымды жатқа айтқанын.

Мейлі, қасым көп болсын досынан да,
Мейлі, мұным сөз алсын тосылғанда,
Борыштымын есімін маған берген
Сенің әкең секілді асыл жанға!

«Әке туралы жыр» әні (Сөзі М. Шахановтікі)

Жүргізуші 2: Сүйікті Отан, аз ба бізде дүмшелер?
Оттан қашып піспей қалған күлшелер.
Әркез сені жалғандықтан қорғауға
Бақыттымын, күшім жетіп тұрса егер!

Жүргізуші 1: yes, it must be so- the fate of person from the very start, is laid down by his native land, the place where he was born and grew up. It is important to be able to take into your soul that which you found there, and like a bee gathering nectar, to collect those memories and pour them into your heart.

Жүргізуші 2: Куда бы не заносила переменчивая судьба людей по волнам жизни, по разным местам и разным сторонам, одно место остается для человека всегда притягательным – это Родина. Она для каждого – начала мира , отправная точка обитания на Земле, и о ней нужно помнить всегда.

Жүргізуші 1: Мухтар Шаханов твердо убежден, что каждый человек обязан знать историю своей земли, своего народа.
Қазақ ұлты қашан да өзінің тарихын, өнерін, салт-дәстүрін жоғары бағалап,
ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырған.

Ақсақ құлан «Киіктер» биі

Жүргізуші 2: К «Отрарской поэме...» Мухтар Шаханов взял эпиграфом строки Олжаса *видео*
Сулейменова:
«Мы не забываем никогда
свои тысячелетние обиды,
Великие сжигали города,
не ведая, что летописец видит»

«Отырар» көрініс+дауыссыз видео

*Шынғысханның алдына Қайырхан мен сатқындық істеген кісіні әкеледі.
Қайырхан өкінішін білдіреді: осындай әкеден қалай сатқын туды деп.
Сатқынның әкесі бір баланы құтқарып қалғанын айтады.
Қайырхан сенім білдіреді – ұрпақ жалғастырылады деп.
(Серикбол, Бихан, Нұрхат, Алишер, Айзада)*

Мұхтар
Элдар
Мой предок могучий, я слышу твой зов,
Дошедший ко мне через толщу веков.
Узнай, что мечта не погибла – живет,
Тот мальчик спасенный продолжил наш род.
Я этого гордого племени сын,
От первого крика до поздних седин,
А значит и ты уцелел от меча...
Бессмертны во веки под толщей песков
Могучие корни моих городов,

Надежнее слово и крепче рука,
Коль память корнями уходит в века...

Жүргізуші 1: Поэзия Мухтар Шаханова корнями своими глубоко уходит в недра народного поэтического духа, питающего ее живительными соками.

Жүргізуші 2: Then more languages we know paying tribute to gratitude to languages, unite people, there are English, Russian and Chinese languages. Then there is more scope for thought. To turn from Native languages means to refuse from your own mother.

Жүргізуші 1: Ақынның өткір ойы тіл тағдырын ел тағдырымен, ұлт тағдырымен тұтас қарастыруда өз өлеңін мінбер етіп пайдаланады. Егемендік алып, Тәуелсіздікке қол жетіп, қойнымыз қуанышқа толғанда оның баянды болуының бір тетігі тіл құдіретінде жатқандығын, қателеспесек, М. Шахановтан басқа ешкім айта алған жоқ. Ол ана тіліміздің бірегей жанашыр ақыны.

видео «Тұлпар намысы»

Бихан Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып қалу үшін ғаламда,
Үлкен арман керек екен адамға!
Өмірдегі үлкен жеңіс әрдайым
Басталмай ма өзінді-өзің жеңуден?
Бүгін көрсет қайратыңды, күшінді
Ертең мүмкін кеш бола ма, кім білсін!

Видео 1 мин 05 сек тоқтату. Фон күй Атадан мұра.

Жүргізуші 2: Бүгінгі Мұхтар Шахановқа арналған «Өлеңім – өмірімнің айнасы» атты әдеби кешіміз өз мәресіне жетті.

Жүргізуші 1: Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көптен көп рахмет.

«Жалындап өткен жас ғұмыр» С. Торайғыровқа арналған әдеби кеш.

1-жүргізуші: Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар, мұғалімдер, білім алушылар!

2 - жүргізуші: Здравствуйте уважаемые гости нашего вечера!

1 - жүргізуші: Good afternoon, dear guests!

2 - жүргізуші: Қандай бақыт қуанышты күн бүгін,
Дәлелдеуде Қазақстан елдігін.
Арман еткен, қыршын кеткен ағалар,
Елің алды егеменді теңдігін.

1 - жүргізуші: «Тілдер үштұғырлығы» шеңберінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 125 жылдығына арналған «Жалындап өткен жас ғұмыр» атты қорытынды әдеби кешке қош келдіңіздер!

2 - жүргізуші: Сөз кезегі Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының мектеп директоры Касенова М.А. *құттықтау.*

1 - жүргізуші: Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақыны, ғажап ақыл - ойшысы. Ол - ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы. Абай ашқан поэтикалық мүмкіндікті өзі өмір сүрген қоғам шындығын, қайшылығын бейнелеуге еркін де пайдаланған шебер.

2 - жүргізуші: Сұлтанмахмұт өлеңдегі Абай өрнегін шебер пайдаланушы ғана емес, өзінің ақындық қуат - дарынымен жаңалаушы, ілгері дамытушы. Ол – қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті аталатын тұтас дәуірдің айырықша ірі тұлғасы.

1 - жүргізуші: Мақсатхан Алтынбектің Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арнауын қабыл алыңыздар.

1 - жүргізуші: Sultanmahmut Toraygirov was a prominent Kazakh writer and poet. He was born in Qyzyl Tau (near the city of Kokshetau) but moved to Bayanaul in the province of Pavlodar at the age of four.

2 - жүргізуші: Toraygirov wrote his first poems when only 13 years old. From 1913 on, he was the sub-editor for the first Kazakh journal Aikap. In 1914 and 1915 he worked as a teacher in Bayanaul. In 1916 Toraygirov moved to Tomsk in Russia, but the next year the February Revolution made him return to Semey, in Kazakhstan. During this time he developed his style and wrote prolifically.

1 - жүргізуші: He was very active politically, advocating both Kazakh national interests and the new Soviet ideals.

2 - жүргізуші: 1918 жылы Сұлтанмахмұт туған жеріне Баянауылға келеді. Туған жерін сағынып келген ақынды елі ыстық құшақпен қарсы алды.

1 - жүргізуші: Домбыра үні сағынып келген жүрекке жылы тиді.

Сахнада домбыра ансамблі күй ойнайды.

Көрініс

Білім алушылар (*Асхат, Ерасыл, Жасұзақ, Мұхамеджан, Мадияр, Ислам*) қазақша киіммен қарапайым киіммен шығады. Домбырада бір қайталап ойнайды.

Презентацияда – 1918 жыл

Бала Мадияр: Сүйінші, Махмұт ағам келді.

Жомарт (С.Т.) амандасады.

Мұхамеджан: Алыстан алты жасар бала келгенде, алпыстағы қария сәлем берер дегендей, **(қария)** иә, қош келдің балам, ат көлік аман келдің бе? Неге үйреніп, нені көңіліңе тоқып келдің?

Жомарт: Ассалаумағалейкүм, ата!

(С.Т.) Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.

Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп, надан болып.
Мен балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.
Бұл сезім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз - өзіме еткен емес.

Мадияр: Сен өмірдегі әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздіктерді, ауыртпалықтарды өткір әшкерелейсің.

Кедей көп өмір бойы бейнет көрген,
Бай бар ма ол еңбектің құнын берген.
Даулы болып төреге бара қалса,
Кедейдің кім бар еді жасын көрген?
Жеңу, төре қашан да байға тиген,
Арам би бар кінәні кедейге үйген.
Айтысудан пайда жоқ, зияны бар,
Сорлы кедей, арт қысып, әлін білген.
Өте ме теңсіздіктен дүние солай,
Байды жақтап, кедейге бір қарамай?
Жалғанда бір кезегі келмесе оның,
Ақыретте теңелу екі талай.
Кезек қашан келеді байлар саған.
Барған сайын бұзылды ниетің жаман?
Өз қылғаның өзіңе бір келеді,
Ақыретте емес, жалғанда қарсы алдыңнан.
Кедейдің де күткені сондай кезек,
Ұзамай болатынын ішім сезеді.
Барлық адам теңеліп бірдей болмай,
Дүниені басқамен болмас түзеп.

Ерасыл: Рас, аға сіздің аңсаған барлық адамның теңеліп бірдей болып, оқу- білімге ұмтылу керек екенін түсінетін күн туды.

Барлық адам баласы
Өзіндей көрсе өзгені —
Озбырлық өшіп қарасы,
Өзімшілдік өлгені.
Кедей, жалшы, қарттың да
Бірдей болса арасы —
Шын әділет таптың да,
Теңеліп қолдың саласы.
Әлемдегі ғаламат
Игілікке арналса,
Өнері ортақ азамат
Еңбекте ғана арланса.
Оқу-білім өркеймек,
Елге егіп пайдасын.
Ел жетіліп көркеймек,
Өнер қанат жайғасын.

Әлемдегі терең сыр.
Ғылыммен ғана ашылмақ,
Асау, тағы ой мен қыр
Керекке жарап бас ұрмақ.
Сондай елді көре алмай,
Ақын Абай зарыққан.
Соңынан елі ере алмай,
Қайғыда жүдеп қамыққан.
Біз көрерміз, үміт бар,
Тией бер осы халыққа.
Озбырлық күш ғұрыштар
Жасай бермес тарихта.

Асхат: Өзің айтқан Алаш ұраны біздің де ортақ мақсатымыз.

Алаш туы астында,
Біз алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған.
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Қолдайтын алаш бабамыз.
"Туысқандық", "теңдік" деп,
Туын қолға ап шабамыз.
Берілгенде тілектер,
Жарылмай ма жүректер?!
Заң жасайтын орынға,
Жұртпен бірге барамыз!
Қатардан орын аламыз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Куә болсын арымыз.
Көркейтуге алашты,
Құрбандық біздің жанымыз!
Былай тұрсын малымыз,
Алаш деген ел үшін
Сарыарқаның жері үшін,
Бостандық берген ер үшін,
Төгілсін біздің қанымыз!
Аялмасын жанымыз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Өлсек бірге өлдік біз.
Не жақсылық, не қайғы,
Көрсек бірге көрдік біз!
Ішкі жанжал таласты,

Күншілдікпен қарасты,
Мына жерге көмдік біз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің алашты,
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына,
Бастаған ерлер соңында,
Басқаға көңіл бөлмейміз,
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды алаш, өлмейміз!
Жасасын, алаш, жасасын!

Жомарт: Өмір бойы халқым азап пен надандық көріп келеді. Шындықтың ауылын
(С.Т.) іздеуге бел шешіп кіріспекпін. Осы Тың жол, тың мақсат үшін орыстың тілін,
ғылымын үйренуді өзіме мақсат тұтам.

Ден сау болса, тағдырдың,
Көкке ұшырам күлдерін!
Жігермен талап еткен соң,
Қоям ба екен сүлдерін.
Аждаһадай ақырып,
Алдымнан қарсы шапса да
Естімеймін үндерін!
Серпіп тастап түндерін,
Туғызамын күндерін!

Мұхамеджан: *Қоштасу.* Иә, балам жолың болсын! Саған аллам күш қуат берсін!

1 - жүргізуші: Халық олең-жырдан, әннен де, биден де ләззат, күш-қуат алады.

«Айгөлек» биі

1 - жүргізуші: Сұлтанмахмұт – адам құқын қорғаушы, азат өмірді аңсаушы. Қазақтың ұлттық тәуелсіздігі жолына өмірін арнаған ұлдары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов өмірі мен ісіне араласып, олардың идеясын қолдаушы.

2 - жүргізуші: Қазақстанда Кеңес үкіметі орнаған кезде Сұлтанмахмұт Торайғыров Жаңа өкіметке тілектестік білдіріп, оның елдегі шараларына қатысады.

Презентацияда – 1919 жыл

Көрініс 2 әскери киіммен білім алушылар *Алихан, Арман, Бадинур*

Жомарт: -Здравствуйте, я, представитель революционного комитета Павлодарского
(С.Т.) уезда Торайғыров. Будем вместе работать, товарищи. Я назначен председателем Шидертинского ревкома.

Бадинур: Здравствуйте, а откуда вы?

Жомарт: Я родом из Баянаула.
(С.Т.)

Бадинур: Баянауыл – удивительная земля, край казахских легенд и сказаний!

Сұлтанмахмұт, Вы же поэт? Это же ваши стихи о Баяне?
Начало лето, стаял снег, в ручьи сбегая,
И солнечный струится свет, всех ослепляя,
Такие краски на земле и обновленье,
Что рада этому всему душа живая.
А вечер благостный придет – в огне заката
Восходят звезды и луна. Вся степь объята.
Прохладной дымкой голубой... Ревут верблюды,
И овцы блеют, кони ржут, мычат телята.
Бурлят ключи, бьют родники – алмазов чаши,
Козлята скачут возле них, козлята пляшут,
Растянуты жели вокруг, поднялись юрты...
Щедры казахские луга, стоянки наши.
Смеется марево вдали, и сердце радо,
Что воды весело журчат, течет прохлада
В тени развесистых чинар, в тени зеленой
И для овец, и для коней она отрада.
Синели воды на лугах в лавинах света,
Так провели в кочевьях мы степное лето.
Пускали в волны стригунков забавы ради,
А ныне с грустью и тоской я вспоминаю это.

Жомарт: Да, это моя родина. После многих лет скитаний – я побывал на родине,
(С.Т.) повидался со своими земляками. Я еще раз убедился, что мы делаем правильное дело. Я хочу, чтобы мой народ вырвался из нищеты, стал счастливым.

Арман: Советская власть – власть народа. Сұлтанмахмұт, ты достойный сын своего народа. Твои слова находят отклик в сердце каждого казаха.

Я не хвалюсь – поймите! Мне нужен яркий свет!
Добыть сиянье солнца я твердый дал обет.
Смогу ли помочь я людям, когда звездой тусклой
Мелькну и вновь исчезну за гранью этих лет?
Как месяц в полнолуние – не трепетной звездой! –
Я поднимусь над нашей извечной темнотой.
Стремленьем горячим охвачен я – значит,
Я стану человеком и долг исполню свой!
Надежды наши сбудутся, друзья.
Светлеет небо – близится заря.
Придет на нашу землю справедливость
Для миллионов, для таких, как я.
Моя мечта – дожить до этих дней,
Увидеть свет над родиной моей.
Не обмани, последняя надежда,
Свершись, мое желанье, поскорей.

Алихан: Каждый из нас, как и ты, хотим счастья своему народу. И именно у народа мы ищем поддержку.

Ты опорой считаешь меня,
Ты с надеждой поддерживаешь меня.

Только в деле, тебя достойном,
Ты, отец мой, узнаешь меня.
Что же могу я, народ родной?
Состраданье к тебе — со мной.
Но неужто, скорбя и вздыхая,
Свой отыщет душа покой?
Пусть я буду в чужом краю —
В сердце любящем затаю
Языка родимого звуки...
Поддержите меня в пути,
Чтобы смог я вам принести
Свет учениями свет науки!

Жомарт: Человек, овладевший науками, должен подобно солнцу «обогревать сердца (С.Т.) людей».

Я бы солнцем взошел над землей,
Озарив родные края.
Как смогу я бороться с тьмой,
Если светить не сумею я?!
Пусть сияние жарких лучей
Обогреет сердца людей!..
В темноте в небо казахов,
Карабкаясь, поднимусь, стану солнцем!
Мстя темноте и невежеству,
Кем я стану, если не буду солнцем?
Вперёд, товарищи, ради светлого будущего трудового народа!
уходят со сцены...

1-жүргізуші: Үміт үзбей тірліктен көп көрінген
Жиырма жеті жасында өтті өмірден.
Жас ғұмырын арнаған өз халқына
Тастап кетті мол мұра ол артына!

2-жүргізуші: Серік еткен өзіне қайран жырды
Сұлтанмахмұт тағдыры ойландырды.
Жастайынан жабысқан қу жөтелі
Бірте-бірте күшейіп айландырды.

1-жүргізуші: Қысқа өмірін білім іздеп, арман қуып, аурумен арпалыста өткізген ақын
1920 жылы 21 мамырда дүние салады. Өмірден жұлдыздай ағып өткен өте
дарынды, классик ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров артына өшпестей мол мұра
қалдырып кетті.

2-жүргізуші: Ұлты үшін маңдайдан тер төккен,
Еңбегімен айтулы ардақталған.
Жазған «Алаш ұранын» шын жүректен
Сұлтанмахмұт ақынмен ел мақтанған!-дей келе әр жас ұрпақ Сұлтанмахмұт есімін
ешқашан ұмытпай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білсін.

ағылшынша

Аида – мұғалім рөлі + 3-4 білім алушы (2 –сынып білім алушылары)

1-жүргізуші: Ұлт көсемінің мұраттары мен асқар мақсаттары, күрескерлік келбеті мен
қымбат мұралары. Ол бүгінгі қоғам үшін ауадай қажет, келер ұрпақ үшін

таптырмас қазына.

2-жүргізуші: Сұлтанмахмұт жырлары жылдан жылға, ғасырдан ғасырға жалғаса бермек!

1-жүргізуші: Сұлтанмахмұт алдымен өзінің ана тілін қадірледі, соның барлық ерекше қасиеттерін танып білді.

«Сүйемін туған тілді, анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан,

Құлағымға сіңірген таныс үнін», - деп, халқының асыл мұрасын бойына сіңіріп, жақсылығын мақтан етті.

2-жүргізуші: Қазақ тілім-өз тілім, ана тілім,

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені

Болашағым, бақытым, дара тілім.

Ән «Жаса, Қазағым» + «Айгөлек» тобы

**Нұрхат, Іңкәр,
Эльдар**

Жастарының жалыны бар,

Қарттарының қадірі бар,

Жақсылыққа жаны құмар,

Жаса қазағым!

Тарихының тамыры бар,

Дәстүрінің тәлімі бар,

Сақ пен ғұнның сарыны бар,

Жаса қазағым!

Қайырмасы:

Жаса, жаса қазақ тілім!

Жаса, жаса ғажап дінім!

Баянды боп, азат күнің,

Бағың таймасын!

Жаса, жаса рухты халқым!

Жаса, жаса құтты салтым!

Айдан асып мықты даңқың,

Жаның жайнасын

1-жүргізуші: Адам деген ардақты атын асқақтатып ұстаған

Сұлтанмахмұт көрінеді ақ періште құс маған!

Қыршынынан қиылса да тағдырына мойымай

Өмір сүрген рухани азығына тойып-ай... дей отырып бүгінгі

«Тілдер айлығы» шеңберінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 125 жылдығына арналған

«Жалындап өткен жас ғұмыр» атты қорытынды әдеби кеш өз мәресіне жетті.

2-жүргізуші: Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!

«Рухани жаңғыру тетігі – тіл» - тілдер мерекесіне арналған кеш

Домбыраның, музыка үні естіліп тұр.

Жүргізушілер:

Болатбек Айгерім

Файст Алина

Хасенова Анар

Жүргізуші: Айгерім

Армысыздар, құрметті ұстаздар және білім алушылар. 22 қыркүйек халықаралық тілдер мерекесіне арналған «Рухани жаңғыру тетігі – тіл» атты мерекелік кешіне қош келдіңіздер!

Ведущий: Алина

Здравствуйте, уважаемые гости. Здравствуйте, все те, кто пришел на наш праздник. Мы рады приветствовать вас в нашем уютном зале. Праздник, посвященный Дню языков народов Казахстана, разрешите считать открытым.

Ведущий: Анар

Good afternoon dear guests teachers and pupils

Good afternoon everybody.

We are very glad to see you here.

Today is the day of languages. Let's start.

Жүргізуші: Айгерім

Бұл жанды тіл – менің азат тілім,

Жадымда талмай самғар қанат тілім.

Жыры - қуат, сөзі – ана уызындай,

Бірге: Жасай бер, Ана тілім – Қазақ тілім!

Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады!!!

(Гимн)

Ведущий: Алина

Слово для поздравления предоставляется директору нашей школы Умирбаеву Нуридону Марьяковичу.

(слово директора)

Жүргізуші: Айгерім

Ұлттық сананы қалыптастыру жолында тілдің атқарар рөлі өте маңызды. Ұлттық код ол - ұлттық тіл, діл, мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тәрбие, тарих және Отаны мен оның шекарасы. Осының бәрі бірігіп ұлттық болмысты қалыптастырады делінген Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасында.

Ведущий:

22 сентября – это не только день языков народов Казахстана, но также это день культуры, искусства, поэтому сегодня мы хотим показать как знания языков, так и культуру разных народов. На празднике будут звучать стихотворения, песни, будут исполнены танцы.

Ведущий: Анар

Today we have the guests. We hope that it will be interesting for you.

Жүргізуші: Айгерім

«Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі мінезі айқын көрініп тұрады», - деп Мағжан Жұмабаев атамыз айтқандай тіл барлық ұлттың дүниетанымын көрсете алады.

Құрметті көрермен қауым, біз сіздердің назарларыңызға ұлттар фестивалін ұсыныамыз. Фестивалда оқушылар әр ұлттың әнін орындайды.

Ведущий: Алина

А сейчас мы приглашаем на сцену представителей разных наций, проживающих на территории нашей огромной и многонациональной Родины.

(выход участников праздника под музыку)

Казахи (музыка)

Русские (музыка)

Итальянцы (музыка)

Корейцы (музыка)

Румыны (музыка)

Французы(музыка)

Арабы (музыка)

Африканцы (музыка)

Ведущие У каждого народа есть свой язык, культура, свои писатели, поэты. Каждая нация гордится своей культурой, которая прежде всего выражается в стихах и песнях народа.

Жүргізуші: Айгерім

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекетік тілі. Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішінде сөздік қоры мол, әлемдегі ең таза тілдердің бірі. Қазақ бар жерде оның тілі де бар. Ол мәңгі алаулап жанып тұрмақ.

Қазақ ұлтының ән шашуын қарсы алыңыздар!

Песня «Атамекен»

Ведущий: Алина

Знание языков необходимо как воздух и вода. Изучение языков требует серьезного и ответственного отношения. Для дальнейшего процветания и развития нашего государства знание трех языков казахского, русского и английского обязательно.

Вашему вниманию мы предлагаем послушать стихотворения Александра Пушкина на казахском, русском и английском языках.

(чтение стихов)

Жүргізуші: Айгерім

Қыздар, тіл туралы әлемде сан қилы қызық ақпараттар бар білесіңдер ме?
Шығыс ғұламасы Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген. Ал, Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін меңгерген.

Ведущий: Алина

Мой Казахстан! Богатая земля!
Щедра ты недрами, озерами, хлебами.
Но именно богата та страна,
Что славится своими сыновьями.
Пусть говорим на разных языках
На разных языках поем мы песни
Но славим в них тебя, Мой Казахстан,
Объединивший все народы вместе!

(Русская народная песня Березка)

Жүргізуші: Анара **Italian** is a Romance language. Italian is by most measures, together with the Sardinian language, the closest language to Vulgar Latin of the Romance languages.

(Итальянцы- Мама Мария)

(1-сынып білім алушылары өлең шумақтары)

Жүргізуші: Айгерім

Корей тілі туыстық тегі жөнінен ешқандай тілдік топқа қосылмайды. Грамматикалық құрылысы жағынан жалғамалы тіл. Корей жазуы Қытай иероглифтерінен шыққан.

Назарларыңызға корей халқының Сухалий әні

(Корейцы-Сухалий)

Жүргізуші Анар: Romanian is a Romance language having much in common with languages such as French, Italian, Spanish and Portuguese.

(Румыны Нумоней)

Жүргізуші: Алина

Величайшее богатство каждого народа – его язык! Тысячелетиями накапливаются и вечно живут в слове несметные сокровища человеческой мысли и опыта.

(Французы- Танго)

Жүргізуші: Айгерім

Араб тілі қолданылу жағынан әлем бойынша бесінші орында тұр. Араб тілі 26 елде ресми түрде мемлекеттік тіл деп танылған. Әдеби араб тілі – жалғыз. Ендеше сіздердің назарларыңызға араб тілінде ән орындалады.

«Хей-Ли-Ли» араб әні

Жүргізуші: Анара **The Language of Africa** are divided into 5 major language families:

- Afro-asiatic languages are spread
- Austronesian languages are spoken in Madagascar.
- Indo-European languages
- Niger–Congo languages
- Nilo-Saharan languages

(Африканцы-Хафан-На-На)

Финал «Жаса, Қазақ»

Жүргізуші: Айгерім

Ана тілі - әр адамның өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінен ғасырлар бойы жиған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры. Ол тамыр ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып кете береді. Осымен біздің тіл мерекесіне арналған мерекелік кешіміз аяқталды. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!!!

Жүргізуші: Алина

Хотим завершить нашу программу словами президента Н. А. Назарбаева: «Для народа нет лучше и дороже, чем родной язык, который острый, как алмаз, чуткий, как парящий орел, мягкий, как свинец, и оружие, и щит - древний и вечно молодой».

Жүргізуші: Анара

As said Cesar Chavez **Our language is the reflection of ourselves**. A language is an exact reflection of the character and growth of its speakers. See you next concerts. Thank you, goodbye!

*Алматы облысы, Талдықорған қаласы
«Дарынды балаларға арналған үш тілде
оқытатын №20 арнаулы лицейі» КММ*

**«Тіл тұнық ойдың кәусары» атты мектепішілік полиглот зияткерлік ойыны
(8-9 сыныптар арасында)**

Мақсаты:

1. Үш тілді қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген дарынды білім алушыларды анықтау және қолдау.

2. Қазақстандық патриотизмді нығайту, тілдік мәдениетті тәрбиелеу, өзге халықтардың тілі мен мәдениетін құрметтеуді қалыптастыру.

Міндеттері: Өтілген оқу материалдарын ойын және жарыс арқылы бейресми түрде қайталау.

Коммуникативтілік – Үштілде сөйлеу қабілеттілігін ұштау (қазақ, орыс және ағылшын тілдері), білім алушылардың сөйлеу дағдыларының деңгейін жоғарылату.

Дамытушылық – ауызша сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін, тілдік біліктіліктерін, зейінін және дүниетанымын дамыту.

Тәрбиелілік – топта жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Іс-шара барысы

Кіріспе

1-жүргізуші: -Қайырлы күн! Қош келдіңіздер! Тіл, сөз дегеніміз - ата - бабамыздан келе жатқан ел дәстүрі. Бұл дипломатиялық құрал халықтың бүкіл сана - парасатын, биіктігі мен тереңдігін паш ететін үлкен өнер. Тіл - адамдар арасындағы қасиетті қатынас құралы. Тілсіз қоғам жоқ. Бұл екі нәрсе бір - бірінсіз өмір сүрмейді. Қай халықтың болса да басынан өткендері, қилы кезеңдері, өз ана тілі арқылы бір - біріне жалғасқан.

2-жүргізуші: -Good morning, pupils and teachers, guests! Welcome to our intellectual show! We are glad to see you we hope that you'll enjoy today game.

1-жүргізуші: -Добрый день, гости нашего интеллектуального шоу! Мы рады видеть вас и надеемся, что вам понравится наша игра.

1-жүргізуші: - Бүгінде әлем **Төртінші өнеркәсіптік революция** дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы **терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне** қадам басып келеді.

2-жүргізуші:

Как сказал наш президент Н.Назарбаева «-Будущее казахстанцев – за свободным владением казахским, русским и английским языками.»

Идеалом нашего общества должен стать казахстанец, знающий свою историю, язык, культуру, при этом современный, владеющий иностранными языками, имеющий **передовые и глобальные взгляды**.

1-жүргізуші:- As a result, all our graduates will master three languages at the level necessary for life and work in the country and in the global world.

2-жүргізуші: Қазақ жерінде 100-ден аса ұлт пен ұлыстар тұрып жатыр. Қаншама жыл бойы тату-тәтті, бірлік пен достықта тұрып жатқан елдің тілі достық тілі деп аталады.

1-жүргізуші:-Для человека знающего языки, не существует границ, и он может проходить через них без всяких трудностей.

2-жүргізуші: -Қазіргі заман талабына сай көп тілді білу, меңгеру- замануи қажеттілік. Әсіресе, үш тілді білу келешегіміздің жарқын болуының кепілі. Тек қазақ жұрты ғана емес, барша қазақстандықтар осы үш тілді өзара ұштастырып, өз орнымен қолдана білулері қажет.

«2008 - жыл тілдер жылы» болып жариялануына орай бүгін сіздермен тілдер жайлы айтпақпыз.

Ойынымыз бірнеше кезеңнен тұрады.

Ойын шарттарымен таныс болыңыздар.

1 кезең «Өзіңді таныстыр»

2 кезең «Мақал-мәтелдер»

3 кезең « Полиглот»

4 кезең «Рөлдік ойын»

5 кезең «Своя игра»

6 кезең «Шығарма»

Алдымен біздің зияткерлік ойынымыздың әділқазы алқаларымен таныс болыңыздар:

- 1.
- 2.
- 3.

1-жүргізуші:

Бүгінгі ойынға қатысушыларды қошеметпен ортаға шақырайық

8 «а» - Сапарбекова Аруна

8 «б» - Турарбек Даурен

9 «а» - Нұрланұлы Нұрбек

9 «б» - Орынбай Аружан

10 «а» - Қанатұлы Даулет

10 «б» - Туғанбай Айжан

Құрметті қатысушылар алдарыңызда жатқан парақшаларды алып, берілген сандар бойынша кезекпен шығасыздар.

2-жүргізуші:

1- кезең: «Өзіңді таныстыр» деп аталады.

-Первый тур каждый участник должен рассказать на трех языках о себе в течение 3 минут

1-жүргізуші:

2-кезең-The second round «Proverbs» кезеңі деп аталады

-Look at the screen you should listen a proverb. Your task is to translate and explain the meaning

2-жүргізуші:

3-кезең: Әр қатысушы таңдап алған парақшада үш тақырып беріледі. Сол тақырыпқа сай қазақ, ағылшын, орыс тілінде ауызша өз ойларын айтады. Дайындыққа берілетін уақыт- 3 минут.

8-сынып

1. My town
2. Бессіке салу
3. Моя страна-мое богатство
1. Reading in my life
2. «Туғанжер» бағдарламасының мәні
3. Иностранный язык в моей жизни

9-сынып

- 1.The role of internet in our life
2. Идея проекта «100 новых лиц Казахстана»
- 3.Тұсаукесер
1. Sport in our life
2. Астана-арман қала
3. Идеальный человек в моей жизни
1. Foreign language in our life
2. Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтары және мәні.
3. Быть патриотом для меня..

10 класс

1. Global warming
- 2.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
- 3.Эволюционное а не революционное развитие казахстана
1. Myfutureprofession
2. Беташар
3. Влияние интернета на подростков

1-жүргізуші:

4-кезең - «Полиглот» деп аталады. Вы сейчас должны выбрать карточки и разделить на 2 группы. На партах находятся ноутбуки с мультфильмами.

2-жүргізуші: Әр топқа бейнефильмнен, мультфильмдерден үзінді беріледі. Сол бейнефильмге дыбыс беру қажет. Яғни, әр топ үш тілді қолдана отырып

бейнефильмге жан бітіреді. Кейіпкерлерін сөйлетеді. Қандай тақырыпта сөйлетесіздер, қай тілді көбірек қолданасыздар- сіздердің қалауларыңызда. Бірақ шарт сол- қазақ, орыс және ағылшын тілі қатар қолданылу қажет. Дайындыққа ... уақыт беріледі. Іске сәт!

1-жүргізуші:

5-кезең «Своя игра.» Внимание на экран. Вы выбираете темы и баллы, если вы не ответите, другие участниуй смогут дать ответ и заработать баллы.

1-жүргізуші: Әділқазы алқалары сараптама жүргізгенше, 8 «а» сынып білім алушысы Нурайдың орындауында әнді қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші: - Любой язык удивительный, интересный, увлекательный и совсем не скучный. Ведь человек, знающий только один язык, уже не является конкурентом на мировой сцене, на которой вы должны будете достойно представлять свое государство, свой народ.

1-жүргізуші: - Бәсекеге қабілетті болу үшін Елбасымыз айтқандай көп тілді меңгеруіміз қажет. Қазір бізге көп тілді меңгеру үшін қаншама мүмкіндік беріліп отыр. Елімізді болашақта дамыған елдің қатарында көру үшін біз бәріміз қазір бірнеше тілді білуіміз қажет. Ендеше болашағымыз өз қолымызда.

Сөз кезегі әділқазылар алқасына беріледі.

Осымен бүгінгі зияткерлік ойынымыз өз мәресіне жетті. Келесі кездескенше сау болыңыздар!!!

«Тілдер патшалығы» атты кеш

Сыныбы: 5 – 9

Күні: 17. 09. 2018

Тақырыбы: «Тілдер патшалығы»

Ұйымдастырушы : Г. Убайда

Мақсаты: Білім алушылардың білімін, ой ұшқырлығын, зияткерлік мүмкіндіктерін дамыту. Білім алушылардың қабілеттерін ашу, олардың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне деген қызығушылықтарын ояту, тіл үйренуге деген ықыластарын туғызу. Балалардың сөздік қорлары мен тіл байлығын дамыту. Ана тілі мен өзге тілдерді құрмет тұтуға, достыққа тәрбиелеу. «Үштұғырлы тіл» саясатын насихаттау.

Сабақтың барысы:

Жүргізуші:

О, Адамдар, қадіріне жетіндер,
Ана тілім – анаң, сыйлап өтіндер.
Әркімнің туған тілі – туған шеше,
Оған бала міндетті сан мың есе.

Армысыздар, құрметті ұстаздар, білім алушылар, ата – аналар!

Елбасымыз Н.Әбішұлы Қазақстан халқына жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», - деген болатын. Елбасы көргендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе, өскелең ұрпақтың, жастар алдында бірнеше тіл білу міндетті тұр. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Ендеше, тілге қандай құрмет көрсетсек те лайық. Бүгінгі «Тілдер патшалығы» атты кешімізге қош келдіңіздер! Добро пожаловать на мероприятие «Королевство языков»! Welcome to the celebration «Kingdom of languages»!

Ендеше, «Тілдер патшалығы» кешіне қатысушы білім алушыларымызды ортаға шақырайық.

- Балалар, біз сендермен бірге қай елде тұрамыз?

- Қазақстанда.

- Иә, дұрыс айтасындар, балалар. Біз сендермен бірге Еуразияның орталығы – Қазақстанда тұрамыз. Міне, біздің еліміз – Үш тілдің патшалығы болып табылады. Бұл бейбітшілік пен достықтың сиқырлы елі.

Мы с вами живем в центре Евразии – Казахстане. Это и есть Королевство трех языков. Это волшебная страна мира и дружбы.

Біздің патшалықта мынадай бұйрық жарыққа шықты:

В нашем королевстве вышел такой приказ, послушаем:

1 – тілмаш: «Бәріңе! Бәріңе! Бәріңе! Кішкентайлардан бастап үлкендерге дейін, қалалар мен ауылдарда үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) сөйлеп үйренеміз.

2 – тілмаш: «Всем! Всем! Всем! От мала до велика, в городах и селах научиться разговаривать на трех языках (казахском, русском, английском)».

3- тілмаш: «Everybody! The young and the old in the cities and villages should learn three languages- Kazakh, Russian, English!»

Жүргізуші: Ендеше, балалар, ортаға Тілдер патшалығының Патшайымын шақырайық. Тогда пригласим Королеву королевства языков. (Патшайым ортаға шығады)

Патшайым: (Ұлбосын)

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сонау алыстан №146 негізгі мектепке ат басын тіредім. Патшалығымыздың ішінен сіздің мектептеріңіз тіл үйренуден жақсы нәтиже көрсетіп жүр екен. Менің көмекшім жарлығымның орындалуын тексеріп көреді. Кәне, көмекшім, баста!

Көмекші: (Нұрсұлтан)

Олай болса, балалар, кімнің қандай өнері бар?

«Балалар сәлемі» (Балалар үш тілде өлең оқиды)

1. Нұрайым

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігін, теңдігін.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.
Ана тілің - арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

2. Нұрлыайым

Ана тілім - ұраным,
Ана тілім - құралым,
Ана тілім - болмаса,
Мықты болмас тұрағым.
Ана тілім - елдігім,
Ана тілім - ерлігім.
Ана тілім - болмаса,
Бүтінделмес кемдігім.

3. Бекарыс

Я - казах, в степи рожден,
Знойным солнцем опалён.
Встречаю новую зарю,
Как беркут, гордый, опалён.

Под щедрым солнцем, золотым,
Под ясным небом голубым.
Мой флаг и герб себя вобрали,
Весь мир степной родные дали.

4. Сағындық

We learned our ABC's
And counting 1, 2, 3's
And now we know all these,
The kindergarten class.
And we learned how to share.
And we learned how to care.
Just ask us if you dare,
The kindergarten class

II. «Рәміздерім - мақтанышым» Әр елдің мемлекеттік рәміздері туралы айту.
Жүргізуші: Әр адам өз халқын, өз Отанын, өз мемлекетін құрметтеуге, мақтаныш тұтуға міндетті. Оны сезінуге мемлекеттік рәміздер көмектеседі. Рәміздер - бір мемлекетті басқа мемлекеттен айырып тұратын белгілер. Ал осы үш тіл патшалығының рәміздері жайлы не білесіңдер?
ҚР мемлекеттік туы мен гербінде не бейнеленген? Кім сипаттап береді.

Наргиз

1. Бұл - ҚР мемлекеттік туы. Тудың түсі аспан түстес көгілдір. Туда күн, қыран, ою бейнеленген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек - алтын түсті. Тудың көгілдір түсі ашық аспан мен тыныштықтың белгісін көрсетеді. Тудың ортасында бейнеленген күн - өмір сүрудің белгісі. Қыран құс – егемендіктің белгісі. Ою-өрнек - қазақ халқының мәдениетінің көрінісі. Тудың авторы суретші Шәкен Ниязбеков.

Анел

2. Это - герб республики Казакстан. Шанырак - часть юрты, это символ семейного благополучия, мира, спокойствия. Тундык- зернистое отверстие юрты-яркое солнце на фоне мирного голубого неба . Уыки - купольные опоры. Они изображены в виде лучей солнца -источника тепла и жизни. Кульдреуши - символизируют единство трех жузов. Тулпары – мифические кони, означают бесстрашие льва, силу быка хитрость и находчивость лисы в борьбе против врагов. Золотые крылья тулпара напоминают снопы золотых колосьев являющихся признаком труд, изобилия, благополучия. Звезда- наши сердца и объятия открыты всем пяти континентам. Внизу надпись « КАЗАХСТАН». Голубой - цвет небо едино для всех народов мира. Авторы Жандарбек Малибеков и Шота Валиханов.

Саламат

3. ҚР Президентінің 2006 жылғы 7 қаңтарында Әнұранның мәтіні бекітілді. Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов. Әнұранның әуенінен Отанға деген сүйіспеншілік аңғарылса, сөзінен жан-дүниемізді танытар ұлттық қасиетіміз жақсы көрініс тапқан. Мемлекеттер басшыларының ресми кездесулері, салтанатты жиындар Әнұранның орындалумен ашылады.

Әнұран айту.

Патшайым:

Жарайсындар, балалар! Мен сендерге сыйлық әкелдім. Ол – «Білім кілті» қане, көмекшім, білім кілті салынған қорабымды беріп жіберші?

Жүргізуші: Ой, Патшайым, кілт орнында жоқ, білім кілті жоғалды. Бұл кімнің ісі екен?

Патшайым: Бұл кілтті ұрлаған кім екенін ішім сезіп тұр. Жақында Дымбілместің елді дүрліктіріп жүргенін естігенмін. Ақыры бізге жеткен екен ғой.

Жүргізуші: Патшайым мен Дымбілмес тікелей эфирде. Тыңдайық! (Экраннан Дымбілмес көрінеді.)

Дымбілмес: «Патшайым және балалар! Сендердің жоғалған кілттерің менде.

«Білім кілтін» алып, одан әрі білімдерінді шыңдайын деп отырсындар ғой, бірақ былай болмайды. Мен ол кілтті сендерге ешқашан бермеймін.

Ж-о-о-о-қ! Егер сендер өте білімді, үш тілге жетік болсаңдар сендерді уысыма қалай түсірем? Сендер менен қашып, шетелге асып кетесіңдер ғой! Мен болашақта балалардың білімді болғандарын қаламаймын. Ал, ендеше, батылдарың жетсе алып көріңдер!» - деп мысқылдап күледі. (ха-ха-ха)

Патшайым: Қорықпаңдар, балалар! Бұл кедергіден құтылудың амалын табуға болады. «Білім кілтінің» екіншісі біреуі біле бермейтін қасиеті бар. Бұл кілт кім білімді, соның қолына өзі еш кедергісіз келетін болады. Бұған Дымбілмес те кедергі бола алмайды.

Жүргізуші: Ендеше, «білім кілтін» Дымбілместің қолынан алу үшін үш тілді үйренуді жалғастырайық! Балалар, «Мақал-сөздің көркі» дегендей, осы үш тілде мақал-мәтел білесіңдер ме?

4. «**Мақал- сөздің көркі**» (Мағыналас мақал-мәтелдерді үш тілде айту)

1. Ештен кеш жақсы.

Лучше поздно, чем никогда.

Better late, than never.

2. Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын.

Не имен сто рублей, а имен сто друзей.

Having friends is better than having money.

3. Еңбексіз өнбек жоқ.

Без труда нет плода.

No rains, no gains.

4. Қанағат қарын тойғызар.

Хорошенького помаленьку.

Enough is as good as a feast.

5. «Ұйқас тауып, тіл үйрен!».

Жүргізуші: Ал, балалар, енді мына сөздерге қазақша, орысша ұйқас тауып көріндерші!

1. Үйірме – кружок,
Секіру – прыжок.
2. Бала – мальчик,
Саусақ – пальчик.
3. Сладкий – тәтті,
Твёрдый – қатты.

Жүргізуші:

Енді, мен сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың шешуін үш тілде айтып бересіндер.

1. Үш тілі бар,
Тықылдаған үні бар. (сағат – часы – clock)
 2. Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады. (күн – солнце – sun)
 3. Су мен кірді ашады,
Өзі судан қашады. (сабын – мыло – soap)
5. «**Өнерлі өрге жүзер**». (Балалардың өнері)

Қазақ биі, орыс биі, ағылшын биі.

Жүргізуші: Патшайым, қораптың ішінде бір нәрсе жылт – жылт етеді. Кәне, ашып көрейкші! Ой, Патшайым, қорап ішінде «Білім кілті» тұр. «Білім кілті» Дымбілместің қолынан қалай келген?

Патшайым: Міне, балалар, мен сендерге айтып едім ғой, «Білім кілті» білімдінің қолына өзі – ақ келеді деп. «Білім кілті» сендерді адаспай тапқан екен. (Есік қағылады).

Жүргізуші: Біреу есік қағып тұрған сияқты, есікті ашайын! М – м – м – м, Дымбілмес, сізді мұнда кім шақырып еді? Балаларға тағы да қиянат жасамақшысыз ба?

Дымбілмес: Жоқ, менің балалар мен патшайымға айтар сөзім бар. Балалар, сендер үш тілге де жүйрік екенсіңдер. Сондықтан «Білім кілті» менің қолымда ұзақ тұра алмады. Мен кілтті бекер ұрлап алған екенмін. Ай, ақмақ басым – ай! Барлығыңнан кешірім сұраймын. Балалардың үш тілге жетік екеніне көзім жетті. Енді мұндай жамандық жасамаймын. Мені кешіресіз бе, патшайым?

Патшайым: Алдымен, мұны балалардан сұрайық. Балалар, Дымбілместі кешіресіңдер ме?

Балалар: Иә, кешіреміз!

Патшайым: Балалар кешірсе, менде кешіремін сені. Тек енді адамдарға ешқашан жамандық жасамаймын деп уәде бер!

Дымбілмес: Иә, патшайым, иә, балалар, мен енді ешкімге қиянат жасамаймын. Мен елімізде бейбітшілік пен білімді ұрпақ көп болсын деп тілеймін! Сау болыңдар, балалар!

Патшайым: Міне, балалар, енді «Білім кілті» сендердікі! Осы кілттің атына сай білімді де тілге жүйрік болындар! Әлі де алатын асуларыңыз алда. Сол асулардан сүрінбей өтіңдер дегім келеді.

Жүргізуші: Рахмет, патшайым, айтқаныңыз келсін! Ендеше, Ақыл көпке жеткізер, Өнер көкке жеткізер, - деп бүгінгі кешімізді аяқтаймыз. Барлық қатысушы балаларға рахметімізді айтамыз. Благодарим всех детей за участие!

*Қызылорда облысы
Қазалы ауданы
№ 259 негізгі мектеп*

«Ана тілім – ардағым» атты кеш

Тақырыбы: Ана тілім – ардағым/ My mother tongue

Сыныбы: 6-7 сыныптар

Мақсаты: Білім алушылардың патриоттық сезімін ояту, тілге деген құрметін арттыру.

Көрнекіліктер: Шарлар, қабырға газеттері, қанатты сөздер.

Кештің барысы:

I - жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті білім алушылар, қонақтар, мұғалімдер! Бүгінгі біздің «Ана тілім - ардағым» - «My mother tongue» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер.

II - жүргізуші: Тіл қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңызы болмайтыны белгілі. Демек, тілдің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлау әрқайсысымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде. Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халқы да жер бетінен жоғалады.

1 – білім алушы: О, туған ана тілім! Тас бұлақтың тұнығы да сенде, ана сүтінің жұғымы да сенде, райхан гүлдің жұпары да сенде, сахара даланың жазықтығы да сенде!

Ана тілің арың бұл
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте!

2 – білім алушы: Тіл – ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың қайғылы күндерінің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.

4 – білім алушы: Сүйемін туған тілді анам тілін,
Бесікте жатқанымда – ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен митнұтымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

5 – білім алушы: Тіл саясатын жүргізуді мемлекеттік реттеу қажеттігі Қазақстандық тіл қоғамдастық мүшелері арасында түсіністік орнату мен бұл бағытта белсенді әрекет ету мақсатынан туындайды. Бұл орайда басты міндет – қазіргі күнде қалыптасып отырған тілдік ахуалды нығайту үшін саналы, мақсатты жұмыстар жүргізу. Қазақстанда тұратын өзге халықтардың ана тілін оқып үйрену ісіне мемлекетпен қоғам тарапынан жан-жақты қолдау көмек көрсетіліп келеді. Бұл мақсатта республикалық бюджеттен жүйелі түрде қаржы бөлініп тұрады.

6 – білім алушы: Қазір көптеген жастар ана тілін дұрыс білмейді. Ауылдық жерде жақсы, қалалық жерде тіл құнарлығы сұйыла түскен. Қазақ тілінің жанашыры болған сатирик ақын Шона Смаханұлының бір шумақ өлеңінде осындай жағдайды сипаттайды.

Қазіргінің баласы:

«Көп білем», деп көкіді.

Әкесінің жазғанын,

Аудармадан оқиды.

7 – білім алушы: Ана тілің – асылың, оны білмегенің – масылың.

8 – білім алушы: Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

9 – білім алушы: Тіл қай ұлтта, қай жерде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір ана сүтімен еніп қалыптасады. Тіл байлығы әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандай болса да, қарсы тұруы тиіс.

Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі – ең ұлы және тамаша тіл. Менің ана тілім – қазақ тілі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

10 – білім алушы: Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма.

11 – білім алушы: Ғұндардағы, сақтардағы,

Ақ сүтін берген арман тіл.

Атқандағы, шапқандағы,

Қаңсырап аман қалған тіл,

Өрт шалған тудай жаралы тілім,

Желбіреп желмен шабудың

Қақ жарып шығып дала түнін

Жусан мен қымыз аңқыдың.

12 – білім алушы: Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.

Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойына жұқпас сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз,

Бар тамырды қуалап.

13 – білім алушы: Жаурасам да, тоңсам да,

Осы тілде сайрап ем.

Мылқау болып қалса да,

Осы тілде ойлар ем.

II - жүргізуші: Қазақ тілі – өзінің даласындай кең, жайдары да, жалпақ тіл. «Қазақ» сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақымы домбыраның күмбір қаққан сазындай, асқан әуездігілі – шырқап салар әндей. Туған тіл біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз, біз сондықтан «Ана тіліміз» дейміз. Қазақтар «ана тілі» деп ерекше құрметтейді. Басқа тілді білу әрине мақтаныш. Әйтсе де, өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды.

15 – білім алушы: Адам көңілден озады, тілден жазады.

16 – білім алушы: Ана тілі – бәріміздің анамыз,

Өйткені ол – ұлтымыздың анасы.

17 – білім алушы: Ана тілің алпыс тілге татыйды.

18 – білім алушы: Тіл білім беру саласында Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілде, ал ұлт топтары жинақы тұратын жерлерде солардың тілдерінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі балалар ұйымдарын құру қамтамасыз етіледі.

19 – білім алушы: Адамның адамдық, ұлттық ең жоғары қасиеті – тіл өткірлігі мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін.

20 – білім алушы: Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.

I - жүргізуші: Қазіргі таңда біздің елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ресми тіл – орыс тілімен қатар халықаралық ағылшын тілі де қатар жүріп келеді.

1 – білім алушы: Мой верный друг! Мой враг коварный!

Мой царь! Мой раб! Родной язык!

Мои стихи – как дым алтарный!

Как вызов яростный – мой крик!

2 – білім алушы: Ты дал мечте безумной крылья,

Мечту ты путами обвил.

Меня спасал в часы бессилья

И сокрушал избытком сил.

3 – білім алушы: Уму и сердцу язык твой проводник,

Без него попадешь ты в тупик.

Язык твой – жизнь твоя, твои мечты,

Ты без него уже не ты.

4 – білім алушы: Язык твой как родная мать,

Которую не унижать нельзя, не оскорблять.

Его ты должен, друг, благодарить

За то, что правильно умеешь говорить.

5 – білім алушы: Родной язык – твоя душа, твой мир, твой луч,

Люби за то, что он могуч.

Язык твой – щит, твое общенье

Не допусти к нему пренебреженья.

6 – оқушы: Не дай повесить родному языку чужой ярлык.

Наследие твое – твоя земля и твой язык

И исказить его невеждам не давай,

Об этом ты, дружок, не забывай.

Хор «С чего начинается Родина?»

1 – білім алушы: The rain is raining all around,
It falls on field and tree.

It rains on the umbrellas here,
And on the ships at sea.

2 – білім алушы: The school has doors that open wide
And friendly teachers wait inside.

Hurry, hurry, let's go in,
For soon the lessons will begin.

3 – білім алушы: Books and pencils I will need,
When I start to write and read,

Lots to learn and lots to do
I like to go to school, don't you?

4 – білім алушы: The woods are lovely, dark and deep.
But I have promises to keep,

And miles to go before I sleep
And miles to go before I sleep.

5 – білім алушы: Many wonderful things to hear, to see,
Belong to you, belong to me!

The sun, the trees, the grass, the sky
The yellow moon that's passing by.

6 – білім алушы: The blowing winds, the birds that sing
Bright autumn woods, gay flowers of spring,

The cold long winter with snow so white,
The running rivers, the stars of night.

Chorus "My Bonnie lies over the ocean"

22 – білім алушы: Қазақ мектептерінде келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүюі шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек.

23 – білім алушы: Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты елін еркін бар бояуымен төгілтіп түсіретін тіл қуатты тіл, қазақ тілі – сондай тіл.

24 – білім алушы: Туған тілім – бабам тілі – өз тілім,

Туған тілім – анам тілім - өз тілім.

Туған тілім – далам тілі – өз тілім.

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілім тіл болудан қалса егер,

Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

II - жүргізуші: Осымен, құрметті қонақтар, бүгінгі біздің мерекелік концертіміз аяқталды. Көңіл бөліп тыңдағандарыңызға рахмет.

Хор «Анамның тілі»

Мазмұны

Кіріспе	3
1. Шағын жинақты мектеп жағдайында үш тілде оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері	6
2. ШЖМ үш тілде оқытуды дамыту жағдайында сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	70
Қорытынды	91
Әдебиеттер тізімі	93
Қосымша	94

Введение

Будущее любой страны формируется и определяется в школе. Это отличает значимость образования от любой другой сферы деятельности. То, что вложено в образование сейчас, прорастет с годами и сформирует будущее нации, народа, страны в целом.

